

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ  
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ

Педагогикалық технологиялар институты  
«Биология және география» кафедрасы

З.З.ДЖОНОВА

Жорықтарды ұйымдастырудың маңыздылығы

Оқу-әдістемелік құрал

Ақтау - 2012

УДК 338.48.(072)  
ББК 75.81 я73  
Д 42

Пікір жазғандар: б.ғ.д., профессор Тоғызаев Р.К.  
П.ғ.к., профессор Нұрмухаметова Р.Ә.  
Б.ғ.к., доцент Сағындыкова Э.У.

Джонова З.З.

Жорықтарды ұйымдастырудың маңыздылығы: Оқу -әдістемелік құрал. –  
Ақтау: Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ, 2012 .– 90бет.

ISBN 978-601-7349-43-1

Бұл оқу-әдістемелік құрал студенттерді туризм және өлкетану негізімен таныстырады. Туризм туралы жан-жақты түсініктер қалыптастырып, мамандыққа кіріспе негізін құрайды. Туристік іс-әрекеттерді ұйымдастыруда көмекші құрал. Бұл оқу-әдістемелік құрал география, туризм, экология мамандығында оқитын студенттерге және жоғарғы оқу орындары оқытушыларына арналған.

УДК 338.48.(072)  
ББК 75.81 я73

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің Оқу-әдістемелік Кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған

ISBN 978-601-7349-43-1

© Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік  
технологиялар және инжиниринг университеті, 2012

## Кіріспе

Ұсынылып отырған оқу құралы педагогика институтының биология – география мамандарына арналып жазылған. Бұл көмекші құрал жас ұрпаққа сапалы білім беру жолдарын және білім берудің әдістері мен тәсілдерін жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Оқу құралы педагогикалық теорияны педагогикалық практикамен ұштастыру үшін көзделген.

Туристік жорықтарды кез-келген уақытта және кез-келген жерлерде жүргізуге болады. Өлкетану жорықтарына байланысты жорық қортындысы бойынша, көптеген іс-шаралар ұйымдастырылады. Болашақ туристік іс-әрекеттерді ұйымдастыруда көмекші құрал. Сонымен бірге жорықтарда кездесетін қауіп-қатер түрлеріде қарастырылған .

Ұсынылып отырған оқу құралы «География – Экология» , «География – туризм» , «География – биология», «География» мамандықтары бойынша мамандар дайындалатын жоғары оқу- орындарының және орта білім беретін оқу орындары үшін дайындалған. Оқу құралын педагогикалық институттардың студенттері мен орта білім мамандықтары және мектептің мұғалімдері де қолдана алады.

“Қазақстан-2030” стратегиялық бағдарламасында еліміздің келешектігі дамуына айқынды бағдар берілгені мәлім. Осы орайда ел экономикасында өсіп-өркендеуіне айтарлықтай үлес қосатын бір сала туризм екеніне бүгінде көз жеткендей. Жиһангерлік және саяхатшылық-адамның танымдық көкжиегін кеңейтетін, қазіргі замандағы ғаламат мүмкіншілігі бар, пайдасы шаш етектен келетін, біз әлі толық игере алмаған саланың бірі екендігі баршамызға белгілі. Бүгінгі туризм, яғни жиһангерлік және саяхатшылық– бұл мемлекет пен қоғамның экономикалық әлеуметтік дамуының, тұлғаның жан-жақты қалыптасуының маңызды факторы. Сондықтан туристік қызмет көрсету рыногында мүдделі министрліктер мен ведомстволардың, уәкілетті орган-дардың, туристік компаниялардың, фирмалардың және жеке кәсіпкерлердің күш мүмкіншіліктерін жұмылдыруға, біріктіруге ықпал жасау - Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі жұмысының күн тәртібінен берік орын алған.

## **I-тарау. Жорықтарды ұйымдастырудың маңыздылығы**

### **1.1.Туристік өлкетану жорықтарының әлеументтік қоғамдық маңыздылығы**

Қазіргі нарық кезеңінің сұранысына қажетті «география-» мамандықтарына білім беру үрдісі үзбей жалғасуда. «география-» мамандықтарға жүргізілетін пәндердің теориялық білім жүйелігімен қатар, оның практикалық іс-әрекетін туристік-өлкетану жорықтары арқылы студенттерге танымдылық білімін қалыптастыру жағдайы өз нәтежесін беруде.

Осыған орай кез-келген туристік іс-әрекет кең мағынада туристік қызметті тұтынушы және олардың жанұясы мүшелеріне туристік жорық және экскурсиялық арқылы туристік-экскурсиялық, дене тәрбиелік-сауықтыру, мәдениеті-бұқаралық қызмет етуге бағытталған белсенді демалыс ұйымдастыруды көздейді. Ауқымды мағынада туристік іс-әрекеттің негізінде жорықтардың, саяхат жасаудың, туристік жарыстардың, жорыққа дайындықты оқытудың, бағдарлау тәсілдерін, өлкетану негіздерін және туризмнің басқа да элементтерінің бірнеше түрлерін ұйымдастыратын және туристік жұмыстың дұрыс жүргізілуін қамтамасыз ететін, соның ішінде жорықтардың кестесі мен желісін құру, лагерь алаңдарын ұйымдастыру, туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларды қоғамдық пайдалы жұмыстарға қатыстыру және тағы басқа шараларды атқарумен түсіндіріледі.

Туристік жорық туристерді табиғатпен, табиғи байлықтармен, мәдени-тарихи ескерткіштермен таныстырады, дене шынықтыру, спорт және туризмді тұтынушылардың күнделікті тұрмысына енгізуге септігін тигізеді. Сондай-ақ оларды физикалық дамытады және рухани байытады, ой-өрісін кеңейтеді, отансүйгіштікке тәрбиелейді, ұжымдастық, тәртіптілік, табандылық, шыдамдылық сияқты сапарларын дамытады.

Туризмнің көп түрлігіне қарай туристік-өлкетану жорықтардың біздің өмірімізде бос уақытты ұтымды өткізуде рөлі зор. Олардың маңыздылығына қарай талдайтын болсақ:

1. Туристік жорықтың танымдылық маңызы. Туристік жорықтарға қатысу арқылы біз жаңа жерлер, елді мекендер көріп, танымымызды, көзқарасымызды ұлғайта аламыз. Біз білмейтін еліміздің елеулі де, маңызды жерлері өте көп. Туристік жорықтар арқылы адамның рухани ой-өрісі мен дүниетанымы кеңейеді, адам аяғы баспаған сүрлеу соқпақтарымен жүре отырып, көптеген қызықтарға кенелуі мүмкін. Мүсінші табиғаттың қолымен жасалған сыйлары- аңға жануарларға ұқсаған тастар, небір қиюласқан тас мүсіндерге, таудан құлап аққан кәусар бұлақтарға куә болып, оларды табиғат сыйы деп қабылдауымыз керек.[1]

2. Туристік жорықтардың оқу-тәрбиелік маңызы. Туризм ең алдымен география ғылымымен байланысты, өйткені география аумақтық жеке ерекшеліктерді, оның ішінде туристік ресурстар мен нысандардың белгілі бір аумақта таралу ерекшеліктерін зерттейді. Одан басқа география ғылымы географиялық-зандылықтарды (зоналық, температураның жер беті бойынша

таралуы, күн радиациясының жер беті бойынша таралу мөлшері және тағы басқалар) зерттеумен айналысады. Екіншіден, туризм тарих ғылымымен де байланысты, өйткені туристер, туристік топтар, саяхаттар, экскурсиялар кезінде тарихи ескерткіштермен және әр түрлі туристік нысандармен танысады, халықтық тарихи кезеңдерімен таныс болады. Сонымен қатар, туристік жорықтарға қатысы отыра, қазіргі жас жеткіншектер белгілі деңгейде оқу-тәрбиелік білім алады.

3. Спорттық маңызы және оның денсаулыққа пайдасы. Туризмнің барлық түрі спорттық дайындықты талап етеді. Спорттық туризм өз кезегінде биологияның физиология ғылымымен өте тығыз байланысты. Туризмнің белсенді түріне, туристік жорықтарға, әсіресе көп күндік категориялы немесе спорттық жорықтарға дайындық кезінде және жорықтардағы энергия шығыны мен тамақтануды ескеру, есептеу өте маңызды. Осы жағдайда және жорықтарға дайындық кезінде ағзаның жеке жасқа, жынысқа, дене саулығына және тағы басқа ерекшелігі мен ағзада жүретін физиологиялық процестер; ас қорыту, тыныс алу, қан айналу, зат алмасу, зәр шығару және шаршау процесі есепке алынып, сауықтыру жұмыстары жүргізіледі. Мұндай жорықтардағы іс-әрекеттер жорыққа шығатын топ мүшелерінің тыйанақты спорттық дайындығының нәтижесі болып табылады.[2]

4. Ұлттық бағытта тәрбие беру. Туристік-өлкетану іс-әрекеттер арқылы өскелең жас ұрпаққа өз елімізде, туған табиғатымыздың көркем айшықтарының негізінде ұлттық тәрбие, діни тұрғыдан халықтық сана-сезім, наным іс-әрекеттерін қалыптастырумыз керек. Ұлттық тәрбие дегеніміздің өзі патриоттық, яғни Отансүйгіштік тәрбиемен тығыз байланысты. Әрбір азамат Қазақстанды туған отанымыз деп қабылдап, оған деген сүйіспеншілігін білдіре отырып, елінің дамуына үлес қоса білсе, туристік жорықтарда биік шыңдарды бағындыра отырып ұлттық нақышта бейнеленген төл туымызды желбірете қадап, келер ұрпаққа үлгі бола білуіміз керек. Қазақ халқы ерте заманнан-ақ діни тұрғыда ағын суға, жүйіткіген желге, көк аспанға, отқа табынған. Сондықтан табиғатқа икемделу, қоршаған ортаға аса құрметпен қарау бүгінгі күнге дейін өз жалғасын табуда. Туристік жорықтарды ұтымды ұйымдастыру мен жүргізу ел экономикасының маңызды тармағы. Сондықтан туризм қоғамдық құбылыс және сала ретінде экономикамен, экономика ғылымымен тығыз байланысты. Себебі туризмнің өзі шаруашылықтың, экономиканың бір саласы болып есептеледі. Туризммен ақша, өндіріс, сауда қатынастары байланысты. Туризм арқылы мемлекеттік бюджетке пайда түседі. Ол үшін туристік жорықтар мен іс-шараларды жиі ұйымдастырып отыруы керек. Туристік сала бойынша жарнамалық қызмет жүзеге асады және туристік фирмалар, туристік операторлар, туристік агенттер, туристік нұсқаушылар өзіндік жұмыс атқарады.

Жалпы, туризмді жан-жақты қарастыруға болады. Туризм – шаруашылықтың да спорттың да бір саласы. Ол арқылы бір жағынан жергілікті халықты жұмыс орнымен, кәсіппен қамтамасыз етсе, екінші жағынан халықты мәдени демалысқа үйлестіруші болып табылады.[3] Табиғат бойынша өткізілетін зерттеу, бақылау жұмыстарынан өлкетанудағы

үшінші бақыты табиғаты қорғау жергілікті жердегі өлке территориясындағы адам қоғамы әсерінен болатын өзгерістерді зерттеу. Өлке территориясындағы жалпы экологиялық ситуацияны анықтап , оған баға беру қажет. Дағдарыс алдындағы және экологиялық дағдарыс жағдайындағы аудандарды есепке алып, олардағы дағдарыс деңгейімен ауқымын талдау, дағдарыстың шығу себебіндегі горизонталь территориялық әсерін анықтау, өлке территориясы табиғатының өзгеруі деңгейіне баға беру және бұл өзгерістерге әсер еткен факторларды тіркеу қажетті іс шаралар болып табылады. Экологиялық өзгерістерге зерттеу көбіне жеке табиғат кешендерінде жүргізіледі немесе жеке компонентер бойынша жүргізілуі мүмкін. Бұл бағыттағы жұмыстар негізінде табиғаттағы сирек кездесетін нысандардың өлке территориясы бойынша таралуы анықталады, оларды қорғауға байланысты іс шаралар белгіленеді. Экологиялық бағыттағы зерттеу жұмыстарының бірі су нысандарын, өзендер мен көлдердің, әсіресе , шағын өзендердің ластануы жағдайын анықтап , қортындылау. Бұл жерде ластану көздерін табу маңызды мәселе.

Өлкетанудың екінші бір зерттеу нысаны немесе мақсаты өлкенің шаруашылығы, онда тұрып жатқан халықтардың кәсіптік ерекшеліктерін анықтау. Бұл мәселе бойынша қаралатын нәрселер өлке аумағында шаруашылықтың қай салалары басымдау дамыған? Өнеркәсіптің және ауыл шаруашылығының қандай салалары басым? Барлық қалған территорияға әсерін тигізетін ірі өнеркәсіп орталықтары бар ма? Өлкедегі шаруашылықтың негізгі салаларына жататын және басқа да ірі кәсіпорындар, зауыттар, фабрикалар, фирмалар, транспорт мекемелері өлке территориясының табиғи ерекшеліктерінің шаруашылыққа тигізетін әсері. Көрші региондар мен шаруашылықтың байланыстар. Шығатын пайдалы қазбалар, олардың маңызы, пайдалану жолдары, өлке территориясындағы транспорттық құрылым. Зауыттар мен фабрикалардың шикізат көздері, өлкенің қуатпен қамтамасыз етілуі. Кәсіпорындардың болашақ даму мүмкіндіктері, өнеркәсіптің таралу схемасы.

Белгілі бір территорияда, өлкеде тұрып жатқан халықтардың кәсібі жеке аумақтық айырмашылықтарға негізделеді. Бұл айырмашылықтар табиғат жағдаймен, тарихи ерекшеліктермен т.б.. жағдайлармен анықталады. Өлкетанудың міндеті осындай айырмашылықтарды табу. Бұл жөнінде Қазақстан және дүние жүзі бойынша көптеген мысалдар келтіруге болады. Қазақстан бойынша қазақша текемет, кілемдер негізінен үш облыс аумағында (Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл) жасалынады. Ауғанстан халықтарының кейбіреулері керуен жолдарында тасымалдаушы жолсерік кәсібін меңгерген. Тибетте, Неапалда тұратын шерп халқы басқа шаруашылық, кәсіп түрлерімен қатар саяхатшылар мен альпинистерге жол көрсетуді кәсіп етеді. Вьетнамдағы таулы жер халықтарының (тхай, мео, пуон, яо, уни, т.б) жазық жердегі вьетнамдықтарға қарағанда егетін күріш сорттары басқа (құрғақшылыққа төзімділеу) және террасаларда егеді, бұдан басқа олар аңшылықты кәсіп етеді (әсіресе мео).

Өлкетану бойынша орындалатын бақылау, зерттеу жұмыстарының келесі үлкен тобы белгілі бір өлекенің онда мекендейтін халықтардың тарихы, тарихи аңшылар, археологиялық орындар көне қалалар қалдықтары, қорғанда, ескі кен орындар, жартастардағы бейнелер т.б. түрінде болуы мүмкін. Археологиялық орынның орналасқан жері, ең жақын деген мекенге дейінгі қашықтық анықталады. Бағалы, тарихи құнды заттар табылуы мүмкін. Мәдени қабат басты назарда болады. Өлке территориясындағы сақталынған көне қалалардың археологиялық орындардың бұрынғы сауда жолдарының (мысалы, ұлы жібек жолы) бойында орналасу жағдайы ескерілуі тиіс. Археологиялық орындарды зерттеу кезінде олардың жеке ерекшеліктеріне көңіл бөлінуі керек. Мысалы, әр бір көне қалалардың рабаттары (қала кварталдары) шаһирстандары (цитадельдері) көлемі, сипаты жағынан әр түрде болуы мүмкін. Қала қақпалары да керуен жолдарына байланысты түрлі бағыттар бойынша орналасады. Жергілікті археологиялық жерлерді зерттік кезінде олар туралы мұражайларда қойылған экспонаттарды пайдалануға болады. Тариха орындардың оның ішінде археологиялық орындардың ішінде бұрынғы адамдар мекендеген үңгірлер олардың сипаты, қай тарихи кезеңге (палеолит, мыс ғасыры, темір ғасыры т.б. ) жататындығы айқындалады. Өлкенің археологиялық картасын жасауға көңіл бөлініп, оған өлке территориясы бойынша орналасқан барлық орындар түсіріліп белгіленуі керек. Археологиялық орындарға жататын келесі бір нысан көне суару каналдары. Егер өлке территориясында мұндай жерлер кездесетін болса олардың ерекшеліктеріне, сақталу деңгейіне көңіл бөлу қажет.

Өлкетанудың тариха тақырыптар бойынша зерттеу нысандарының келесі тобы тариха ескерткіштер (мазарлар, мешіттер, көне құрылыс орындар, минареттер, шіркеулер, храмдар, монастырлар, синагоктар, пагодалар, т.б) өлкетану бойынша зерттеулерде кешенді тарихи орындар (тарихи кешендер) ерекше маңызға ие болады. Ондай жерлерге архитектуралық ансамбльдер, тарихи орындар орталықтары көне қалалар кварталдар, көне алаңдар көшелер тобы жатады. Кейбір қалаларда қаланың тұтастай бөліктері кварталдары бұрынғы орта ғасырлық архитектуралық бейнеде. Көріністе сақталған (Талинн, Рига, Венеция, Флоренция, т.б.)

Тариха тақырыптағы зерттеу жұмыстарына сондай ақ белгілі бір территорияды тарихи кезеңдерде болған, жалықтың өмірімен тығыз байланысты болған оқиғалар жайлы деректер жинау, тарихи мемориалдық орындарды анықтап, тіркеу (Солтүстік Кавказдағы Пушкин мен Лермонтов өмірбаянына байланысты Санкт Петербург, Псков облыстарындағы Пушкин есімімен байланысты Қазақстанның алматы облысындағы Шоқан Уәлиханов байланысты орындар т.б. Тарихи өлке тану мұражай экспонаттарымен танысу т.б жатады. Жалпы айтқан кезде тарихи тақырыптар бойынша зерттеу бақылау деректер материалдар жинаумен айналысатын өлке танудың жеке арнайы түрі бар. Ол тарихи өлке тану деп аталады. Жоғарғыда айтылып көрсетілген міндеттер атқарылатын жұмыстар осы тарихи өлке тануға тән. Өлкетанудың келесі зерттеу нысаны өлке аумағында тұратын мекендейтін халықтардың этнографиялық немесе ұлттық ерекшеліктері, демографиялық

жағдайы, топонимикасы. Жергіліктің халықтардың ерекшеліктерін зерттеу кезінде сол халыққа және ең көп таралған тартымды мақал мәтелдерді, әр өлеңдерді, қол өнер, оның ішінде ағаштан ойылып салынатын бұйымдар, шашақ, кесте түрлері, ойыншықтар, ыдыстар жасау, аяқ киім тігу мата және клемдік бұйымдар әр түрлі әсемдік бұйымдар т.б. заттар Туристік өлкетану жорықтарының әлеументтік қоғамдық маңыздылығы.

Қазіргі нарық кезеңінің сұранысына қажетті «география-» мамандықтарына білім беру үрдісі үзбей жалғасуда. «география-» мамандықтарға жүргізілетін пәндердің теориялық білім жүйелігімен қатар, оның практикалық іс-әрекетін туристік-өлкетану жорықтары арқылы студенттерге танымдылық білімін қалыптастыру жағдайы өз нәтежесін беруде.



## 1.2. Өлкетанудың зерттеу нысандары

Өлкетану – белгілі бір өңірдің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын, мәдениетін зерттеумен шұғылданатын ғылым мен мәдениет саласы; шағын аумақтың табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын және мәдениетін, елді мекендерін олардың таяу төңірегімен қоса зерттеу. Салалық өлкетану (тарихи, этнографиялық, топонимиялық және т.б.), табиғи және әлеуметтік құбылыстардың өзара байланысын зерттейтін кешендік географиялық өлкетану болып бөлінеді. Өлкетанудың негізгі әдісі - аумақ туралы ақпаратты, табиғи үлгілерді (геологиялық, топырақ, биологиялық, зоологиялық), материалдық мәдениет заттарын және т.б. деректерді жинау және жүйелеу.

Қазақстанда өлкетану патшалық Ресейдің қазақ даласын отарлау мақсатында алдын ала арнайы әскери экспедициялар шығарып, ғылыми-танымдық зерттеулер жүргізу шеңберінде енді. Ресей өкіметі 18 ғасырдың 2-жартысында қазақ жері, халқы, шаруашылығы және этнографиясы бойынша зерттеу жүргізу үшін алғашында Солтүстік және Батыс Қазақстан, кейінірек Орталық Қазақстан аумағына экспедициялар ұйымдастырды.

Қазақ өлкесін зерттеу жұмыстарына И.И. Лепехин, П.С. Паллас, П.И. Рычков, И.К. Кирилов, В.Н. Татищев, А.И. Левшин өз үлестерін қосты. Қазан төңкерісіне дейін 19 ғасырдада Қазақстанның ғылыми-танымдық Өлкетануында Орыс география қоғамының 1868 жылы құрылған Орынбор бөлімшесі жетекші орын алды. Бөлімше өлкенің географиясын, тарихын, этнографиясын, қазба байлықтарын және статистикасын зерттеумен айналысты. Бұл бөлімшемен қатар Торғай статистика комитеті мен Орынбор ғылыми архив комиссиясы (1887) ашылды. Бұл өлкеде атқарылған жұмыстарға Ы.Алтынсарин, С.Бабажанов, Б.Дауылбаев, Т.Сейдалин, С.Жантөрин, т.б. өз үлестерін қосты. Өлкетанудың тағы бір орталығы Орал қаласы болды. Онда Орал казактарының тарихы мен шаруашылығына, балық аулау кәсібі мен шаруалардың қоныстану мәселесіне көбірек көңіл бөлінді. Омбы қаласында жергілікті жерді зерттеушілер Ақмола статистика комитетінің жанындағы география қоғамның бөлімшесіне бірікті. Батыс Сібір Өлкетану қоғамдарына қазақтардан Ш.Уәлиханов, Ә.Бөкейханов, т.б. белсене қатысты. 19 ғасырдың аяғында Батыс Сібір география қоғамы бөлімінде саяси жер аударылғандар көп болды. Солтүстік Қазақстанды зерттеуде Өлкетану қоғамдары өлкенің тарихы, экономикасы, табиғи жағдайлары жөнінде едәуір материалдар жинап, жариялады. Өлкетанушылар этнография, жергілікті өсімдіктер және жануарлар дүниесі, минерология бойынша бай экспонаттар жинақталған жергілікті мұражай құрды. Бұл Қазақстанда ғана емес, бүкіл Сібірге де мәлім мұражайлардың бірі болатын. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан өңірін зерттеумен 1896 жылы Ташкент қаласында ұйымдастырылған Ресей география қоғамының Түркістан бөлімшесі, сондай-ақ ауыл шаруашылық қоғамы, Шығыс археологиясы мен тарихы үйірмесі белсенді айналысты. Қоғамдарда Е.Букин, Н.Жетпісбаев,

Ә. Диваев, І. Қостанаев зерттеулер жүргізді. Жетісуға П. П. Семенов-Тянь-Шанский, кейініректе А. Н. Краснов, А. Ф. Голубев, М. И. Венюков экспедициялық сапарлар жасады. Сонымен қатар 1896 жылдан жұмыс істей бастаған “Дала облыстарын зерттеу жөніндегі экспедиция” Ресейдің ішкі губернияларынан келетін шаруаларды қоныстандыру үшін өлкенің барлық уездерін табиғи-тарихи және шаруашылық-статистикалық жағынан зерттеуге баса көңіл бөлді. Ғылыми-танымдық материалдардың қорын жасауда, оларды жарыққа шығаруда облысы статистика комитеттері үлкен рөл атқарды. Қазақстанды басқару саласындағы әкімшілік реформаларға байланысты 1886 жылы статистика комитеті “Қазақтардың заңдық ғұрыптарын зерттеуге арналған материалдарды” басып шығарды. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін Қазақстанда Өлкетанудың тұрақты ғылым мекемелері мен ғылыми-зерттеу интернаттары, қорықтар ұйымдастырылды. Өлкетану бойынша Қазақстанды зерттеу қоғамы аясында және Кеңес өкіметінің Қызыл керуен, Қызыл отау шараларының негізінде көптеген жұмыстар атқарылды. Бұл кезеңде негізінен Қазақстанның табиғи ресурстарын игеру, шикізаттың жаңа көздерін ашу, индустрияландыру, елдің бет-бейнесін түбірінен өзгерту, кеңестік шаруашылықтар мен мәдени құрылыс бағдарламасын іске асыру мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Қазақстан Өлкетануында Қ. И. Сәтбаев, Ә. Х. Марғұлан, т. б. қомақты еңбектер атқарды. Бірқатар тұрақты және маусымдық экспедициялар Қазақстанның жер қойнауын, өсімдік, жануарларын, жалпы табиғатын кешенді зерттеу және тарихи-археологиялық қазба жұмыстарын жүргізумен қатар жергілікті халықтың мәдениетін, тілін, өнерін, ауыз әдебиеті үлгілерін жинастырумен де айналысты. 1973 жылы Кеңес Одағы жергілікті халықтар өлкесінің тарихын, экономикасын, мәдениетін, табиғатын зерттеп білуге қатысты арнайы Бүкілодақтық туристік экспедициялар ұйымдастырылды. Туристік-өлкетану үйірмелері жұмыс жасады. Өлкетанудың жергілікті орталықтары ретінде тарихи-өлкетану мұражайлары, мәдениет үйлері, түрлі үйірмелер құрылды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері жергілікті жерлердегі Өлкетану мекемелерінің ісін жандандыру, бұрынғы жер-су атауларының шығу тегін зерттеп, қалпына келтіру, халыққа көп танымал емес бай мұраны жинастыру, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғауға алу ісі қолға алынды. Жергілікті жерлерде облыс, аудан Өлкетану мұражайлары жұмыс істейді. Қазақстанның әр өлкесіне арнайы ғылыми-зерттеу экспедицияларын ұйымдастыру да ілгері дамуда.

Жергілікті материалдарды биология, туризм, география, экология пәндерінде қолданудың үлкен тәрбиелік мәні зор. Өз өлкесінің табиғи байлықтарымен танысуы, олардың өңделуі, және ауыл шаруашылығындағы практикада қолдануы оқушының ой өрісін кеңейтеді, олардың танымдық қабілетінің дамуы үшін кеңінен қажеттігін ашады, туған өлкесінің табиғатына деген сүйіспеншілігін арттырады. Аймақтық материалды жүйелі түрде оқытуда пайдалану оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады. Ойлау өнерін дамытып, ауызша сөйлеу процестерін арттыра түсетіні анық. Өлкетану материалдарын сабақта пайдаланғандағы жететін ең үлкен жетістік – айналаны, қоршаған сыртқы ортаны қорғаудың қажет екені

бірден айқындала түседі. Әр мектеп өз атамекенінің жай-күйін, тыныс-тіршілігін зерттеуді назардан шығармаса дейміз. Келер ұрпаққа табиғатты қаз-қалпында жеткізудің жолдарын ертерек ойластырып, оқушыларды табиғат әсемдігін, ондағы бар дүниелерді аялап қорғай білуге баулу - әрбір ұстаздың абыройлы борышы.


Өлкетану – бұл туған өлкенің тарихы, табиғаты мен экологиясы, экономикалық, әлеуметтік-құқықтық дамуы, рухани шыққан тегі, әдебиеті және көркемөнері. Жаңа бөлім өте жас, бірақ орталық мамандары әртүрлі жұмыс түрінің көмегімен, кітапхана -рухани өмірдің орталығы екенін одан әрі дәлелдей отыра, кітапхананы өлкетанушылармен, қоғамдық қайраткерлермен және басқа да танымал адамдармен кездесу орны ретінде пайдалана отыра, Кенді Алтайдың мәдениетті дәулетін насихаттайды.

Әр адамның көкейінде ата-бабалары мен өзінің туып-өскен жеріне деген сүйіспеншілігі сақталады. Жас ұрпақтың елдің мәдениеті мен ғылымына зор үлес қосқан атақты да танымал Өскемендіктермен кездесуге мүмкіндігі бар. Бұл жерде Өскемен қаласы туралы, оның көшелері мен саябақтары туралы қызықты әңгіме естуге, ғимараттардың, үйлердің құпиясын ашуға, қаланың сан-алуан сәулетті әлемін көруге болады.

Өлкетану — белгілі бір жердің, қаланың, елді мекеннің бір бөлігін оқып білу. Туған өлке тақырыбындағы кітаптар аз болғандықтан кітапхана қызметкерлері ақпарат ағынынан елеп-екшеп, оқырман сұранысына сәйкес бірнеше әдістемелік құрал шығарып үлгерді: атай кетсек, Өскемен қаласының 290 жылдығына арналған «Шығыстың шырайлы шаһары», О.Бөкейге арналған «Алтайдың асыл жыршысы», жас зерттеушілердің шығармашылық жұмыстарынан құралған «Мен өлкемді зерттеймін!», «ҰОС-65 жылдығына» сериясымен «Т.Тоқтаров», «Шығыс Қазақстан жазушылары балаларға», сондай-ақ мерейтойлар иелері Е.Курдаков, П.Васильевке арналған басылымдар оқырмандар кәдесіне жарауда.

Өзіндік тарихы жоқ өлке болмайды. Адамзат алдында тұратын ұлы міндет - өзінің өмірін жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеу. Өлкеміздің тарихы мен өнерін жинақтап зерттеудің мол тәжірибесі негізінде болашақ ұрпақты тәрбиелеудің қажеттілігі арта түсуде. Әсіресе, туған жеріміздің саңлақтарымен өткізілген кештер мен кездесулер, танымдық сабақтар - туған өлкеге деген сүйіспеншілік сезімін оятумен қатар, өз ата-бабаларын мақтан етуге шақырады. Өскемен қаласындағы танымал әдебиет, мәдениет, өнер иелерімен, суретшілермен және спортшылармен таныстырудың, яғни, кіші отанға деген махаббат пен азаматтық борышты өтеуге баулудың маңызы зор.

«Өлкетану өзінің туған жерінді аялауды, сүюді ғана үйретіп қоймайды, сондай-ақ ол туралы білуінді, тарихқа, өнерге, әдебиетке деген қызығушылық танытуға, мәдениет деңгейін көтеруге үйретеді», - деп академик Лихачев Д.С. айтқан екен.



### 1.3. Қазақстанда өлкетанудың зеріттелуі.

Өлкетану дегеніміз көлемі жағынан шағын белгілі бір аумақтарды (аудандар, облыстар, өлкелер т.б) жан жақты оқып білумен, зерттеумен айналысатын жұмыстардың жиынтығы екені белгілі. Өлкетанудың зерттеу нысандарын, жалпы өлкетануды кешенді бір бірімен байланысты дүние ретінде қараған жөн. Өлкетану бойынша жүргізілетін зерттеулер мен бақылаулар шаруашылықтық, ғылыми, әлеуметтік тағы да басқа арнайы тапсырыстар түрінде болуы мүмкін және сол жер үшін тікелей практикалық маңыздылыққа ие болады. Өлкетанудың зерттеу нысандарын салыстырмалы түрде топқа бөліп қарауға болады: өлкенің табиғатын, табиғи ерекшеліктерін, жеке табиғат компоненттерін (геология, жер бедері, рельеф, гидрографиясы, климат немесе ауа райы, топырақ және өсімдік жамылғылары, жануарлар дүниесі) олардың қоғамы әсерінен өзгерту деңгейі мен сипатын және табиғатта жүретін басқа да үрдістерді (мысалы, үрдістер) зерттеу; өлкенің шаруашылығын, онда тұрып жатқан халықтардың тарихы жайлы, тарихи оқиғалар жайлы деректер, экспонаттар жинау, өлке территориясындағы археологиялық орындарды (көне қалалар қалдықтарын), тарихи ескерткіштерді, олардың ерекшеліктерін оқып тану және оларды халық тарихымен тарихи кезеңдерімен байланыстыру. Халықтың этнографиялық немесе ұлттық ерекшеліктерін, демографиясын, топонимикасын зерттеу. Белгілі бір территорияда мекендейтін халықтардың ұлттық ерекшеліктеріне олардың тілі, діні, салт дәстүрі, фольклоры, халықтың өнері (қолөнер), музыкалық мәдениеті т.б. жатады.

Өлкетанудың жеке түрлері бойынша зерттеу немесе бақылау мақсаты ір түрлі болады. Мемлекеттік және қоғамдық өлкетану бойынша зерттеу көбінесе практикалық нақты мақсаттар үшін (мұражайлар құру, шаруашылықтың тапсырыстар т.б.) жүргізіледі және бұл өлкетану түрлері үшін қолданылатын жұмыс формалары. Негізінен экспедициялар және мұражай жұмыстары болып табылады. Кейбір мұрағат құжаттары мен баспа материалдарына сүйенсек революцияға дейін де Қазақстанда мектеп, өлкетану элементтерінің болған байқауға болады:

ф. Қазақ ССР ы орталық мемлекеттік архивінен Торғай облысы халық училищесі директоры. Екі кластық мұғалімдер бағдарламасы ісі жылы. Бұл материалдар Торғай облысы кейбір мектептерінде өлкетанудан (революцияға дейін бұл атау отантану деп аталған) арнаулы сабақтардың өткені куәландырылады. Шындығында бұл мектептерде «Отантану» оқу пәніне қойылатын барлық талаптар орындалмаса да, кейбір өлкетануға қажетті білімдер мен іскерліктер: компасты пайдалану, план, карта, сонымен қатар өткенді оқып үйренуге қажетті тақырыптар берілген:

ф. Қазақ ССР ы орталық мемлекеттік архиві Ақтөбе мұғалімдер семинариясы ісі оқу жылы бағдарламасы. Бұл архив материалына сүйенетін болсақ осы аталған оқу орнында семинарияның екінші сыныбында география сабағы өткенде өлкетану материалдары төменгі нашар жағдайда болса да сабақта пайдаланғанын байқаймыз:

революцияға дейінгі баспа материалдары оқу орындарындағы оқу экскурсияларының ұйымдастырылығандары туралы мәліметтер береді. Мысалы, «Семипалатинский край газеті ( жыл қаңтар) оқушылардың өнеркәсіп нысандарына оқу экскурсиялары туралы жазады.

Сонымен қатар өлкетанудан Қазақстандағы ең алғашқы кітап өлкетанушы педагог А.Н.Седельниковтың отантанудан Ақмола облысы бойынша арнаулы оқу құралының жылы шыққанын айта кетуге болады.

1. Қаз ССР ы ОМА, ф оп д
2. Қаз ССР ы ОМА, ф оп д

Мектеп өлкетануы бойынша зерттеулер мен бақылаулар жан жақты тәрбие беру, мектеп оқу бағдарламасымен байланысты көптеген пәндер (олардың ішінде ең алдымен география, биология, тарих)бойынша білімдерін нақтылау, жетілдіру үшін керек. Өлкетануға байланысты білім беру, зерттеу нысандарымен танысу кезінде, оқу бағдарламасымен байланыссыз болуы да мүмкін, ондай жағдайда білім беру оқушылардың белгілі бір пән бойынша алған білімдерін кеңейтуге бағытталады. Өлкетану бойынша тәрбие және білім беру барлық жағдайларда нақты, жергілікті жер ерекшеліктеріне негізделеді. Мектеп өлкетануында қолданылатын зерттеу тәсілдері әр түрлі. Олардың ішінде негізгілері экскурсиялар, экспедициялар және туристік жорықтар.

Зерттеу нысанының бірінші түрі, яғни табиғат тақырыбына байланысты жұмыстар, белгілі бір жердің табиғатын оқып білу бағытта болады: жеке табиғат компоненттері бойынша зерттеу; табиғат кешендерін тұтастай оқып үйрену немесе зерттеу. Табиғаттағы адам қоғамы әсерінен болатын өзгерістерді зерттеу.

Жеке компоненттер бойынша өлке табиғатын білу, зерттеу, оқып үйрену нысандарының бірі жергілікті жердің немесе нақты бір территорияның геологиялық құрылымы. Анықталатын мұндағы мәселелер: жергілікті жердің геологиялық құрамы (қандай геологиялық жыныстардан тұрады?), ол жерлерде кездесетін минералдар түрлері, пайдалы қазбалар, олардың құндылығы және пайдалану жолдары. Геологиялық жұмыстарды өлкетану мақсатында орындау үшін қолайлы жерлер кристалды жыныстардың жер бетіне шығып жатқанорындар, үңгірлер. Тау жыныстарының кристалдық, метоморфоздық және шөгінді жыныстық түрлері қаралып, талданады, мысалдар келтіріледі. Геология тақырыбы бойынша ерекше орын үңгірлер. Белгілі бір өлкедегі үңгірлер ерекшеліктерін, олардың пайда болу жолдарын білу, оқып үйрену қажет. Вулкандық тау жыныстары мен кратерлерде геологиялық зерттеу нысаны болады. Теңіздер мен ірі көлдер болатын болса, олар теңіз геологиясына байланысты қаралады. Геологиялық бақылаулар мен зерттеу жұмыстарының келесі нысандары жергілікті жерлердегі минералдық және термелбтық бұлақ көздері және олардың емдік қасиеттері мен шаруашылықтық маңыздары.

Жеке компоненттер бойынша жергілікті жердің табиғатын оқып үйренудің келесі тақырыбы жергілікті жер пішіндері (тау, жота, тауаралық аңғар,

тауаралық қазан, шұңқыр, төбелер, сайлар, сілемдер, шоқырлар т.б.) олардың пайда болу жолдары қаралады. Жергілікті пішіндердің жеке, өзіндік ерекшеліктеріне сипаттама береді. Абсолюттік және салыстырмалы биіктіктерге тау жоталарының жату бағытына беткейлердің көлбеулік дәрежесіне жалпы жағдайының жеке формалардың ерекшеліктерінің шаруашылыққа тигізетін әсеріне көңіл бөлінеді.

Гидрология бойынша шағын, әлі онша зерттелінбеген өзендер мен көлдер, олардың сипаттамасы берілу керек. Бұл шаруашылық, табиғатты қорғау, туристік т.б. мақсаттар үшін жасалынады. Бұл жердегі айтылатын мәселе, гидрологиялық нысандар (өзендер, көлдер, су қоймалары т.б.) оларды қоршаған территориялармен байланыстыра қаралуы тиіс. Өзендер олардың аңғарларының элементтері ( арна жай алма террасалар) сипты мен кешенді қаралады. Су режиміне, шаруашылықтың маңыздылығына көңіл бөлінеді. Биік таулы аудандарда, мұздықты жерлерде, гляциологиялық зерттеулер мен бақылаулар жүргізуі мүмкін. Бұл платиналар туристік спорттық кешендер т.б. құрылыстар салу үшін маңызды. Су нысандарындағы тіршілік назардан тыс қалмауы керек. Кейбір жерлерде жер асты сулары, олардың жер бетіне шығу жағдайы, өзендермен көлдер зерттелінеді. Егер батпақты участок тоқтар болатын болса батпақтарға сипаттама беріледі. Өзен торының жүйелігі мен өзендер бассейндерге көлемін анықтау керек. Гидрологиялық экскурсиялар экспедицисалар кезіндегі маңызды тақырыптардың бірі-өзен аңғарының геологиялық құрылымы. Бұл тақырып бойынша жергілікті жердің геологиясын өзен ерекшеліктерімен және су режиміне байланысты үрдістермен қоса, жалғастыра қаралу жүзеге алады. Белгілі бір жердің климатына немесе ауарайына байланысты. Тақырыптар төмендегіндей мәселелерді қамтыиды. Өлке климатының ерекшелігі территория орналасқан климатын белдеу. Жергілікті жердің ауарайынан элементтерімен олардың сипаты ( ауарайы элементтеріне жауын-шашын мөлшері радиация жел температура жатады). Микроклимат жергілікті жер ерекшеліктеріне байланысты пайда болатын желдерге, олардың жылдамдығына , бағытына көңіл бөлінеді. Шағын табиғат кешендердің (батпақтар, торғайлар, шағын көлдердің жағалары т.б.) бойында қалыптасатын микроклиматпен ол байланысты болатын локальдық факторлар бақылау назарында болу тиіс.

Топырақ жамылғысы бойынша өлке орналасқан табиғат зонасы, онда кездесетін топырақ түрлері мен олардың қысқаша ерекшеліктері байқалады зерттеледі. Бұл мәселе бойынша топырақ түрлері ( нақты бір территориядағы топырақ түрлері). Климатпен, оның ішінде, әсіресе жауын шашын мөлшері мен сол топырақта өсетін өсімдіктермен сипатымен байланыста қаралуы керек.

Өлке танудың табиғи тақырыптарға байланысты келесі зерттеу нысаны өсімдік жамылғысы. Бұл компонент бойынша территория орналасқан табиғат зонасы, онда кездесетін өсімдіктер мен түрлері топтар биосеноздар қамтылады.

Жануарлар дүниесі бойынша өлке территориясында кездесетін жануарлар түрлері мен топтары, олардың мекен ету орталары анықталады. Жануарлар

дүниесі және өсімдік жамылғысы туралы мәселе қозғалғанда олардың шаруашылықтық маңыздығы алдыңғы қатарда тұруы қажет. Бұл, әсіресе, кәсіптік аңдар балықтар түрлеріне жайылымдық жерлермен орман және олардың қорғауға алуға қатысты.

Жеке компоненттер бойынша белгілі бір территорияның өлкенің сипаттамасын беру кезінде компонент аралық өзара байланыс тырады, оларды ескеру қажет. Жеке компоненттерді бір бірімен байланыстыра қараған жөн. Өйткені бір компоненттің ерекшелігі нақты белгілі бір жерде оған байланысты болатын екінші бір компонент ерекшелігіне негізделеді. Осы байланыстықтардың, яғни жеке компоненттер арасындағы байланыстықтардың бәрі жиылып, белгілі бір өлкенің табиғи ерекшелік пен өзгешеліктерінен көрініс табады. Мысалы, жауын шашынның және температураның белгілі бір жерде таралуына сол жердің рельеф жағдайы әсер етеді. Бұлар, яғни рельеф жағдайын, мөлшері жауын шашын мөлшерімен температуралық режим, өз кезегіндегі, топырақ, жамылғысы мен өсімдіктер дүниесінің, жануарлар түрлерінің таралуын анықтайды.

Табиғат бойынша жүргізілетін зерттеу, бақылау жұмыстарының келесі үлкен тобы немесе бақыты табиғат кешендері. Бұл бағыттағы жұмыстардың ерекшелігі біріншіден бақылаулар мен зерттеулер жеке мкомпанентер бойынша емес, тұтастай, территориялық жеке айырмашылықтар бойынша, кешенді қаралады, жеке территориялардың кешендік байланыстылықтар ашылады, екіншіден жеке территориялық кешендер арасындағы горизонтальдық байланыстар ескеріледі. Жан жақты түрде зерттелетін территориялық жеке кешендер қоныстар фациялар немесе мезо кезендер түрінде болады.

Табиғат бойынша өткізілетін зерттеу, бақылау жұмыстарынан өлкетанудағы үшінші бақыты табиғаты қорғау жергілікті жердегі өлке территориясындағы адам қоғамы әсерінен болатын өзгерістерді зерттеу. Өлке территориясындағы жалпы экологиялық ситуацияны анықтап, оған баға беру қажет. Дағдарыс алдындағы және экологиялық дағдарыс жағдайындағы аудандарды есепке алып, олардағы дағдарыс деңгейімен ауқымын талдау, дағдарыстың шығу себебіндегі горизонталь территориялық әсерін анықтау, өлке территориясы табиғатының өзгеруі деңгейіне баға беру және бұл өзгерістерге әсер еткен фкторларды тіркеу қажетті іс шаралар болып табылады. Экологиялық өзгерістерге зерттеу көбіне жеке табиғат кешендерінде жүргізіледі немесе жеке компонентер бойынша жүргізілуі мүмкін. Бұл бағыттағы жұмыстар негізінде табиғаттағы сирек кездесетін нысандардың өлке территориясы бойынша таралуы анықталады, оларды қорғауға байланысты іс шаралар белгіленеді. Экологиялық бағыттағы зерттеу жұмыстарының бірі су нысандарын, өзендер мен көлдердің, әсіресе, шағын өзендердің ластануы жағдайын анықтап, қортындылау. Бұл жерде ластану көздерін табу маңызды мәселе.

Өлкетанудың екінші бір зерттеу нысаны немесе мақсаты өлкенің шаруашылығы, онда тұрып жатқан халықтардың кәсіптік ерекшеліктерін анықтау. Бұл мәселе бойынша қаралатын нәрселер өлке аумағында



шаруашылықтың қай салалары басымдау дамыған? Өнеркәсіптің және ауыл шаруашылығының қандай салалары басым? Барлық қалған территорияға әсерін тигізетін ірі ірі өнеркәсіп орталықтары бар ма? Өлкедегі шаруашылықтың негізгі салаларына жататын және басқа да ірі кәсіпорындар, зауыттар, фабрикалар, фирмалар, транспорт мекемелері өлке территориясының табиғи ерекшеліктерінің шаруашылыққа тигізер әсері. Көрші региондар мен шаруашылықтың байланыстар. Шығатын пайдалы қазбалар, олардың маңызы, пайдалану жолдары, өлке территориясындағы транспорттық құрылым. Зауыттар мен фабрикалардың шикізат көздері, өлкенің қуатпен қамтамасыз етілуі. Кәсіпорындардың болашақ даму мүмкіндіктері, өнеркәсіптің таралу схемасы.

Белгілі бір территорияда, өлкеде тұрып жатқан халықтардың кәсібі жеке аумақтық айырмашылықтарға негізделеді. Бұл айырмашылықтар табиғат жағдаймен, тарихи ерекшеліктермен т.б.. жағдайлармен анықталады. Өлкетанудың міндеті осындай айырмашылықтарды табу. Бұл жөнінде Қазақстан және дүние жүзі бойынша көптеген мысалдар келтіруге болады. Қазақстан бойынша қазақша текемет, кілемдер негізінен үш облыс аумағында (Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл) жасалынады. Ауғанстан халықтарының кейбіреулері керуен жолдарында тасымалдаушы жолсерік кәсібін меңгерген. Тибетте, Неапалда тұратын шерп халқы басқа шаруашылық, кәсіп түрлерімен қатар саяхатшылар мен альпинистерге жол көрсетуді кәсіп етеді. Вьетнамдағы таулы жер халықтарының (тхай, мео, пуон, яо, уни, т.б.) жазық жердегі вьетнамдықтарға қарағанда егетін күріш сорттары басқа (құрғақшылыққа төзімділеу) және террасаларда егеді, бұдан басқа олар аңшылықты кәсіп етеді (әсіресе мео).

Өлкетану бойынша орындалатын бақылау, зерттеу жұмыстарының келесі үлкен тобы белгілі бір өлекенің онда мекендейтін халықтардың тарихы, тарихи аңшылар, археологиялық орындар көне қалалар қалдықтары, қорғанда, ескі кен орындар, жартастардағы бейнелер т.б. түрінде болуы мүмкін. Археологиялық орынның орналасқан жері, ең жақын деген мекенге дейінгі қашықтық анықталады. Бағалы, тарихи құнды заттар табылуы мүмкін. Мәдени қабат басты назарда болады. Өлке территориясындағы сақталынған көне қалалардың археологиялық орындардың бұрынғы сауда жолдарының (мысалы, ұлы жібек жолы) бойында орналасу жағдайы ескерілуі тиіс. Археологиялық орындарды зерттеу кезінде олардың жеке ерекшеліктеріне көңіл бөлінуі керек. Мысалы, әр бір көне қалалардың рабаттары (қала кварталдары) шаһирстандары (цитадельдері) көлемі, сипаты жағынан әр түрде болуы мүмкін. Қала қақпалары да керуен жолдарына байланысты түрлі бағыттар бойынша орналасады. Жергілікті археологиялық жерлерді зерттік кезінде олар туралы мұражайларда қойылған экспонаттарды пайдалануға болады. Тариха орындардың оның ішінде археологиялық орындардың ішінде бұрынғы адамдар мекендеген үңгірлер олардың сипаты, қай тарихи кезеңге (палеолит, мыс ғасыры, темір ғасыры т.б. ) жататындығы айқындалады. Өлкенің археологиялық картасын жасауға көңіл бөлініп, оған өлке территориясы бойынша орналасқан барлық орындар түсіріліп белгіленуі

керек. Археологиялық орындарға жататын келесі бір нысан көне суару каналдары. Егер өлке территориясында мұндай жерлер кездесетін болса олардың ерекшеліктеріне, сақталу деңгейіне көңіл бөлу қажет.

Өлкетанудың тариха тақырыптар бойынша зерттеу нысандарының келесі тобы тариха ескерткіштер (мазарлар, мешіттер, көне құрылыс орындар, минареттер, шіркеулер, храмдар, монастырлар, синагоктар, пагодалар, т.б) өлкетану бойынша зерттеулерде кешенді тарихи орындар (тарихи кешендер) ерекше маңызға ие болады. Ондай жерлерге архитектуралық ансамбльдер, тарихи орындар орталықтары көне қалалар кварталдар, көне алаңдар көшелер тобы жатады. Кейбір қалаларда қаланың тұтастай бөліктері кварталдары бұрынғы орта ғасырлық архитектуралық бейнеде. Көріністе сақталған (Талинн, Рига, Венеция, Флоренция, т.б.)

Тариха тақырыптағы зерттеу жұмыстарына сондай ақ белгілі бір территорияды тарихи кезеңдерде болған, жалықтың өмірімен тығыз байланысты болған оқиғалар жайлы деректер жинау, тарихи мемориалдық орындарды анықтап, тіркеу (Солтүстік Кавказдағы Пушкин мен Лермонтов өмірбаянына байланысты Санкт Петербург, Псков облыстарындағы Пушкин есімімен байланысты Қазақстанның алматы облысындағы Шоқан Уәлиханов байланысты орындар т.б. Тарихи өлке тану мұражай экспонаттарымен танысу т.б жатады. Жалпы айтқан кезде тарихи тақырыптар бойынша зерттеу бақылау деректер материалдар жинаумен айналысатын өлке танудың жеке арнайы түрі бар. Ол тарихи өлке тану деп аталады. Жоғарғыда айтылып көрсетілген міндеттер атқарылатын жұмыстар осы тарихи өлке тануға тән.

Өлкетанудың келесі зерттеу нысаны өлке аумағында тұратын мекендейтін халықтардың этнографиялық немесе ұлттық ерекшеліктері, демографиялық жағдайы, топонимикасы. Жергіліктің халықтардың ерекшеліктерін зерттеу кезінде сол халыққа және ең көп таралған тартымды мақал мәтелдерді, әр өлеңдерді, қол өнер, оның ішінде ағаштан ойылып салынатын бұйымдар, шашақ, кесте түрлері, ойыншықтар, ыдыстар жасау, аяқ киім тігу мата және клемдік бұйымдар әр түрлі әсемдік бұйымдар т.б. заттар ерекшеліктеріне тән деректер жиналады.

#### 1.4. Маршруттық құжаттарды толтыру

Туризмнің жұмыс істеу формаларының бірі – *саяхаттар*.

Алыс жерлерге түрлі көлік арқылы бару, түрлі мақсаттар мен түпкі немесе соңғы пунктте белгілі бір мерзім ішінде болу және бастапқы пункте қайту көлік түріне байланысты. Көлік (транспорт) түрлері бойынша теміржол, әуе, круиздік ( теңіз, көл, өзен саяхаттары), автомобиль саяхаттары болып бөлінеді. Туризмнің екінші негізгі жұмыс істеу формасы – туристік жорықтар. Алдын –ала құрылатын белгілі – бір маршрут бойынша, (танымдық, сауығу, спорттық, жаттығу т.б.) әр түрлі мақсатпен белгілі бір мерзімді, қозғалыстың активті түріне негізделген туристік іс –шара. Туристік жорықтар бір –екі күндік ( көбінесе демалыс еүнгі жорықтар деп аталатын) , көп күндік, спорттық және категориялық деп және туризмнің жеке түрлері бойынша (тау, жаяу, су, т.б.) бөлінеді. Туристік жорықтарға тән негізгі нәрселер: алғашқы денсаулық дайындығы, азық-түлікті, құрал – жабдықтарды дайындау, кедергілерді жеңу, жорық кезінде, дала жағдайында тамақтандыруды ұйымдастыру, демалыс орындарын дала жағдайында дайындау, қауіпсіздікті сақтау т.б. Жорық ұйымдастырылған кезде арнайы тіркеулерден өту керек. Жорық біткен соң ол туралы есеп беру. Туризмнің жұмыс істеу формасының келесі түрі- экскурсиялар. Экскурсиялар жеке түрде де және туристік саяхаттар құрамында да (әсіресе круиздік саяхаттарда) қызмет ете береді. Экскурсиялардың қай жерден келгенін, кәсіптік құрамын және жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың талап-тілектері бойынша, белгілі-ыр экскурсиялық, тарихи –мәдени, туристік орындарда экскурсия жүргізушінің әңгіме өткізуі, көрсетуі экскурсиялардың түрлері қай жерде өткізілетініне байланысты табиғи тақырыпқа байланысты өткізілетін, (геологиялық, музыкалық құралдар музейлері, әдебиеттану, көркем-сурет т.б.) тақырыптық, мұражайлық және қалалық болып көрінеді. Туристік іс-шаралар түрінде жүргізілетін туризмнің белгілі-бір дәрежеде қолданылатын формасы- туризм сферасы бойынша өткізілетін спорттық жарыстар. Туризм бойынша 4 түрде өткізіледі. Олар:

- 1) Туризмнің техникасы бойынша өткізілетін жарыстар. Бұл түрдегі жарыстар көп жағдайда тау, жаяу және су туризмі түрлері бойынша ұйымдастырылады.
- 2) Кросс – жорық. Шағын маршрутта (20-30 км) жүріп өту және онда кездесетін кедергілерден өту мақсатында жеке командалар арасындағы сайыс.
- 3) Кедергілер жолағы. Ұзындығы метрмен есептелетін белгілі бір маршрут бойынша кедергілерді және туристік әдіс-тәсілдерді белгілі бір уақыт ішінде өту, орындау. Сайыс түрінде командалар арасында болады. Кросс-жорық сияқты жеке дистанциялармен жарыс учаскелерінде жеке кезең төрешілері және жалпы жарыс төрешілері, оның ішінде бас төреші, төрелік коллегия қызмат атқарады.
- 4) Спорттық бағдарлау бойынша өткізілетін жарыстар. Жеке командалар арасында белгілі бір аумақтық кеңістікте бақылау пункттерді әр түрлі

варианттар бойынша, белгілі бір мерзімде табуға арналған іс-әрекет. Спорттықбағдароау бойынша арнайы спорттық карталар, спорттық компс қолданылады, төрешілер болады. Спорттық бағдарлаудың алғаш шыққан аймағы – Скандинавия елдері.

Туризмнің басқа ғылымдармен байланысы.

Туризм ең алдымен география ғылымымен байланысты. Өйткені география аумақтық жеке ерекшеліктерді, оның ішінде туристік ресурстар мен объектілердің белгілі бір аумақта таралу ерекшеліктерін зерттейді. Одан басқа география ғылымы жалпы географиялық заңдылықтарды (зоналылық, температураның жер беті бойынша таралуы, күн радиациясының жер беті бойынша таралу мөлшерлері т.б.) зерттеумен айналысады. Ал мұның туризм үшін, әсіресе рекреациялық немесе курорттық туризм үшін маңызы зор. Екінші, туризм тарих ғылымымен байланысты. Өйткені туристер, туристік топтар саяхаттар, экскурсиялар кезінде тарихи ескерткіштермен, нысандармен танысады, халықтық тарихи кезеңдермен танысады. Экскурсиялар, саяхаттар кезінде өнер туындыларымен, құрылыс өнерімен туристерді таныстыруға тура келеді. Сондықтан туризм ішінара, белгілі-бір дәрежеде өнер танумен байланысты. Келесі кезекте туризм өлкетанумен байланысты. Бұған себеп туризм мен өлке танудың кейбір мақсаттары (мысалы танымдық мақсат) ортақ. Екеуіне де бірдей жұмыс істеу формалары бар (экскурсия, туристік жорық, саяхаттар) және туризм мен өлке тануға бағытталған жұмыстар көбінесе бірігіп атқарылады (туристік-өлкетану жұмыстары)

Туризм сонымен қатар белгілі бір дәрежеде этнографиямен қатысты. Өйткені туристер өздері болатын елдерде, жерлерде сол жерлердегі түпкілікті, тұрақты тұрғындардың, халықтардың ұлттық, этнографиялық (тілі, діні, салт-санасы, тарихы, мәдениеті, музыкасы, әдебиеті т.б.) ерекшеліктермен танысады. Этнографиялық мұражайларды аралап, адамдардың өмір салтымен танысады.

Туризм қоғамдық құбылыс және сала ретінде экономикамен, экономика ғылымымен байланысты. Себебі туризмнің өзі шаруашылықтың, экономиканың бір саласы болып есептеледі. Туризммен ақша, өндіріс, сауда қатынастары байланысты. Туризм арқылы мемлекеттік бюджетке пайда түседі, бағаның қалыптасуы жүреді. Туристік сфера бойынша жарнамалық қызмет жүзеге асады және туристік фирмалар, туристік операторлар, туристік агенттер жұмыс атқаратын өзіндік кәсіпорындар болады.

Спорттық туризм өз кезегінде физиология ғылымымен байланысты. Туризмнің активті түрлеріне, туристік жорықтарға дайындық кезінде және жорықтардағы энергия шығыны

Мен тамақтануды ескеру, есептеу кезінде және жорықтардағы энергия шығыны мен тамақтануды ескеру, есептеу кезінде энергия шығыны мен тамақтанудың физиологиялық негізін түсіну біру ескеру қажетті дүние. Туристік жорықтар кезінде жай күндерге қарағанда тамақ, азық-түлік көбірек мөлшерде қабылданады және энергия шығыны да ратық (4000 к/ калл-дан 7000к/калл-ға дейін) болады. Ос ы жағдайда және жорықтарға дайындық

кезіндегі организмнің жеке жасқа, жынысқа, дене саулығына т.б. байланысты ерекшелігі мен организмде жүретін физиологиялық процестер: ас қорыту, тыныс алу, қан айналу, зат алмасу, зәр шығару, шаршау табиғатын есепке алу қажет.

Қорыта айтқанда, жоғарыда айтылған мәселелерден көрініп отырғандай туризмнің кез келген қоғамдық өмірде алатын орны жоғары. Туризмді жан—жақты қарауға болады. Туризм – шаруашылықтың бір саласы. Туризм –спорт ретінде де көрінеді. Туризм жергілікті халықты жұмыс орныме, кәсіппен қамтамасыз ету құралы. Туризм – халықтар, мемлекеттер арасындағы мәдени т.б. қатынастар құралы. Туризмлі бұл жерде өлкетанумен шатастыруға болмайды. Өлкетанудың мақсаты, атқаратын қызметі бөлек. Біз жоғарыда туризмнің өлкетанумен ұқсас, ортақ жақтарын айттық. Алайда екінің арасында үлкен айырмашылық бар. Ең бірінші айырмашылықтар: туризмнің белгілі бір қоғамда алатын орны жоғары, туризмнің атқаратын қызметі мен алдына қояр мақсаты көп. Бірақ та туризммен өлкетану бір-бірінсіз ұтымды жұмыс жүргізе алмайды. Сондықтан да туристік-өлкетану, соңғы жылдары экологиялық іс-әрекеттер термині кеңінен қолданылып жүр.

## 1.5. Туристің құрал- жабдығы.

Жорықты материалдық жағынан қамтамасыз етуге бағытталатын екінші жұмыс-жорыққа қажетті құрал-жабдықтарды дайындау. Жалпы дорықтар үшін керекті құрал – жабдықтарды 3 түрге бөліп қарастыруға болады. 1) Маршруттағы кедергілерден өту үшін қолданылатын арнайы құрал-жабдықтар (арқан, альпеншток, мұз ойғыш, карабин т.б.). 2) Туристік топқа ортақ құрал – жабдықтар (шатыр, балта, компас, карта, тамақ пісіретін ыдыстар мен ошақ құралдары т.б.). 3) жеке адамдарға арналынатын құралдар (киім-кешек, жуынатын заттар, арқақап, жатын қап т.б.) құрал жабдықтардың жеке түрлері бойынша толық тізімдері осы оқулықтың қосымшаларында беріледі. Құрал-жабдықтар дайындығына әсер ететін жағдайлар- адамдар саны, жорық маршрутында кездесетін кедергілер түрлері және жорық өтетін ауданның табиғи –климаттық ерекшеліктері. Құрал – жабдықтардың кейбіреулері жорықтар бойынша туризмнің барлық түрлерінде қолданылса, кейбірі жеке туризм түрінің өзіндік ерекшеліктеріне сай сол түрі бойынша ғана өткізілетін жорықтарда қолданылады. (мысалы, шаңғы туризміндегі примус, пеш, немесе су туризміндегі судан, суықтан қорғайтын комбинезон, құтқару киімдері т.б.). Құрал-жабдықтарға қойылатын талаптар- олардың көлемінің шағындығы, сенімділігі, жорық жағдайларындағы қолайлылығы, жеңілдігі.

Жорыққа дайындық кезеңінде жорық шығыны анықталады. Ол үшін жұмсалынатын шығындар (азық –түлікке, көлікке, құрал-жабдықтарды жалға лауға, қосымша құралдарды сатып алуға, т.б.кететін шығындар) жеке –жеке есептеп алып, оларды бір –біріне қосу арқылы жалпы жорық шығынын шығарады. Жорық шығынын есептеу (смета) жорықты өткізуді алдын-ала жоспарлау үшін де керек. Бұл тұрғыда маршруттың көліктік бөлігін қосып алғандағы жеке бөліктері бойынша есептелінеді.

Туристік жорықтарды ұйымдастырып, өткізудің дайындық кезеңінен кейінгі екінші кезең - өткізу кезеңі. Жорық кезінде топ мүшелері колонналық тәртіппен, яғни бірінен –кейін бірі жүріі керек. Алдымен топ бастаушы жүреді. Ол туристік топқа қажетті белгілі –бір жүріу жылдамдығын сақтайды, ең қолайлы және қауіпсіз жолды таңдап алады, қажет болған жағдайда қалған туристер үшін, басқалардың көмегіне сүйене отырып, жол дайындайды (мысалы, шаңғы жолын салады, сақтандыру арқандарын іледі, мұздық болатын жерлерді шауып әзірлейді т.б.), өзінен кейінгі келе жатқандарды жолдағы кедергілер мен қауып-қатерлер туралы ескерді, жүру мен қысқа демалыстар ұзақтығына бақылау жасайды, демалыс үшін орындар таңдап, іздестіреді. Жай уақытта топ бастаушы туристік топтағы барлық туристер үлгеретіндей, бірқалыпты жылдамдықты ұстайды. Алайда, кедергіден өткен соң (мысалы бұлақтардағы, өзендердегі көлденең бөренелерден т.б.) топ мүшелері араларының алшақтануы себепті ал қалғандары келіп жиналғанша жылдамдықты бәсеңсітеді, қозғалыс кезінде ал, егер біреу-міреу қалып қойған жағдайда топты дер кезінде тоқтату үшін топ соңындағы адаммен

байланыста болады. Топ соңындағы адам да тәжірибелі, дене күші жағынан мықты туристер қатарынан болуы тиіс.

Бағдарлау мүмкін болмай қалған жағдайда топ бастаушысының жолдастарымен жақын тұрған биік жерге не ағаш басына шығып, белгілі бағдарларды табуға тырысады, 2-3 адамнан, белгілі-бір келісілген мерзімге барлауға жіберіледі. Бұл кезле қалған адамдар алыстан жақс ыбайқалатын бағдар жанына барлаушылардың топқа қайтып оралуын жеңілдету үшін орналасуы тиіс. Топ бастаушы күн сайын маршрутқа шығу, белгілі-бір бағдардан немесе кедергіден өту, қысқа демалыстарға тоқтау және одан ары жылжу уақыттарны белгілеп отырады. Жорықтар кезінде көбінесе топ бастаушысының рөлін топ жетекшісі атқарады.

Топ мүшелерінің арасындағы арақашықтық туризмнің жорықтар бойынша жеке түрлерінің ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі болады. Жорық кезінде сонымен қатар туристердің жылду жылдамдығы мен біркүндік жүріп өту қашықтығы, жүріс пен демалыстардың уақытпен есептелгендегі ара-салмағы және туристік топ мүшелеріне түсірілетін күш (арқакап салмағы, бір күндік қашықтық) әр қалай болады. Оларға әсер ететін факторлар мыналар: адамдардың жас ерекшеліктері, маршруттың жалп ыұзындығы мен ұзақтығы, жергілікті жер жағдайлары, ауа-райы жағдайлары, жорықтың мақсаты. Ара қашықтық, жүру жылдамдығы мен жүріп өту қашықтығы, жүріс пен демалыс ара-қатынасы оқу бағдарламасы бойынша. «Туризмнің техникасы мен тактикасы» және «Туристік-өлкетану жұмысы әдістемесі» пәндері бойынша толығырақ қаралады.

Жорықтар кезінде түскі үлкен үзіліс және түнгі түнеу үшін бивуак (бивак) ұйымдастырылады. Бивуак – жорықтар кезіндегі туристердің тамақтануы мен демалысын қамтамасыз етуге қажетті орындар. Туристік топ мүшелері, әдетте, бивуакта тәулігіне 10-14 сағаттай болады. Олар шатыржай құрып, оны жабдықтайды, тамақ әзірлейді, киімдер мен құрал жабдықтарды жөндеуден өткізеді, келесі күнге дайындалады, демалады. Бивуакты тегістеу, құрғақ алаңдар мен алаңқайларда, тастар құламайтын, сел, су тасқындары, қар көшкіні болмайтын, найзағай тікелей түспейтін жерлерге құрады. Тұрақ орны желден жақсы қорғалған және жабдықтауға жеңіл болуы тиіс. Бивуак орнына жақынырақ жерде ауыз су көзі болуы керек.

Таулы жерлерде бивуакты талдар мен дар тастардың шығыңқы жерлеріне, төбелі жерлер мен тік беткейлердің астына науашықтар (кулуары) мен олардың шығатын жайылма жерлеріне (конусы выноса кулуаров), жылжымалы немесе мұз беткейлерде жатқан қорымдар үстіне, мұздардың активті қозғалысы белдеуіндегі мұздақтар жарықшақтарына ұйымдастыруға болмайды. Бивуак ауа-райның кенеттен бұзылуына есептеп құрылуы керек. Күн күркіреуі пайда бола бастаған кезде барлық металл заттары біріктіріліп, тұрақтан 15-30 метр жерге апарылып қойылады. Бивуакты жоғарғы биіктіктерде, төменгі температурада, ауа-райының бұзылуы кезінде, қатты жел соққан кезде қолайлы, жайлы түнеп шығуды қамтамасыз ету үшін және құрал –жабдықтардың сақталуы үшін қар үйшігін жасау немесе үңгір ою қажет. Қар үйшігі 4-6 адамға жасалады. Адамдар көбірек болса бір-біріне

жақын етіп 2-3 үйшіктер немесе үннрлер жасайды да оларды бір-бірімен қуыстар арқылы жалғайды.

Бивуак үшін орынды ертерек, жарық кезде таңдап алу ерек. Қараңғы кезде немесе тұман кезінде амалсыз тоқтағанда таңдап алған орынның қауіпсіздігін тексеру үшін төңіректі 200-300 метрлік радиуста қарап шығу керек. Ұйқы алдында шаырлардың дұрыс бекітілгенін, заттардың желден, жауынна сақталуы үшін жабылғанын тексеріп, бивуактың кетер алдында заттардың қалып қоймағанына, тұрақ орнының жиналғанына, оттың сөндірілгеніне бақылау жасау қажет.

Су жорықтарында бивуак орнына қосымша талаптар қойылады. Өзен жағасы бивуак орнына тоқтауы мен шығарылуына қолайлы болуы керек. Жағада оларды орналастыратын алаңқайлардың, шатырларды тұрғызу және от жағу үшін орындардың болуы (су деңгейінен 5-6 метрден төмен емес) қажет етіледі. Бұдан басқа тұрақ орны жақс ыжелденіп тұруы керек, бұл су мандарында көп болатын қан соратын насекомдардың (маса т.б.) санын азайтады. Таулы аудандарда тұрақ орны таңертең күн сәулелері түсетін жерде болуы тиіс. Су туристері, әдетте, бивуакты саланың негізі өзенге құятын жерлеріне құрады. Бұл жерлерде балық жақс ыауланады.

Су жорықтары кезінде бивуак орнын жұмыс күнінің жоспарланған сақталуына 30-40 минут қалғанда таңдай бастайды. Жергілікті жерге шолу жасау жағаны қараудан басталады. Көбінесе бұрынғы тұрақ орындары мен от жаққан жерлерді пайдаланған дұрыс. Бивуакты аралдарда құруға болмайды –түнде су деңгейі көтерілуі иүмкін. Түнеуге тоқтаған соң туристер жүзу көліктерін босатып, оны жағаға шығарады. Жағада тұрақтау кезінде барлық жүзу көліктері байланып бекітілуі керек. Бивуак кезінде су туристері әдетте киімдерді құрғату үшін от жағады. Еген ауа –райы жауынды болса бивуак ұйымдастыруды шатыр мен бүркемені орнатудан, заттарды жауыннан сақтап жабудан бастайды.

Спелеожорықтарда бивуакты немесе жер асты шатыржайы, әдетте көп күндік күрделі үңгір маршруттарынан өті кезінде ұйымдастырылады. Жер асты жағдайларының ерекшеліктері (жоғары ылғалдылық, төменгі температура, табиғи жарықтың болмауы және кеңістіктің тарлығы) жер үсті бивуагымен салыстырғанда лагерді жабдықтауға жоғарғы талаптардың қойылуын негіздейді. Жер асты бивуагын құру кезінде қалдықтар мен қоқыстар салатын орынды дайындап қою керек, қоқыстар мен қалдықтар лагерь жиналып алынған соң жоғарыға шығарылады. Бивуак тасқын сулардың мүмкіе болатын деңгейінен жоғарыға шығарылады. Бивуак тасқын сулардың мүмкін болатын деңгейінен жоғары, тас құлайтын бөліктерден алыс орнатылады. Бивуакта демалыс үшін жергілікті дәрежедегі жайлылықты (киім ауыстыру, киім кептіру, тамақ әзірлеу мүмкіндіктері) қамтамасыз ететін капроннан жасалынған кең шатырлар қолданылады. Мүмкіндігінше жылу сақтайтын төсеніш (кілемше) және капронмен қапталынған көп орынды жатын қаптар болғаны дұрыс. Шатыр үстінен су өткізбейтін заттан бүркеме тартылады. Жер жағдайына және тұрақ орынның сулану деңгейіне қарай шатырлы жерге болмаса ілінбелі қондырғыға



орнатады. Түнеуді сондай-ақ жылу сақтайтын бүркемелер көмегімен ұйымдастыруға болады. Жер асты бивуагы кезінде керекті тіршілікті қамтамасыз ететін заттар тобына жарық беретін заттар, азық-түлік қоры, бензинмен, парафинмен, газбен не құрғақ отынмен жанатын шам-шырақ, ас ішетін ыдыс, дәрі-дәрмек жинағы жатады. Жер асты шатыржайымен ұдайы телефон (немесе рация арқылы) байланысты қалыптастырылады.

Жорық кезіндегі жылдамдық жаяу туриз бойынша орташа есеппен бір тәулікте (оның 8 сағаттық жарық бөлігінде) 30 км, тау туризмі бойынша 20 км. Сағатына шаққанда бұл жаяу туризм бойынша шамамен 4 сағатқа, тау туризмі бойынша 2,5 сағатқа дәл келеді. Алайда бұл көрсеткіш қысқа және түскі демалыстардың болатыны себепті ұдайы сақталынбайды. Туризмнің басқа түрлері бойынша тәуліктік жылдамдық олардың жеке ерекшеліктеріне байланысты жүзеге асады. Ол жайында «Туризмнің техникасы мен тактикасы» тақырыбында толығырақ қарастырамыз.

Жаяу және тау туризмі бойынша жүру мен қысқа демалыстардың арақатынасы 40 минутқа 10-12 минут, күрделі, тік беткейлі, кедергілі жерлерде 15-20 минутқа 10-15 минут. Үлкен түскі демалыстар жорық мақсатына, адамдардың жас ерекшеліктеріне, жер жағдайына, қалыптасқан жағдайға, календерлық графиктің орындалу барысына байланысты 30 минуттан 3 сағатқа дейін созылады. 3 сағаттық демалыс кезінде міндетті түрде ыстық тамақ дайындалып, адамдар дем алады. 30 минуттық қысқа түскі демалыстар жоғарыда көрсетілген жағдайлардан басқа ыстық тамақ жасауға мүмкіндік болмай қалған кездерде, мысалы, отын жоқ жерлерде болады.

Жорықтар кездеріндегі түсетін күш мөлшері, яғни рюкзак салмағы жас ерекшеліктеріне және жынысына байланысты әр қалай болады. Шағын жорықтарға оқушылар 11 жастан бастап қатыстырылатындықтан оларға түсетін жүк салмағы ер балалар үшін 10 кг, қыз балалар үшін 8 кг. Одан әрі үлкен жас ерекшеліктері бойынша салмақ мөлшерлері мынадай: 12 жас 11-9 кг, 13 жас 12-10 кг, 14 жас 13-11кг, 15 жас 14-12 кг, 16жас 15-13 кг, 17 жас 16-14 кг, 18 жас 17-15кг, 18 жастан ер адамдар үшін 50 жасқа дейін, ал әйел адамдар үшін 40жасқа деін арқалап салмағы ер адамдар бойынша 25 кг-ға дейін, әйел адамдар бойынша 20кг-ға дейін болуы тиіс. Ер адамдарға 50жастан, әйел адамдарда 40жастан соң жүк салмақтары ер адамдар бойынша 20 кг дейін, әйел адамдар үшін 15 кг дейін. Жалпы арқалап салмағы адамның өзінің дене салмағының жартысынан аспауы керек.

Жорықтарда кездесетін қауіп-қатер түрлерін бірнеше түрге бөліп қарастыруға болады.

1) Жер бедеріне байланысты пайда болған қауіптер. Оларға тау ауыруы, көздің жасаурауы. Селдің және қар көшкінінің болуы жатады. Тау ауыруымен көз жасаурауына байланысты мәселелер оқулықтың «Алғашқы медициналық көмек» бөлімінде қарастырылған болатын. Қар көшкіні-тау беткейлерінен құлап немесе сырғып түсетін қар көлемі. Қар көшкіні жылдың, тәуліктің кез келген уақытында пайда болуы мүмкін. Қар көшкінің жүруі мынадай жағдайларға байланысты.

2) Жылылық кезде немесе жауыннан соң беткі төсеніш қабат пен қар қабаты арасындағы ылғалдық пайда болып, қар қабатына судың сіңуі.

3) Қардың төменгі қабаттарындағы бос, бір-бірімен байланыссыз түйдектердің пайда болып олардың үстімен жоғарғы қар қабатының сырғанауы. Қозғалу сипаты бойынша қар көшкіні беткейдің тұтас бойымен, сайлар мен өзектерді бойлап және төбелерден секіре жүреді. Қар тығыздығы 30-800 кг/м<sup>3</sup> аралығында, жүру жылдамдығы 20 м/с – 60м/с шамасында болады. Арнайы құрылған қызмет орындары қар көшкіні туралы қауіпті жағдайда тұрғындарды, туристік ұйымдарды хабардар етіп отырады. Мүмкіндігінше жорық кездерінде қар көшкіні болуы мүмкін жерлерден алыс жүріп, оларды айналып жүру керек. Егер тауда 30-50 см қалыңдықта қар жауса, биік таулы немесе ормансыз белдеуге баруды 2-3 күн қоя тұру керек. Қар 50см – ден артық жауса жорыққа шығу 4-5 күннен кейінгі белгіленеді, бұның өзінде де қар көшкінінің болу мүмкіндігі сақталады. Әсіресе V-тәрізді аңғарлар, ойыстар, сайлар, өзектер мен олардың астыңғы беткейлері және қалың қар қабатымен жабылған ашық, тік беткейлер қауіпті. Қауіпті белдеуден өтудің ең дұрысы жер бедерінің шығыңқы формалары арқылы – кең контрфорстармен, жолдармен, ағаш, бұталар өскен жерлер мен жартасты бөліктермен тұру керек.

Қауіпті белдеуді бір-бірлеп 100 м дейінгі (ашық беткейлерде) ара қашықтықты сақтап өтеді. Қозғалу кезінде ең дұрысы беткейлермен бір ізбен тек қана жоғары, амалсыз жағдайда ғана қиялап жүру керек. Өйткені көлденең жүру қар қабатын «кесіп» қардың төсеніш бетімен бекіну күшін бұзып, қар көшкінін тудыруы мүмкін. Қауіпті белдеуде тұрған кезде шулауға, қатты сөйлеуге болмайды. Нұсқаулар ақырын дауыспен немесе ыммен беріледі. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін топтан бір немесе бірнеше адамды бөледі, олар көшкіні бола қалған жағдайда ол туралы түрлі жолдармен белгі береді. Кейде қар беткеймен ешбір дыбыссыз жылжиды. Қауіпті бөлікке шығар алдында барлық жорыққа қатысушылар беліне немесе қолының шынтақтан жоғары жағына қар көшкіні жібін іледі. Бұл жіп 15-25м, қарда тез тез байқалатын ашық түсті болуы керек. Туристің қар көшкініне түскен жағдайында жеңіл жіп қар үстіне шығып қалады да, ол арқылы көміліп қалған адамды табады. Дәрі-дәрмек қорапшасы, қар көшкіні күрегі және таяғы бақылаушыларда немесе соңында жүретіндерге болады. Қар көшеіні күрегі қар басып қалған адамдарды қазып алу үшін, фирма мен қардан үйшіктер мен желден қорғалатын қабырғалар тұрғызу үшін т.б. мақсаттарға пайдаланады. Қар көшкіні таяғы қар астындағы адамды, жабық, қармен бүркелген жарықшақтарды түртіп табу үшін қолданылады.

Қар көшкіні болған жағдайда қауіпті белдеудің жерден тезірек кету керек. Ең дұрысы айналма жолмен түсуі қажет. Егер ол жерлерден кету мүмкін болмаса, тез арада мұз ойғыштан, арқалап, шаңғыдан босану керек. Ол үшін қауіпті беткейге шығар алдында арқақаптың белтаспасын шешіп, қолды мұз ойғыштың қол ілмегіне шығарып, шаңғының ұзын таспалы бекітулерін босатады. Қар түспес үшін ауызды немесе мұрынды мойын орағышпен не свитердің жағасымен жауып қол аяқтармен жылдам жүру қимылдарын

жасап, қар көлемінің жоғарғы бетінде қалуға және мүмкіндігіне қарай қар көшкінінің шетіне қарай жылжуға тырысу қажет. Қар астында қалған жағдайда тізені ішке қарай жақындатып, бүгілген қолдармен жабады, осымен бір мезгілде еркін тыныс алу үшін ауыз бен мұрын алдындағы қарды сығады. Қар көшкіні тоқтаған кезде қар астынан босанудың барлық Қамын бірден жасау керек, өйткені қозғалмаған жағдайда қар тез тығыздалып, қатып, көшкін астында қалған адамды шығармай тастауы мүмкін. Егер өз бетінше босанып шығу мүмкін болмаса салқынқандылықпен, күш пен ауаны үнемдей отырып және ұйқыға бой алдырмай көмек күту қажет. Құтқарушылардың қадамдары мен дауыстарын естіген жағдайда айқайлау керек. Бірнеше тәуліктен тәуліктен соң адамдарды қар астынан тірі алып шыққан жағдайлар белгілі. Қар көшкініне түскен адамның қозғалуын бақылаушылар байқап тұрып,оның маңындағы қардың тоқтаған жерін белгілеп, көшкін таяғын, т.б. құралдарды пайдаланып шығарып алады, алғашқы медициналық көмек көрсетеді, адам табылмаса арнайы құтқарушыларды не жақын маңдағы елді мекеннен адамдар шақырады. Қар көшкіні кезінде сирдай-ақ 50-100 м-лік ауқымды рациялар пайдаланылады.

## **1.6. Туризмнің даму тарихы. Ежелгі дүние туризмі. Туризмнің пайда болуы.**

Туризм қоғамда белгілі бір орын алатын құбылыс ретінде және термин немесе түсінік ретінде тек XIX ғасырда ғана қалыптаса бастады. Одан кейінгі оның даму тарихы (XX ғасыр) өзіндік толығымен, жетіле, күрделене отыруымен сипатталады. Алайда, туризм термин ретінде, Қоғамдық құбылыс ретінде бірден қалыптасқан жоқ. Оның қалыптасуына тікелей болмаса да, жанама түрде әсер еткен тарихи алғышарттар мен факторлар болды. Оларға жататындар: 1. Ерте ғасырлардағы, әсіресе, орта ғасырларда (XII – XIX ғасырлар) болған мемлекеттер мен халық арасындағы сауданың дамуы. 2. Орта ғасырларда және XIX ғасырға дейінгі мемлекеттер арасында болған соғыс қимылдары. 3. XV ғасырдан басталған жаңа жерлердің (Ұлы географиялық) ашылулары.

Сауданың дамуы халықтар мен мемлекеттер арасындағы экономикалық, мәдени т.б. қатынастарды нығайтты, жолға қойды, басқа мемлекеттер мен халықтар, олардың тілі, діні, салт – санасы, олар мекен еткен жерлердің табиғаты туралы мәліметтердің жиналуына негіз болды. Халықтар арасындағы сауда қатынастарының дамуы Ескі дүниеде (Еуразия құрлығында, басқа құрлықтар ол кезде дамудың «төмендеу» сатысында тұрған) құрлық бойынша да және сонымен бірге су жолдары (кемелер) арқылы да жүрген. Сауда қатынастарының ең айқын айғағы, тарихтағы белгілі, Ұлы Жібек жолының болуы. Бұл жол Шығыс пен Батысты, Азия мен Еуропа халықтары арасындағы байланыстарды қалыптастырып, олардың арасына дәнекер болды. Әр түрлі тауарлар тасыған керуендер керуендер құрамында 10 мыңға дейін аттар, түйелер болған. Тауарлардың ішінде ең бағалысы - әрине жібек матасы болған. Ол матадан Рим, византия, Батыс Еуропа, Иран және Араб феодалдары мен атқамінерлері киім киген. Жібектен басқа Ұлы Жібек жолы арқылы сол кезде жоғары бағаланған фарфор, қымбат бағалы асыл тастар, шәй, қытай қағазы, қымбат металдар, бор, қару – жарақ, оқ – дәрі, жүзім, бұршақ, анар т.б. мәдени дақылдар және заттар, тауарлар тасылған.

Жібек Жолы сол кездегі Чанъаню (қазіргі Сиань) қаласынан басталып, ары қарай екіге бөлініп, бірі Турфан, екіншісі Хотон мен Яркенд арқылы Қашқарда тағы түйіскен. Турфан мен Қашқардан Орта Азия мен Қазақ жері арқылы одан әрі Ресейге қарай жолдар кеткен. Қашқардан өткен соң қазіргі Ауғанстаннан тағы жол екіге айырылып біреуі оңтүстікке Үндістанға, екіншісі батысқа Бағдадқа, одан әрі қарай Жерорта теңізіне барып тірелген. Египетке, Византияға, Италияға т.б. елдерге жеткен. Керуендермен бірге жан – жаққа әр түрлі мақсатпен саудагерлер, жиһанкездерден басқа (кейде тұтқын құлдар түрінде) адамдар да барған. Олар арқылы бір елден екінші елдерге сол кездегі ғылыми, техникалық табыстар, шаруашылық тәжірибелер ауысқан. Ежелгі үндістанның ғалымдары математика, медицина, тіл білімі салалары бойынша үлкен табыстарға жеткен. Бұл білімдер мен тәжірибелер Қытайға ауысып Қытай ғылымын дамытып, өз кезегінде Қытайдан мәліметтер басқа елдерге ауысқан. VII ғасырдағы ұлы қытай ғалымы –

географ Сюань Цзан Ұлы жібек жолы бойымен бірнеше рет Қытайдан Үндістанға сапары кезінде жолда кездескен қалалармен, өсімдіктер мен жануарлар дүниесімен, адамдар мен олардың өмірімен, тұрмыс – тіршілігімен, дінімен, этникалық ерекшеліктерімен т.б. жете танысуға тырысып, мәліметтер жинаған.

Туризмнің қоғамдық құбылыс ретінде қалыптасуына белгілі бір дәрежеде тарихи ғасырлардағы мемлекеттер арасында болған соғыстар да алғышарт болған. Соғыстар алдындағы стратегиялық және тактикалық жоспарлар кезінде, алдын – ала жүргізілген барлау (әскери барлау, барлау кезінде саудагерлерді пайдалану т.б.) арқылы тек ұрыстар болатын орындардың жер жағдайлары ғана емес, сонымен бірге мемлекеттердің табиғи ерекшеліктері, кәсібі, діні т.б. туралы мәліметтер жиналып қорытындыланған.

Үшінші алғышарт – XV ғасырдан басталып жаңа жерлердің (құрлықтардың, дүние бөліктерінің) ашылуы болды. Магелланның, Колумбтың, Куктың, Берингтің т.б. саяхатшылардың жасаған экспедициялары жер шарының басқа құрлықтары мен орындары жайлы білімдердің жиналуына мүмкіндік берді. Олар өз кезегінде бұл жерлер мен құрлықтардың болашақта игерілуіне жол ашты.

*Алғашқы саяхатшылар.*

Алғашқы саяхатшылар қатарына Океяния (Мұхиттық аралдар) тұрғындары кіреді. Олар Оңтүстік – шығыс Азияда Микронезия, Тынық мұхитына, Маркиза аралдарына, Туамту архипелагына (топаралына) Канос қайықтарымен жүзіп бара алған. Б.з.д. 500 ж. Полинезиялықтар 2000 мин қашықтықта орналасқан Гавай аралдарына дейін жүзіп барған. Жүзу барысында арнайы құралдардың болмағандығына қарамаста күн мен жұлдыздардың орналасуын, мұхит толқындарының, бұлттардың қозғалысына және құстардың ұшу жолдарына қарай отырып көкжиек сызығын бағадрай білген. Олардың тұщы сулармен тамақ қорын қалай толықтырып отырғандығы бізге белгісіз. Жерорта теңізінің жағалауының тұрғындары өз саяхаттарын сауда, діни және емдік, мақсатта пайдаланғандығы белгілі. Діни кітаптарда керуен саудагерлер, саяхатшылар жүзіп өткен жерлері туралы мәліметтерді кездестіреміз. Ертедегі грек оқымыстылары б.з.д. 5 ғасырдағы Геродот б.з.д. 4 ғғ. Пифей т.б. жаңа территорияларды ашу басқа елдермен танысу мақсатындағы ұйымдастырылған жорықтарға қатысқандығы мәлім. Б.з.д. 776 жылдан бастап олимпиялық ойындардың өткізілуі, спорт сүйер қауымның, өнер адамдарының Жерорта теңізі маңы елдерінен көптеп қатысуына байланысты олипия өтетін аймақта, демалатын, спорттық жарыстар өтетін аренадардың салынуына мүмкіндіктер жасалады. Әртүрлі елдер, жерлер туралы мәліметтердің жиналуына орай Страбон (б.з.д. 63ж. б.з.д.), Птоломей (90-163 б.з.д.) карталарында географиялық тұрғыда картографиялық мәліметтер берілген.

Ертедегі Рим туризм тарихына өзіндік үлес қосты. Рим империясы аумағы қалалары тарихи – табиғи нысандары туризмнің дамуының алғышарты болып табылады. Римдіктер атпен 100 милдік қашықтықта жүруге қолайлы

жолдар арқылы атақты Храм, т.б. тарихи ескерткіштерді табиғатта тамашалау мақсатында, серуен жорықтар ұйымдастырылған. Египет аумағындағы ескерткіштер мен пирамидалар қызығып тамашалайтын тамашалайтын танымдық нысандарға айналған. Рим империясының дәуірлеу заманында ауқатты Римдіктер Грекияда білім алу мақсатында кейінірек ойын – сауыққа демалу, тынығу мақсатында адамдардың Грекияға көптеп келуін байқаймыз. Емдік мақсаттағы жылы минералдық бұлақтар пайдаланылған.

Осы кезден бастап Рим империясы аумағында мемлекеттік демалыс үйлері ашыла бастады. Олардың орналасуының өзі атпен бір күндік жол жүруге есептелінген. Олар мемлекеттің басты жолдар бойындағы қалаларда орналасқан. Саяхатшылар мен мемлекеттік қызметкерлер, хат тасушылар Рим қаласынан Кіші Азияға дейін т.б. шет аймақтарға шыға алған. Ұлы Александр патшалығы тұсында түркі жеріндегі Эфес қаласы ірі сауда орталығына айналған болатын (б.з.д. 334ж). Бұл қалаға жан – жақтан келуші адамдар тобы (туристер) акробаттар және сиқыршылар өнерін қызықтауға, көңіл көтеруге, демалуға келген екен. Рим империясының күйреуі ( б.з.І ғ.) байланысты адамдардың бір қаладан екінші қалаға, бір елді мемлекеттен екінші бір мемлекетке барып қайту қозғалуы азайды. Инфрақұрылымдық салалардың, жолдардың демалыс аймақтарының іске жарамсыз болуы – ұры қарақшылардың көптігінен, саяхат серуен құру адам өміріне қауіп – қатер туғызды. Сондықтан да 15 ғ – ға дейін адамдардың көпшілігі киелі жерлерге бару мақсатында жолға шыққан. Еуропалықтардың крест жорықтары кезінде көрші жерлерді басып алу мақсатында адамдардың көпшілігі бөтен елдің жерін, балығын басып алу мақсатында әскери жорықтың жолымен жүріп отырған. Нәтижесінде шығысқа қарай дін адамдарымен оны уағыздаушылар Еуропа халықтары, ал ауқаттылар емдік сауықтыру орталықтарына дем алуға мүмкіндіктері болған. Адамдардың әр түрлі мақсатта өздері тұрған жерден шет территорияларға шығуы географиялық білімнің жаңа жер туралы мәліметтердің жиналуына әсер етті. Онда сипаттамалар, жазбалар картографиялық мәліметтер Афанасий Никитин, Марко Поло, Васко де Гама, Христофор Колумб сияқты саяхатшылар нәтижесін байқаймыз.

15 – 17 ғ.ғ. Ұлы географиялық ашылыстар туризм тарихындағы қомақты орынға ие. Құрлықтар мен жаңа жерлердің ашылуы жиһангездердің атпен, жаяу, қайық, кеме, темір жолдарды игеруге саяхатпен серуен экспедициялардың қалыптасуымен дамуына туризм түрлерінің шығуына, пайда болуына әсерін тигізді.

Орыс саяхатшыларымен жиһангездердің географиялық ашылулары Еуразияның зерттелмеген аймақтарын ашуға, игеруге ат салысты.

1639 ж. В.Поярков Якутск жерінен Тынық мұхит жағалауына жетеді. Ал С.Дежнев азия мен америка арасындағы бұғазды, ал 1696 ж. В.Т. Атласов Камчатканы ашып, орыс саяхатшыларын 1711 ж. Курил аралдарына шығарды. 1732 ж. И.Федоров экспедициясы Аляска жағалауына жетеді. В.Беринг Алеут аралдарын аша отырып Азия мен Америка арасындағы бұғазды анықтаған, картографиялық мәліметтер жинаған. XVII ғасырдағы орыс саяхатшылары Д.Я.Лаптев, Х.П.Лаптев, С.И.Челюскин, Г.И

Шелиховтар Америка, Азия жағалауларын, охота теңізі ауданын, Камчатка және Курил аралдарын, Жапонияның солтүстігін зерттеуде көп үлес қосты. XIX ғасырдың басына қарай адамдар мекен ететін құрлықтардың ашылу процесі аяқталды. Барлық ірі өзендер, үлкен көлдер зерттеліп, картаға түсіріледі. Адам мекендейтін аумақтардың жер бедерінің негізгі ерекшеліктері айқындалды.

XIX және XX ғасырларда полюстер маңы игеріліп, мұхиттар зерттелді, Азия құрлығының аз зерттелінген ішкі аудандары назарға алынды. Орыс саяхатшылары XIX ғасырдың басында алғашқы дүниежүзілік саяхаттар жасады. Олар Н.Ф. Крузенштерн және Ю.Ф. Лисянскийлер (1803-1804 жылдар) болды, олардың нәтижесінде Тынық мұхитта жаңа аралдар ашылды. Теңізшілер М.П. Лазарев, Ф.Ф. Беллинсгаузен Аустралияға, Полинезияға барды және Антарктиданы ашты. (1821 ж). Саяхатшы Н.Н. Михлуко – Маклай Жаңа Гвинеяны толық зерттеді (XIX ғасырдың 70 жылдары), ал орыс зерттеушілері П.П. Семенов – Тянь – Шанский және Н.М. Пржевальский т.б. Тянь – Шань, Памир және Моңғолия арқылы Орталық Азияға ене отырып бұл аймақтың игерілуіне зор үлестерін қосты.

XX ғасырға қарай орыс саяхатшылары мен теңізшілері Азияның көптеген шекараға жақын жатқан географиялық аудандары мен үлкен кеңістіктегі жерлерді, Еуропа мен Азияның барлық жағалауларын, Солтүстік Американың бірталай жағалауларын зерттеп шықты, басқа да жаңалықтар ашты.

*Алғашқы туристік орындар.*

Көне заманнан бері туристер үшін ерекше орындар басты назарда болып келген. Олардың ішінде бәрімізге белгілі әлемнің жеті кереметі де бар. Олар:

1. Сфинксті қосып алғандағы (қазірге дейін сақталған) көне Египет пирамидалары;
2. Вавилондағы (қазіргі Ирак) Семирамида аспалы бақтары;
3. Галикарнастағы (Түркия) мазар;
4. Олимпиядағы (Грекия) Зевс мүсіні;
5. Колос Родосский деп аталатын Гимос мүсіні (Грекияға жақын жатқан Родос аралы);
6. Александриядағы (Египет) жұлдызшам (маяк);
7. Эфестегі (Түркия) Артемидтер храмы немесе Диана храмы;

Дүние жүзіндегі ерекше орындарға сондай – ақ Тадж – Махал (Үндістан), Ұлы Қытай қорғаны, Петр қалашығы (Иордания), Алып пиктограммалар (Перу), Машу – Пиешу қалдықтары (Перу), Боробудур будда храмдар кешені (Ява аралы) жатады.

Көне заманда осы орындарды көру үшін саяхаттар жасалынған. Осы жағдай қазіргі туристердің Ұлы Каньонды, Ниагара сарқырамасын, ұлттық парктерді, мұхиттарды, көлдерді және адам қолымен жасалынған үлкен қалаларды, мұражайларды, ескерткіштерді аралап көретіндігі сияқты нәрсе.

*Алғашқы турагенттіктер.*

1822 ж. Бристолдық (Ұлыбритания) Роберт Смарт өзін алғашқы параходтық агент ретінде танытты. Ол Бристоль каналымен жүретін және

Дублинге (Ирландия) баратын параходтарға (кемелерге) жолаушыларды тіркей бастады.

1841 ж. Томас Кук әрбір жолаушыдан 1 шиллинг ала отырып Ланкестерден Лонгоборугқа дейін теміржол саяхатын көпшілік адамға (570) арнап ұйымдастырылды. Бұл көпшілікке жарнамаланған алғашқы экскурсиялық поезд болады, ал Кук экскурсиялық поездардың алғашқы агенті түрінде көрінді. 1847 жылдан бастап Куктың компаниясы саяхаттар мен экскурсияларға деген билеттерді тек Англияда ғана емес, шет елдерге де тарата бастады. 1863 ж Кук үлкен туристік саяхатты Швейцарияға, ал 1868 ж Солтүстік Америкаға ұйымдастырды. Қазіргі кезде Куктың компаниясы дүние жүзіндегі ең ірі туристік ұйымдардың бірі болып табылады. Жеке эксклюзивтік сапарларды ұйымдастырудың алғашқы маманы ағылшын Томас Беннет болды, ол Ослодағы (Норвегия) британ консулының хатшысы бола отырып, Норвегияға жеке адамдар үшін театр турларын ұйымдастырды. 1850 жылдан бастап ол жеке туристер үшін маршруттар, көлік, тамақ, туристік құрал – жабдықтар ұсына бастады, олар үшін қонақ үй номерлері мен аттар туралы алдын – ала келісіліп отырды.

*Алғашқы ұйымдастырылған экскурсиялар.*

II ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың ортасында ұлы ойшылдардың ықпалымен Еуропаның кейбір оқу орындарында оқушылар үшін қысқа экскурсиялар мен жаяу серуендер қолданыла бастады. Олар белгілі поляк педагогы Ян Амос Коменскийдің әдістері бойынша оқыту мен тәрбиенен нақтылығы мен көрнекілігі үшін өткізілді.

Ресейде экскурсиялық қызмет XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасты. Бұл кезде жаратылыстану әуесқойлар қоғамы Петербургте, Мәскеуде, Қазанда, Екатеринбургте, Тифлисте және басқа қалаларда белсенді жұмыс атқарды. 1902-1909 жылдары Кавказ тау қоғамы (Пятигорск) жұмыс істеді. 1905 жылы Ресейдегі алғашқы экскурсиялық мектептердің бірі – Қырым – Кавказ тау клубының Ялталық экскурсиялық бюросы құрылды. 1899 жылдан бастап Мәскеудегі педагогикалық қоғамда гимназиялардың, коммерциялық мектептердің оқушылары үшін жалпы білім беретін экскурсияларды ұйымдастыру бойынша комиссия жұмыс істеді, ол Мәскеулік оқу аймағының жанындағы Орталық экскурсиялық комиссияның жұмысын да бағыттап отырды.

Экскурсиялық қызметтің дамуы тарихи, мәдени және табиғи ескерткіштердің, ансамбльдердің, мұражайлардың және әр түрлі көрмелердің ашылуымен қатар жүрді. Бұл жағдайда ғылыми қоғамдардың ұсыныстық қызметі, зиялы қауым өкілдерінің ұсыныстары әсер етті. 1872 ж. Мәскеуде Политехникалық мұражай, ал 1873ж. Тарихи мұражай құрылды. XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейде тау саяхаттары кең тарай бастады. 1877 ж. Тифлистегі Кавказ жаратылыстану қоғамы жанына елдегі алғашқы альпілік клуб құрылды. 1890 ж. Одессада құрылған қырым тау клубы өзінің филиалдарын Ялта мен Севастопольде ашты. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында туризмнің дамуына көптеген ғылыми және әуесқойлық қоғамдар көп көңіл бөле бастады. Олардың ішінде Орыс география қоғамы,



Жаратылыстану әуесқойлары қоғамы, Петербургтың халық университеттері қоғамы т.б. бар.

Экскурсиялардың, Шыңға шығудың, жаяу жорықтар мен велосипед серуендерінің кең таралуы, көптеген ғылыми және кәсіподақтың, өсімдіктердің, ұйымдардың, оқу орындарының туризм мен экскурсияларға деген ынтасы, орыс зиялы қауымының саяхаттарды қозғалыс пен танымдық экскурсияларды халықты ағарту үшін пайдалануға ұмтылуы туризм мен экскурсия әуесқойларының арнайы ұйымдарға бірігуіне алғашарт жасады. Сөйтіп, 1895 ж Орыс туристер қоғамы, ал 1901 ж Орыс тау қоғамы құрылды. Осы екі қоғам да 1917 жылға дейін негізгі туристік ұйымдар болды.

*Алғашқы орналастыру орындары.*

Қонақ үй индустриясының алғашқы кәсіпорындарының пайда болуы Ежелгі Риммен (б.з.д. 50ж.) байланысты. –Үлкен Рим империясында жұмыстармен жиі басқа жерлерге баратын әкімдер мен саудагерлер көп болды. Олар үшін қалалар мен елді мекендерде, басты жолдар бойында аялдау бекеттері салына бастады. Рим империясының құлдырауымен бірге (б.з.д. 1 ғасыр) бұл аялдау бекеттері мен таверналар тоқырап, тек орта ғасырларда сауда мен саяхаттың дамуына байланысты қайта жаңғырды. Еуропалық экономикалық қайта өрлеу дәуіріндегі қауырт дамуы, жаңа кәсіпкердің, елдер арасындағы сауданың пайда болып, дамып, кеңейуі қонақ үйлерге деген қажеттілікті көбейтті. Сол кездерден бастап –ақ қазіргі қонақ үй индустриясының негізі қалана бастады.

Туризмнің қалыптасуындағы келесі кезең XII – XIV ғасырларда басталған қайта өрлеу және XVIII ғасырдағы Ағарту дәуірлері болды. Бұл ғасырларда оқу – білімнің, тәрбиенің, өнердің жан – жақты дамуына байланысты қоршаған ортамен танысу, тәрбие, оның ішінде әсіресе, дене тәрбиесі құрал ретінде, көп жағдайда балалар тәрбиесімен байланысты Еуропаның сол кездегі мемлекеттерінде, Батыс Еуропада, саяхаттар мен серуендер жиі пайдаланыла бастады. Олардың білім беру мен тәрбиенің маңыздылығы жайлы сол дәуірдің ұлы ағартушылары мен ойшылдары – Томас Мор, Руссо т.б. әр түрлі ойлар айтып, өздерінің еңбектерін жазып қалдырған.

Туризм толық түрдегі қоғамдық құбылыс және термин ретінде XIX ғасырда қалыптасты. Бұған ішінара сол кездегі параходтар мен темір жолдардың пайда бола бастауы әсер етті. 1815 жылы саяхатшы және жазушы Дж. Галиньяни Парижде ең алғашқы саяхат ұйымдастырды. 1829 ж. Неміс саяхатшысы К.Бекедер өз бетінше саяхат жасаушылар үшін саяхат жасаушылар үшін жол көрсеткіш кітапшалар дайындап шығарды. 1841 ж. Ағылшын Томас Кук (1808 – 1892) алғаш Лестерде сонан соң Лондонда коммерциялық (паушельдік – бірдей бағадағы) саяхаттарды ұйымдастырған алғашқы саяхаттар бюросын құрған, 1843 ж. Ол теміржол вагондарын жалға алып және туристерді азықпен, ат сайыстарына деген билеттермен қамтамасыз ете отырып, алғашқы көп адамдық тур ұйымдастырылған. Ал 1847 жылдан бастап Томас Кук Еуропаның әр түрлі елдеріне экскурсия

билеттерін тарата бастады. Томас Кук халықаралық туризмнің негізін салушы болып есептеледі. 1854 ж. Т.Куктың бюросы үлгісі бойынша К.Ризель Берлинде алғашқы неміс саяхатшылар бюросын ашты. XIX ғасырдың екінші жартысында Еуропаның көптеген елдерінде туристік бюролар, Фирмалар, клубтар ашылды. Мысалы, осы жылдары Лондонда велосипед саяхаты, Берлинде су саяхаты, Аустралияда тау саяхатшылар клубтары құрылып жұмыс істей бастады.

Дүние жүзінің экономикалық алдыңғы қатарлы елдерінде кең көлемдегі туризм көп адамдық ұшақтардың пайда бола бастауының, автомобильдердің кең тарай бастауының, жол көліктік жүйелердің дамуының, демалыс мерзімдеріне ақы төлеу жүйесінің ендірілуінің нәтижесі ретінде 1950 жылдардан бастап нығая бастады. 1970 – 80 жылдары туристер арасында көп тараған жақын жерлерге отбасылық автомобильдер саяхаттары, орташа және алыс қашықтықтарға жасалынатын авиочартерлік инклюзивтурлар, автобустық турлар мен теңіздіккруиздік саяхаттар ұйымдастырылды. Рсы жылдары жаңа туристік аймақтар пайда болды. Халықаралық туристік ұйымдар, ішкі және халықаралық туризмнің рыноктары, туристік жарнама мен насихат сферасы қалыптасып, маркетингтің негізгі принциптері құрылды. Ал 27 қыркүйек – Дүние жүзілік туризм күні деп жарияланды. Жүние жүзілік туристік ұйымның берген ақпараты бойынша қазіргі кезде жыл сайын 2 – 2,5 млрд. Туристік саяхаттар жүзеге асырылады. 2000 ж. 390 млн. Астам адам туристік саяхаттарға шыққан (дүние жүзі бойынша).

Туризмнің Ресей және бұрынғы ТМД елдеріндегі даму кезеңдері. Ресейдегі туризм туралы алғашқы мәлімет XVIII ғасырға қатысты. 1777 жылдың желтоқсанында «Московские ведомости» газеті «Ботен өлкелерге жасауға болатын саяхаттар жоспарын» газет бетіне басып шығарған. Бұл жоспарды құрған Мәскеудегі ақсүйектер пансионның иесі Вениаман Генш болатын. Ол Германия, Швейцария, Италия және Франция елдері бойынша осы елдердегі фабрика ісімен, өнермен және университеттермен танысу мақсатындағы саяхаттар үшін жас дворяндардың шағын тобын құруды ұсынды. Бұл жоспар туристік мақсатта шет елдерге коллективтік сапарларды ұйымдастырудың алғашқы қадамы болатын.

18 ғасырда Мәскеу және Санкт – Петербург қалалары бойынша алғашқы жол көрсеткіш басылымдар пайда болды. Олардың бірі: «Санкт – Петербургтің алғашқы 1703 жылдан салынуынан бастап 1751 жылға дейінгі тарихи, географиялық және топографиялық сипаттамасы» деп аталынады, авторы-архивариус Андрей Богданов (1779 ж.), ал екіншісі: өз бойында қазыналық көпірлердің, сарайлардың, шіркеулердің, монастырлардың, шағын көшелердің және үлкен көшелердің аттары бар императорлық, астаналық қала «Москваның суреттемесі» (авторы В.Г.Рубан, 1782 ж.) деп аталды. Бұл жолсерік кітапшалар сол кездердегі саудагерлерге арналған, тек жолаушылар мен көрушілерге арналып жасалынды. Богданов пен Рубанның және т.б.-дың осындай жолсілтеме кітапшалары 18 ғасырдың аяғында жарық көрген Ресей астанасының ерекше жерлері мен олардың көркемдік бағасын сипаттайтын бірінші кітаптар болды.

19 ғасырдың 1- жартысында туризм Ресей азаматтарының тек бір ғана шектелген бөлігі (негізінен дворяндар мен көпестердің) айналысатын істері болып қалып қойды. Саяхаттар көбіне Батыс елдерге және Санкт –Петербург пен Мәскеуге жасалды. Саяхаттар ұйымдастыратын арнайы мекемелер болған жоқ. Оларды насихаттауда саяхатшылар туралы жазылған әдебиеттің рөлі жоғары болды. Мысалы ол жылдары Н.М.Карамзиннің «Орыс саяхатшыларының хаттары» (1791-92), Н.И.Гречтің «Англиядан, Германиядан және Франциядан жол хаттары» (1839) т.б. кітаптар жарық көрді. Бұндай авторлардың көпшілігі шет елдерге жасалынған саяхаттарды сипаттап жазды. Ресейдің басқа бөліктеріне арналған жол сілтегіш кітапшалар пайда болды. Дмитриевтің «Мәскеуден Санкт –Петербургқа дейін және кері қарай жол сілтемесі», 1847 ж. Жарық көрді.

19 ғасырдың екінші жартысында орыс саяхатшылары Англиялық («дүние жүзі бойынша алғашқы тау саяхатшылары клубы 1857), Австриялық (1862 ), Швейцариялық (1863)т.б. тау саяхатшылары клубтары жұмыстарымен танысып, Альпі тауларындағы клубтар маршруттарымен жүріп өтті. Шет елдер клубтары үлгісімен 1878 ж. Тифлисте Ресейде алғаш рет тау клубы – «альпілік кавказ клубы және жаратылыстану әуесқойлары ооғамы» құрылған болатын, ол ресми түрде Ресейлік география қоғамының Кавказ бөлімшесінің құрамында болды. Алайда бұл қоғам көп жұмыс атқарған жоқ, небәрі 6 жылда, бірнеше экскурсиялар жүргізіп, Кавказдың табиғаты туралы мақалалары бар бірнеше кітапшалар шығарды. Ресей туризмінің тарихында 1890 ж. Қырым тау клубы көбірек із қалдырған. Бұл клубтың әсіресе Ялта бөлімшесі ерекше танымға ие болды, бұл бөлімшені ұзақ уақыт дәрігер В.Н. Дмитриев басқарды. Бөлімше Ресейде алғаш рет Қырымның Ең қызғылықты жерлеріне: Бахчисарайға, Учан-Суға, Массандраға, Алупкаға, Ливадияға, Ай-Петриге көптеген туристік сапарлар ұйымдастырды. 1896-1913 жылдары бөлімше өткізген экскурсияларға 120 мыңнан астам адам Ресей қалаларынан келіп қатысты. Оқушылар экскурсияларын ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінді, олар Қырымға өз мұғалімдерімен бірге топ-топ болып (тіпті әр топта 150 адамға дейін) саяхаттар ұйымдастырған болатын.

1885 ж. Петербург өзінің алдына Еуропа елдерімен таныстыруды мақсат етіп қойған және коммерциялық сипаттағы «Дүние жүзінің барлық елдеріне жасалатын қоғамдық саяхаттар үшін құрылған кәсіпорын», ол кейінірек 1895 ж. Жол-анықтауыш кітаптарды шығарумен, Ресей әр түрлі қалаларда туристерді қабылдауға арналған қонақ үйлерді құрумен, өз мүшелерінің ұжымдық сапарларын өткізумен айналысқан, кейінірек аты «Туристердің ресейлік қоғамы» болып өзгерген «Велосипедші-туристердің Ресейлік қоғамы» құрылды.

1910 ж. соңғы аталған қоғам өз бетінше жасалатын көп күндік экскурсиялар үшін материалдық жағдайлары жоқ адамдар үшін Кавказға, Қара теңізге, Оралға және Ресейдің басқа да аудандары мен аймақтарына саяхаттар ұйымдастырды. Қоғам мүшелерінің шетелдерге жасалынған саяхаттары қатысушы адамдардың өздері құрған маршруттар бойынша шағын топтар арқылы жүзеге асты. Қоғамның Бельгияның, Австрияның,

Англияның, Италияның және басқа елдердің туринг-клубтарымен жасаған келісім шарттарының нәтижесінде Ресейден келген туристер жол билеттерін сатып алу, қонақ үйлерде орналасу, велосипедтерді жөнге келтіру және кедендік төлемдер кезінде т.б. жерлерде жеңілдіктерге ие болды. Қоғам сонымен бірге оқушылармен жүргізілетін экскурсияларға көп көңіл бөлді, олар туралы «Русский турист» журналында әңгімелер, мақалалар жиі жарияланып тұрды.

1901 ж. Мәскеу-Казан теміржолының директоры А.К.фон Мекканың ұсынысы юойынша құрылған Орыс тау қоғамы өз мүшелеріне арнап Кавказға арзан саяхаттар ұйымдастырды. Сол үшін аттар ұстады, қонақ үйлер мен қонақ жайлар құрып, саяхатшыларды тау Құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етті. 1902 ж. Пятигорскіде, Кавказ Минералды сулары курорттарында дем алушыларға экскурсиялық қызмет көрсету үшін Кавказдық тау қоғамы құрылғанды. Бұл қоғамның мүшелері Эльбрустың беткейлерінде «Кругозор» үйшігін салды, әскери-Осетин, әскери-Грузин жолдары бойынша, Эльбрустың етегіне, «Нарзандар» аңғарына арнайы маршруттар құрды. 1909 ж. Владикавказда тау клубы политехникалық қоғам жанына құрылды. 1910 жылдары бүкіл ел бойынша Ресейде туристік қозғалыс қарқынды болды: көптеген қалаларда экскурсиялық комиссиялар, бюролар, комитеттер, жеке туристік кеңселер құрылды. Олар туристік топтар мен жеке экскурсанттардың астаналармен және губерниямен орталықтармен танысуы кезінде көмек көрсетуге арналды. Халықаралық туризмнің дамуына едәуір үлес қосқан 1908 ж. құрылған техникалық білімдерді таратуқоғамының үлестіру бөлімінің экскурсиялық комиссиясы болды, ол 1908-1913 жылдары Германияға, Швейцарияға, Ұлыбританияға, Жапонияға және басқа мемлекеттерге 7000 мыңнан астам адам, оның ішінде, 4500 мұғалімдер (көпшілік адамдарға саяхаттар жеңілдіктермен ұйымдастырылды) жіберді. 1917 жылға дейін саяхаттар әуесқойлары тек астаналарды емес, солармен бірге, ірі губерниялық қалаларды, Қырым мен Кавказды игерді, Орта Азияда, Алтайда, Байкалда болды. Ішкі туризм шет елдерге қарағанда кең ауқым алды. Алайда мемлекеттік туристік ұйымдар бұрынғысынша құрылмады, туризмнің дамуы әуесқойлар мен жеке кәсіпкерлердің қызметтері бойынша анықталды.

#### *Кеңестер одағы кезіндегі туризмнің дамуы.*

Революциядан кейін бұған дейін өмір сүрген туристік қозғалыстың ұйымдастыру формалары: тау клубтары, экскурсиялық комиссиялар мен бюролар, жеке туристік кеңселер т.б. өздерінің өмір сүруін тоқтатты. Алайда 1919 жылдың ақпанында Халық ағарту комиссариаты жанындағы еңбек мектебі бөлімінде мектептегі экскурсия жұмыстарын жандандыру мақсатында экскурсиялық секция құрылды. Ересектер арасында туризмді насихаттаумен Бас саяси ағарту кеңесінің экскурсиялық бюросы айналысты. Ол экскурсиялық әдіс-тәсілдемелер жасады, клубтар, кәсіподақтар т.б. ұйымдар жанынан ашылған экскурсиялық мекемелердің қызметтерін үйлестірді. Бұл бюро бірнеше экскурсиялық станциялар ашты. Олардың ішінде әсіресе Петроградта (1920 ж.) ашылған «Экскурсанттар үйі»

станциясы өз қызметімен ерекше көзге түседі. Алайда бұл станциялар көп ұзамай жабылып қалды. Басты себебі экономикалық әлеуметтік жағдай деп есептейміз.

1920 жылдың басында бұрынғы, революцияға дейін болған ресейлік туристік қоғамдар РТҚ қайта жаңғырып, өз жұмыстарын жалғастыра бастады.

1927 жылдың басында жаппай – көпшілік туризмді дамыту үшін алғаш Мәскеу комсомол комитетінде, кейінірек Бүкілодақтық комсомол комитеті жанынан туризм бюралары ашылды, олар көптеген әуесқойларды пролетарлық туризм деп аталған жаңа қозғалысты біріктірді. Туристердің өз еркімен құрылған қоғамдарын кеңейту мақсатында Ресей туристік қоғамы ашылды, оған 1928ж комунистер мен комсомол мүшелері жаппай кірісе бастады, қоғам жарғысы бойынша 1928ж кезексіз конференция өткізілді, жаңа басқарма сайланды, оның төрағасы болып партия және мемлекет қайраткері Н.В.Крыленко бекітілді. 1929 жылдан бастап РТҚ елдегі туристік қозғалыстың ұйытқысы болды, оның бөлімшелері көптеген басқа қалаларда, кәсіпорындарында, ұйымдар жанынан т.б. жерлерде ашылды. 1929 жылдың қаңтар айында бұл қоғам пролетарлық туризм қоғамы болып қайта құрылды, жаңа жарғы қабылданды. Қоғам өзінің алдына туризмді еңбекшілер арасында кеңірек таратуды, туризмді әскерилендіру арқылы Кеңестер Одағының қорғаныс қабілетін нығайтуға көмек етуді, туризмге өлкетану элементтерін енгізуді мақсат етіп қойды.

Пролетарлық туризм қоғамының бөлімшелері барлық жерде ашыла бастады, мүшелерінің саны 50 мыңға жетті, бір жылдың ішінде жасалған жорықтарға 300 мың адам қатысты, қоғам туристік кадрлар дайындай бастады, өзінің арнайы басылымдарының ішінде «Құрлықта және теңізде» журналы шыға бастауы дәлел.

1920 жылдардың соңына қарай елде туризмді ұйымдастырумен сондай-ақ Халық ағарту комитетінің шешімімен 1928ж. құрылған «Советский турист» акционерлік қоғамы да айналысты. Оның мақсаты Кеңестер Одағының барлық аумағы бойынша турбазалар ашу және маршруттар құру болды. 1930ж. елдегі туризмді дамыту жұмыстарын жақсарту мақсатында Халық комиссарлар кеңесі «Совтур мен Пролетарлық туризм қоғамын қосып Пролетарлық туризм және экскурсия қоғамын құру жайлы шешім қабылдады. 1934ж. Халық ағарту комитетінің Орталық балалар туристік – экскурсиялық станциясы құрылды. Халықаралық туризм бойынша ұйымдастыру жұмыстарымен бұл кезде 1929ж. 11 сәуірде Еңбек және қорғаныс кеңесінің шешімімен құрылған Бүкілодақтық акционерлік қоғам -«Интурист» айналысты. 1936ж. Орталық атқару комитеті туризм жұмыстарын өз еркіндігі негіздегі қоғам шеңберінде қалдыруды сапасыз деп тауып 17 сәуір күні туризм мен альпинизм бойынша барлық жұмысты Орталық атқару комитетінің жанындағы бүкілодақтық кеңесіне тапсырды. Осымен бір мезгілде бүкілодақтың кәсіподақ қоғамына альпинизм, жаппай туризм, алыс, жақын маршруттар

бойынша жорықтар ұйымдастыруға басшылық жасау тапсырылған болатын. Бүкілодақтық кәсіподақ бұд мақсат үшін Туристік –Экскурсиялық басқарма (ТЭБ) құрды. 1930 жылдары туристік кеуде белгілері, туристік клубтар пайда болды. ТЭБ көптеген ұйымдар мен оқу орындарында туристік бөлімшелер құрды, жоспарлы туристік маршруттар санын арттырды, бірқатар жерлерде туристік демалыс үйлерін салды, және турбазаларды жөндеуден өткізді. Соғыс кезінде көптеген турбазалар әскери емхана ретінде пайдаланылды.

1945 жылдан кейін ТЭБ-лар көптеген басқа жерлерде жұмыс істей бастады. Жаңадан турбазалар ашылды. 1950 ж. 67 туристік базаларда 40 мың адам демалса, 1955 ж. туристік базалардың саны 100-ге жетті. Өз бетінше ұйымдастырылатын туристік жұмыстар қайта өрлей бастады. 1949 ж. туризм бірыңғай бүкілодақтық спорт классификациясына ендірілді. 1950 жылдары туризм дене тәрбиесі факультеттерінде жеке сабақ болып ендірілді. 1958 жылдың маусым айында Бүкілодақтық комсомол комитеті шетелдік жастар ұйымдары мен туристер алмасу ұйымдастыру және Халықаралық жастар туризмі бюросын -«Спутникті» құру жайлы шешім қабылдады. 1962 ж. ТЭБ орнына Туризм бойынша орталық кеңес, ол 1970 ж. Сходня қаласында (Мәскеу облысы) туризм-экскурсия қызметтерінің мамандығын көтеру үшін Орталық курстар ашылып, ол кейіннен, 1982 ж. Туристік-экскурсиялық ұйымдар қызметкерлерінің мамандығын жетілдіру институты болып қайта құрылды. Көптеген университеттердің география факультеттерінде 1960-70 жылдары «Өлкетану және туризм - өлкетану жұмыстарын ұйымдастырудың әдістері» мамандығы ашылды. 1979-80 ж. Мәскеуде елдегі ең ірі (9,5 мың орындық) қонақ үй комплексі «Измайлово» т.б. қонақжайлар мен (туристер үшін) орындар ашылды. 1988 ж. турбазалар мен қонақ үйлерде 42 мыңдай адам демалды, экскурсанттардың саны 207 млн. Адамға жетті.

Қазақстандағы туризмнің дамып қалыптасуы.

Қазақстандағы туризмнің дамып қалыптасып, дамуы 1920 жылдардан кейін басталды. Республикада құрылған алғашқы оқу орны - Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының дене дайындығы кафедрасынан республика аумағы бойынша жорықтар ұйымдастырыла бастады. Бұл жорықтар шаңғы, тау, және жаяу туризм бойынша ұйымдастырылды. Шаңғы туризмі бойынша Іле Алатауы етегімен Бурное селосына дейін Жамбыл облысының Жуалы ауданының орталығы жорықтар ұйымдастырылды. Бұл жорықтарды ұйымдастырушылар тау туризмінің және альпинизмнің мамандары болды. Жаяу туризм бойынша Іле Алатауы арқылы Қырғызстан аумағына ұйымдастырылды. (Сонгкол, Нарын, Буам шатқалы, Көкшелтау т.б.) Бұндай жорықтарға институт студенттері де қатысты. Жорықтар 1941 жылға жейін жалғасып тұрды.

Кейінірек 60-жылдары Алматы Дене шынықтыру институтынан туризм (спорт ретіндегі) кафедрасы ашылды және 1950 жылдардан бастап республика бойынша республикалық, облыстық, қалалық туристік кеңестер, комитеттер, оқушылар станциялары жұмыс істей бастады. 1968 жылдары алғашқы шетелдік туристер қабылданды. Олармен жасалған жорық (Чехословакия туристері) қырғыздың Тюп, Қаракөл қалаларына жасалынды.

Оларды бастап барушылар көп жылдар бойы жасөспірімдер туристік станциясында жұмыс істеген Абдамбаев С.С., Жездібаев Т.К. болды. 1990 жылдан кейін, Қазақстан және мемлекет дәрежесіне жекен соң туризм, жастар ісі және спорт министрлігі құрылды. Алматы мемлекеттік Абай атындағы университеттегі (бұрынғы қазақ педагогикалық институты) география-экология факультетінде республика, тіпті ТМД көлемінде алғашқылардың бірі болып туризм мамандығы және кафедрасы ашылды. Бұл мамандық бойынша екі түрлі бағытпен («халықаралық туризм» және «география – туризм») мамандар дайындала бастады. Мақсат туристік жұмыстарды ұйымдастырушы кадрларды және халық шаруашылығының перспективалы бағыты ретінде туризмнің кәсіпорындарында жүргізілетін шаруашылық, қаржылық жұмыстар үшін мамандар дайындау қолға алынды. Қазіргі кезде республика жоғары оқу орындарында 050902 –Туризм және 050116 – География мамандықтары бойынша туризм менеджерлері мен география пәні мұғалімі және туристік өлкетану жұмысын ұйымдастырушы мамандары даярлануда. Бұл кездерде қауырт жабылған балалар мен жасөспірімдер стансалары, орталықтары қайтадан ашылуда.

Республикада балалар мен жасөспірімдер, жастар туризмі оқу тәрбие құралына айналатын кезең туды. Жоғарға оқу орындарында әсіресе педагогикалық – туризм өлкетану пәндері арнайы курс, негізгі пән ретінде оқытылуда. Бұл жағдай Қазақстан туризмінің даму болашағын көрсетеді.

## **II тарау.**

### **2.1. Турист гигиенасы. Жорықтар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету.**

Жорықтар және оқу-жаттығу сабақтары кезінде туристік топ мүшелерінің ауырып қалуы және мертігуі мүмкін. Бұндай жағдайларда дер кезінде дұрыс көмек көрсетілмесе олардың арты асқынуға алып келед. Туристік жорықтар елді мекендерден көп жағдайда алыс жерлерге жасалатындықтан туристер керек жағдайда мертігу сипатын анықтап, өзіне және жолдасына алғашқы көмек бере алуы керек. Мертігу кезінде адамдардың жеке ағзасы мен терісінің бүлінуінен басқа дене құрылысының жалпы жағдайында қатерлі өзгерістер мен қалыптан ауытқу болуы мүмкін. Медициналық алғашқы көмек жарақаттанған адамды кмдеу орныны жеткізгенге дейін көрсетіледі. Уақытында жасалынған көмек одан кейін болатын емдеу сапасы мен нәтижесінде оң ықпал етеді. Мысалы, сүйек ашық сыну кезінде тез арада және дұрыс қойылып, байланған жанама зат шок, инфекция сияқты қатерлі асқынулардың алдын алады.

Алғашқы көмек көрсету кезінде тезірек зиянды жердегі сыртқы орта заттарының ықпалын тоқтатуға немесе көмек берілетін адамды қолайсыз жағдайдағы ортадан алып шығуға (мысалы судан т.б.) тырысу керек. Көмек зақымдалған адамның жағдайына қарай көрсетіледі де, егер ол нашарлай бастаса, мүмкіндігіне қарай тезірек тасымалдау ережелерін сақтай отырып, ең жақын емдеу орнына жеткізеді.

Тыныс алуды қиындататын немесе мүлде тоқтататын суға кеткен, электр шоғына ұшыраған, күн өткен жағдайларда көп ретте жасанды демалдыру жүргізуге тура келеді. Жасанды демалдыру алдында зақымданған адамның аузы мен мұрнын сілекейден, қабыршақтардан, құсықтан. Топырақтан тазартады, кеудесін, қол-аяғын, ішін ашады. Жасанды демалдыру кезінде жүрекке массаж жасалатындықтан зақымданған адамды қатты жерге жатқызады. Қолмен орындалатын жасанды демалдыруға қарағанда кез-келген жағдайда ауызға және мұрынға ауа үрлеу әдістері жеңіл, қолайлы.

Ауызға үрлеу әдісі арқылы жасанды демалдыру кезінде зақымданған адамның бас жағында тұрып, оның басы барынша кейін қайтарады, алақанмен мойынды көтеріңкіреп тұрады. Екінші қолдың бірінші және екінші саусақтарымен ауызға үрленген ауаның шықпауы үшін мұрнын қысып тұрады. Егер бұдан кейін зақымданған адамның жақтары қысыңқы болып қала берсе ортаңғы саусақтармен төменгі иектің шеттерін ұстап, оны көтереді, одан соң иекті осы жағдайда ұстап тұрып саусақтарды иек астына ауыстырып иекті төмен тартып зақымдаушының аузын ашады. Бұдан кейін терең тыныс алып өзінің аузын орамал немесе дәке арқылы зақымдаушының аузына тығыздап жақындастырады да оған жылдамдатып ауа үрлейді. Одан соң еріндерін зақымдаушының аузынан босатады. Бұл кезде көмек алатын адамның кеудесі төмендеп, ауа сыртқа шығады. Ауа үрлеу қалыпты тыныс алу жиілігіне (минутына 20 рет) сәйкес жүргізіледі.

Жасанды демалдырудың мұрынға үрлеу әдісі кезінде көмек көрсетіп тұрған адам шүйдедегі бір қолымен зақымданған адамның басын



шалқайтады, ал екінші қолымен жақты көтеріп, ауызды табады. Ауаны мұрнын еріндерімен тұтас, тығыз жаба отырып орамал не салфетка арқылы үрлейді. Бұл тәсілді әдетте зақымданушының аузын еріндермен жаба алмау жағдайына байланысты қолданады.

Жүрек соғуының және тыныс алудың тоқталған жағдайында тікелей емес (сырттай, жабық жағдайда) түрде жүрекке массаж жасауды жасанды демалдырумен қатар орындайды. Көмек көрсететін адам зақымданушының оң немесе сол жағында тұрып, алақаны оның ортасы кеуде сүйектің төменгі шетінен жоғары келетіндей етіп кеудесіне қояды. Оған оның үстіне екінші алақанды қойып қатты, жылдам қозғалыспен барлық дене салмағының көмегімен басыпбосатулар жасайды. Әр басқан сайын қолдарын тартып, кеуденің жазылып жүрекке қан келуіне мүмкіндік береді. Веналық қанның жүрекке келуін жеңілдету үшін зақымданушының аяқтарын сәл көтеріп қояды.

Жасанды демалдыруды жүрекке массаж жасаумен бірге екі адам жүргізген қолайлы. Бұл кезде біреуі ауаны бір рет үрлейді, екінші бұдан соң 5 рет кеудені басады. Егер көмекті бір адам жасауға тура келсе ол адам жасанды демалдыруды массаж жасаумен айтылған әдіс бойынша алмастырып тұрады. Жасанды демалдыру мен жүрекке массажды жүрек соғысының (тамыр соғысының) және өз бетінше тыныс алудың қалпына келуіне дейін немесе нағыз өлім белгілерінің (өліктің көгере бастауы, селікпей қалу) пайда болуына дейін жалғастырады. Тыныс алу мен жүрек соғысының қалпына келуінен соң зақымданған адамға шай, жүрек жұмысын жақсартатын нәрселер береді.

Туристік жорықтар кезінде орын алатын жарақаттар мен ауру түрлерін және олардың себептері мен алғашқы медициналық көмек жағдайын қарастырамыз.

1) Тау ауыруы – жоғарғы биіктіктегі (3000-3500 метрден жоғары) көтерілу кезіндегі оттегінің жетіспеуіне байланысты пайда болатын сырқатты жағдай. Тау ауыруының күшеюіне жоғарғы ультракүлгіндік радиация, ауа ылғалдылығының төмендігі және тағы да басқа биік тау факторлары (ауаның сиреуі, қысымның азаюы) әсер етеді.

Бұл ауруды күшейтетін қосымша факторлар, сондай-ақ қалжырау, ауаның салқындауы, биіктікке бейімделу деңгейі, дене жаттығулары жағдайы, көтерілу жылдамдығы, тері арқылы дем алу, тамақтану жағдайы.

Тау ауыруының негізгі белгілері -әлсіздік, ауаның жетпеуі, жүректің тез соғуы, қалғу немесе ұйқысыздық, бастың ауыруы және айналуы, құсқысы келу, кейде мұрыннан ұан кету, талып қалу. Олар кейбір әлсіз, егде адамдар үшін 1500-2000 метр биіктіктен, басқа адамдар үшін 4000 метр биіктіктен біліне бастайды. Тауда болатын 3 күннен соң ауыру белгілері, адаптация нәтижесінде әлсірейді. Бұл кезде бас ауыруын тоқтату үшін анальгин қабылдаған жөн. Жорық алдындағы акклиматизация өткен дұрыс.

Биік таулы ауданға тез көтерілу және оған автокөлік немесе тікұшақ арқылы бірден жету кезінде 3500 биіктіктен бастап 6-12 сағаттан соң тау ауыруының асқынған түрі пайда болуы мүмкін (әсіресе аз жаттыққан

адамдарда), олар-өкпенің қатты қабынуы, жүрек-тамыр соғысының жетімсіздігі, естен тану. Бұлар тез күшейеді, сондықтан, жедел көмекті талап етеді. Ауырған адамды тез арада төмен түсіреді, оттегі мен тыныс алдырады, қою шай немесе кофе береді.

2) Кене энцефалиті – орталық жүйке жүйесінің энцефалит кенесінің шағуы нәтижесінде зақымдануынан пайда болатын инфекциялық ауру. Аурудың тудыратын –энцефалит кенесінде болатын және сол арқылы тарайтын вирус. Ол сирек жағдайда вирусты жұқтырған сиырлар мен ешкілердің сүті арқылы тарайды. Энцефалит кенесі орманды (шыршалы ауданды), бұталы және биік шөпте жерлерде болады. Кененің шағуы көктемгі және жазғы (мамыр және маусым айлары) кездерде, әсіресе, олардың табиғи белсенділігінің артуына байланысты күшейеді. Аурудың белгілері шаққаннан кейінгі 8-23 күннен (орташа шамамен 10-12 күннен соң) біліне бастайды. Ол бастың ауруы, жоғарғы температура, құсу, дірілдеу, еттер параличі (мойынның, иықтың), естен тану т.б. олардың жартысы жеңіл түрде өтеді. Кенелер шөптерде және бұталарда, шыршаларда жиналып, өтіп бара датқан адамдардың киімдеріне жабысады. Олар көбіне басқа мойынға, кеудеге және иықтарға бекініп, бірнеше тәулікке дейін қанды ауыртпай сорады.

Кене энцефалитінен қорғану үшін кенеге қарсы арнайы киім –бүркемелі комбинизон немесе штормовка және арнайы тігілген костюм пайдаланылады. Кәдімгі киімді жағаларын қымтап жауып, шалбар етектерін, аяқ киім ішіне кигізіп, көйлектің етегін шалбарға енгізіп, кең белдеумен тартып байлап, мойынды орамалмен орап денеден ашық жер қалдырмайды. Жорық кездерінде демалыс және түнеу үшін құрғақ, ашық жерлер таңдалып алынады. Шатырды орнатар алдында орынды шөптен, ұсақ бұтадан тазартып, беткі қабатты алып, жерді тығыздайды. Шөпті және бұтақтарды төсеніш ретінде пайдаланбас бұрын, оларды 3-4 сағат күн көзінде ұстайды немесе отқа қыздырады.

Сақтанудың тиімді әдісі – кенені табу және оны киім мен денеден алып тастау үшін киімдерін шашпей әр 2 сағат сайын өзін-өзін және бір-бірін қарау. Ал түскі қысқа демалыс пен түнеу кезінде негізгі көңілді терінің терінің қылтанды және қатпарлы бөліктеріне аудара отырып денені тұтас қарау. Денеден табылған кенені өсімдік майымен майлап немесе бензин жағып, одан соң пинцетті, болмаса мықты жіптен жасалған ілмекті пайдалана отырып, жайлап, қатты тартпай, екі жаққа тербелте отырып тұмсығын мыжып тастамай және үзбей шығарып алады. Егер шаққан орында тұмсығы қалатын болса, оны инемен алып тастап, жара орнына және көмек берушінің қолына спирт дағады. Қауіпті аудандарда сүтті пайдаланбау керек. Жорықтан соң барлық киімді жуып, ыстық үтік жүргізеді. Кене энцефалитіне ұшырау қаупі бар ауданға барар алдында туристердің қыркүйек-қазан айларынан бастап, арнайы егуден 3 оет өтуі қажет. 3 –ші егуді 2-шіден үш ай өткен соң, алайда ауданға келерден 10 күнге дейін бұрын жасайды.

3) Кенелерден басқа жорықтар кезінде кейбір улы насекомдар мен жәндіктердің шағу қаупі бар. Олар да өзара алғашқы көмек беруді қажет етеді. Улы жәндіктердің шабуыл жасауы мен қорғанысқа байланысты улы

заттар бөлетін арнайы органдары болады. Бұл жәндіктердің шағыуынан соң улану әсері тез күшейіп шағылған жер және жалпы белгілер бойынша біліне бастайды.

Улы жәндіктер қатарына жоғарыда аталған кенелерден басқа аралар, түкті аралар (оса), есеқаралар (шершень), құршаяндар (скорпион), қарақұрттар, бүйілер (тарантул), гадюкалар, қаражылан (гюрза), қалқантұмсықтар жатады. Бал арасы шаққан кезде оның тұмсық түгін алып тастау керек. Одан соң шаққан терді спиртпен жуып, мұз басады. Жалпы ауыр қалмен қатар жүретін араның таралуы кезінде, егер зақымданған адамды емдеу орнына жеткізу мүмкін болмаса, оған көп сұйықтық береді, оған ас содасын қосады, димедролдың, супрастиннің бір таблеткасын, 0,1 г аскорбин қышқылын, 0,05г рутинді 1 күнде 3 уақыт береді.

Өрмекші тәрізділерден ең қауіптісі-қарақұрт. Оның уы өлімге әкеледі. Қарақұрттың шағуы көбіне олардың жазғы миграциясы кезінде болады. Құршаянның кейбір түрлері мен бүйірлердің шағуы да қауіпті. Өрмекші тәрізділердің уы негізінен жүйке және жүрек-тамыр жүйелерін зақымдайды. Бұл кезде дене тұтас ауырады, діріл пайда болады, жүрек соғысы жиілейді, бас ауырады, құсады, ауа жетпейді. Өрмекші тәрізділер шаққан кезде шаққан жерден қанның алғашқы тамшыларын сығып, уды ауызбен сорып алады да түкіріп тастап, аузын сумен шаяды. Зақымданушыға көп сұйықтық ішкізіп, шаққан орынға суықтық басады, оны қозғалтпай, таңып тастайды. Улану белгілері біліне бастаған жағдайда зақымданушыны тез арада емдеу мекемесіне жан-жақты шұғыл шаралар қолдану үшін жіберу керек. Шаққан жерді кесуге, күйдіруге, қол-аяқты қысып тануға болмайды.

Жылан шағып алған адамның жағдайының ауыртпалылығы көптеген факторларға байланысты. Олар: жас ерекшелігі, денсаулық жағдайы, шаққан жері (ең қауіптісі мойын және кеуде),удың түрлі ткандерге (етке, тері астына, қанға) өтуі жылан уының әсері оның сипатымен анықталады және шаққан жердегі, сондай-ақ жалпы белгілер арқылы білінеді. Бұл белгілер шаққан жердегі ауырсыну, жансыздану, көгеру, паралич, дірілдеу жүрек қызметі мен тыныс алудың бұзылуы т.б. Жылан уы тез сіңеді, сондықтан алғашқы көмекті тезірек көрсету қажет. Ең алдымен алғашқы қан тамшыларын сығып алып тастап, уды шаққан жерге бриллианттық зеленка немесе йод жағады. Шаққан жерді күйдіруге, қысып байлауға, алкоголь беруге болмайды. Зақым шеккен адамды тыныштыққа ұстап, көп сұйықтық ішкізіп, шаққан жерге қатар қатты зат (шина) қойып немесе суық зат басады. Мүмкіндік болған жағдайда, яғни туристік топ ішінде медициналық қызметші болған және керекті дәрі-дәрмек қорапшасымен жабдықталынған жағдайда тез арада арнайы жылан уына қарсы екпелерді денеге ендіреді. Алғашқы көмек көрсетілгеннен кейін зақымданған адамды емдеу мекемесіне жеткізеді.

Әдетте улы жәндіктер адамға өздері тиіспейді, бірінші шабуыл жасамайды. Шағып алу олардың қалыпты өмірін, тіршілігін адамдардың бұзуының, ұялары мен мекендерін бүлдірудің, оларды ұстап алуға тырысудың т.б. нәтижесі болып табылады. Сондықтан шағып алудан сақтанудың негізгі шараларының бірі – улы жәндіктердің тіршілік жағдайы

мен ортасын шамалап болса да білу. Өрмекші тәрізділердің шағуынан сақтану үшін жатар алдында шатырлар мен қаптарды ұқыпты түрде қарап шығып, шатыр мен оның аузындағы барлық тесіктерді бітеп, киім мен аяқ киімді киер алдында қарап шығып, сілқу қажет. Жыландар күндіз әдетте ескі ағаш түптерінде, шөп арасында, ағаш діндері мен тастар астында жасырынып жататындықтан, тексеру кезінде таяқты пайдалану керек. Жорықтар алдында жыландардың түсін, т.б. ерекшеліктерін улы жыландаржы шақпацйтындарынан ажырату үшін біліп алу қажет.

Жорық кездерінде, жарақат нәтижесінде және тағы басқа жағдайларда организмнің жалпы жағдайының бұзылуы мен өзгеріске ұшыруы мүмкін. Олар естен тану, коллапс, тіл байлану (шок), асфиксия (алқыну). Естен тану мидың қанмен толық жабдықталынбауы нәтижесінен туындайтын аяқ асты болатын организмнің ерекше күшті эмоциянальдық әсер нәтижесінде толқу, қорқу, қауіптену, қатты ауру, тау ауруы кездерінде, күн өту және тағы басқа сырқатты жағдайларда пайда болады. Естен тану кезінде алғаш әлсіздік пайда болып, бас айналады, құсқысы келеді, құлақтарда шу пайда болды, көз алды қарауытып, түрлі дақтар тұрып алады. Ауыру бозарып, бетінде суық тер шығады, есі кете бастайды да құлайды. Есін кіргеннен кейін біраз уақытта шейін әлсіздік сақталынады. Ауру жатып үлгерген жағдайда естен тану ары қарай күшеймей ес қалпында қалады.

Естен тану кезінде ауруды шалқасынан жатқызып, қысып тұрған киімдер мен құрал-жабдықтардан босатып, нашатыр спиртіне малынған мақтаны мұрнына жақындатады, самайын одеколонмен немесе уксуспен ысады, бетіне суық су шашып, екі бетін ұрады. Егер бұл шаралар жеткіліксіз болса нашатыр спитін иіскетіп, кардиомин, кофеин береді. Естен танудың себептерін анықтап, оның қайталанбауы үшін шаралар қолдану керек, өйткені маршруттың күрделі бөлігінде естен тану ауыр нәтижелерге алып келуі мүмкін.

Коллапс едәуір қан кету, жүрек еттерінің әлсіздігі, ұзақ уақыт отырмай тік жүру кездерінде пайда болажы. Коллапс кезінде әдетте ес сақталынады, қатты бозару пайда болып, тамыр соғысы жиілейді, әрең білінеді, тыныс алу алғаш баяу, онан соң жиі және терең емес, қол-аяқ суынады, суық тер шығады. Бұл белгілер күшейген жағдайда естен айрылу жүруі мүмкін.

Тіл байлану-жарақат алғаннан соң жиі пайда болатын ерекше, ең ауыр жағдай. Тіл байлану кезінде зақымданушының күші тез төмендеп, организмнің барлық тіршілік функциялары әлсірейді. Зақымданушы оршаған ортадан бейхабар жағдайда болып, есі сақталынса да, күшті жарақатқа қарамастан дыбыс шығармайды, «ауырды» деп айтпайды, көмек сұрамайды. Тіл байлану қан кетуге, қатты ауыруға байланысты жүйке жүйесінің қатты шаршауынан пайда болады. Егер мүмкіндік болса зақымданушыға ауруды басатын дәрілер және жүрек жұмысын жақсартатын заттар беру керек. Егер зақымданушының іш қуысы органдары зақымданбаған болса бір литріне бір қасық ас содасы және жарты қасық ас тұзы араластырылған су беру ұсынылады. Мұндай ауыруды тек жатқызған түрде тасымалдайды.

Асфиксия. Асфиксияның пайда болу себептері кеуденің қысылуы, қарсеңіне, опырылыстарға түскен кездердегі жоғарғы тыныс алу жолдарының қармен, топырақпен бітеліп қалуы. Алқыну кезінде тыныс алу әлсірейді немесе тоқталып қалады. Тез көгеру, көз алмаларының кеңеюі, естің кетуі, тамырдың әлсіз білінетін жиі соғу жағдайлары пайда болады. Жүрек қызметі тоқтайды.

Күйіп қалу. Жорық жағдайында термикалық күйо түрлері жиі кездеседі. Олар от жаққан кезде сақтанбау, примусты және басқа ысытатын құралдарды пайдалану кезінде байқамай қалудан және ыстық су, тамақ құйылған ыдыстың төңкерілуі нәтижелерінде болады. Күйодің бұл түрлері үстіртін күйоге (негізінен 1-2 дәрежедегі) жатады және қалпында қалады, сондықтан күйген орын өз бетінше, өзінен -өзі жазылып кетеді. Бірінші дәрежелі күйоге терінің қызаруы және ісіңкіреуі тән. Екінші дәрежелі мөлдір ақшыл-сары сұйықтықты көпіршіктер пайда болады. Жалын арқылы күйо кезінде жанып жатқан киімді тез арада сумен, қармен немесе тығыз матамен өшіріп, одан соң оны шешіп тастайды. Ыстық сұйықтықпен күйо кезінде де ыстық сұйық зат тиген киімді тез шешіп тастау керек. Егер күйген жер шағын болатын болса тез арада оны суық су немесе қар басып салқындатады (10-15 минут), одан соң таза материалмен таңады, ауыруды басу үшін 1-2 таблетка аналгин береді. Одан ары қарай күйген орын дененің ашық жерлерінде (бетте, қолдың басында) болатын болса оған күніне 4-5 рет вазелин жағады, болмаса күніне 1-2 рет оны қатыратын заттармен (тенин т.б.) өңдейді. Егер күйік орны ірілеу болса фурацилин немесе ривонал ерітінділері бар дәне немесе мазь жағылған (мысалы синтомицин) дәке таңып тастайды. Елді мекендеге жеткен соң зақымданушыға медициналық көмек алу үшін көріну қажет. Кең көлемдегі күйо кезінде (жалпы денесінің 10-15 % астамы) күйоге байланысты тіл байланудың және күйік ауруының болу мүмкіндігіне байланысты дәке таңылғаннан соң зақымданушыны жатқызып, қымтап, ыстық шай және аналгиннің 2 таблеткасын беріп тез арада емдеу мекемесіне жөнелтеді. Егер емдеу мекемесіне жеткізу бөгеліп жатса немесе ұзаққа созылса зақымданушыға алғашқы 6 сағат ішінде, әр сағатта 2 стаканнан кем емес сілтілік-тұз қоспасын (2 стакан суға 1 шай қасық тұз және жарты шай қасық ас содасы). Терең күйіктер барлығында да кейбір «Халықтық» тәсілдерді пайдалану іріндеу қаупінің болуына байланысты дұрыс емес.

Термикалық күйік түрлерін болдырмау үшін жорық кездерінде бірқатар ережелерді сақтау қажет: от қасында жүретін кезекшілер шалбар, аяқ киім, қолғап киіп жүруі тиіс, тамақ пісіру үшін орнатылатын аспаптардың нық тұруы керек, ыстық тамақ пен су бар ыдыстарды адам жүретін жерлерден алыс қою қажет, от қасында ұзын шөміштерді пайдаланады.

Туристік жорықтар кезінде күн өту нәтижесінде, жаздың басында, таулы аудандарда көктемде ультракүлгін сәулелердің күшеюі кезінде тері күйо қаупі бар. Күн арқылы терінің күйоі кезінде қызарған жерлерді ешкі сүтімен, одеколонмен және спиртпен сүртеді. Көпіршіктер пайда болған жағдайда кәдімгі термикалық күйік кездеріндегідей шаралар қолданылады.

Күннен күюден сақтану үшін жеңді көйлек, екі жаны мен артына 2 қабат дәке тігілген жазғы шапка, күшті күн сәулесі кезінде көз үшін ойықтары бар дәке маскасын, жұқа, ашық, түсті мақта матадан тігілген қолғаптар кию керек. Күнге күюдің ерекше түрі- қар шағылысы. Қар шағылысы қарды беткі қабатынан қайтатын күшті ультракүлгін сәулелердің әсерінен көздің қабынуы, жарыққа қарай алмау, жасаурау және жастың ағуы, кірпіктердің жабысуы пайда болады. Осы белгілер біліне бастағанда зақымданған адамға қара көзілдірік киюі керек. Көзді калии перманганатының әлсіз ерітіндісімен немесе қою, сұйық шаймен шаяды. Қар шағылысын болдырмау жолы – ультракүлгін сәулелерді сіңіріп алатын қара көзілдіріктер кию.

Күн сәулелері сондай-ақ күн өтуге немесе дененің қызуына әкеп соғады. Оған қоршаған ортаның жоғарғы температурасы да әсер етеді, ауаның жоғарғы ылғалдылығы лдан ары күшейтеді. Дененің қызуы жүрек-тамыр ауруларымен ауыратын, зат алмасуы бұзылған, эндокриндік өзгерістерге және басқа ауруларға ұшыраған адамдарда жиі байқалады. Дене қызған кезде әлсіздік, бас ауыруы мен айналуы, құсқысы келу байқалып, одан кейінгі қызу кезінде тамыр соғысы мен тыныс алу жиілеп, дене температурасы 38-40<sup>0</sup>С-қа дейін көтеріледі, бұл кезде естен тану болуы мүмкін. Аяқ асты болатын дене қызуының ауыр түрі естен айырылумен, дірілдеумен, жүрек қызметінің, тыныс алудың бұзылуымен қатар жүреді, өлімге әкеліп соқтыруы мүмкін.

Денесі қызған адамды көлеңкеге жатқызып, бетіне суық су шашады, керек жағдайда жасанды демаолдырады. Температуралық факторлар әсеріне деген жаттығулар, срындай-ақ жылу алмасудың бұзылуына, организмнің қызып кетуіне жағдай туғызатын аурулар мен ауыратын адамдарды анықтау үшін жүргізілетін медициналық тексерулер үлкен маңызға ие.

Жорық жағдайларына найзағай түсу нәтижесінде де күйік пайда болуы мүмкін. Ол жалпылама белгілермен – орталық жүйке жүйесінің, қан айналу органдары қызметтерінің бұзылуымен қатар жүреді. Найзағай тиген кезде теріде қызыл жолақтар түрінде іздер қалады.

Найзағайдан зақымданған адамға жасанды демалдыру мен жүректі уқалау жиі жасалынады. Оны жерге көмуге немесе топырақпен үйкеуге болмады. Найзағай күн күркіреуі кезінде шындарда, жолдарда, асулар мен ашық кеңістіктерде электрлік ұшқынның адам отырған жерден жақындай өтуі жағдайындағы тікелей түседі немесе қыналар өскен тастарлы бөліктермен металды жерлермен жар тастардың жарықшалары мен айырылмаларындағы ылғалдың жиналған жерлерімен және ағаштар тамырларымен таралуы нәтижесінде пайда болатын электр ағынына ұшырау болады.

Найзағайдан сақтану үшін дер кезінде қауіпсіз жерді таңдап, оған барып тұру керек. Егер күн күркіреуі жақындай бастаған кезде туристік топ бір беткейде жолда болса ол жерді тез тастап кету керек. Қауіпсіз жерлер – құрғақ, шығынқы жар тастар мен ағаштардан, қуыстардан, беткейдің өзектерінен, кішкене шұңқырлардан, үңгір түбі мен ауызынан алыс, құмды, қорымды немесе мореналы, оттан, металл заттардан қашық орындар. Киім құрғақ болуы керек.

Жорықтар кезінде асқынбалы тыныс жолдарының аурулары пайда болуы, козуы мүмкін. Олардың пайда болуына организмнің суық тиюге ұшырауы, шаршау әсер етеді. Тез шаршау пайда болып, бас ауырады, өол-аяқ сыздайды, одан кейін температура көтеріліп, жөтел пайда болады, тамақ ауырады, дауыс қарлығады, өкпе қабынады, қинала дем ала жөтелу кезінде кеуде ауырады. бактерияға қарсы құралдар – ампикикс, этазол керек.

Жорықтарда сондай-ақ улану және ішек инфекциясы болуы мүмкін. Бұндайда құсқысы келіп, іш ауырады, температура көтеріледі. Егер бұл 3 күн ішінде басылмаса энтеросептол (2 таблеткадан күніне 3 рет) немесе фтолазол (2 таблеткадан күніне 4 рет) қабылдайды. Іштің төменгі оң жағы қатты ауырса ол жерге суық басып, ешқандай дәрі, тамақ бермей жатқызып ең жақын медициналық медициналық пунктке жеткізу керек.

Төменгі иемператураның әсерінен кейде дене ткандерінің бүлінуі болады. Оған қосымша әсер ететін жағдайлар, ылғалды, желді, ауа-райы, тар және су кеткен киім мен аяқ-киім, жеткіліксіз немесе тұрақсыз тамақ қабылдау, Қатты шаршау, ұйқының қанбауы,, ішімдік ішу т.б. жағымсыз факторлар, көп жағдайда қол-аяқ саусақтары, мұрын құлақтар мен бет үсиді.

Ауыр 3-4 дәрежелі үсіну жағдайында тез арада емдеу орнына жібері керек. Ісінудің алғашқы белгілері кезінде қан айналымын күшейту үшін жылдам қозғалыстар жасау керек, немесе қанты бар глюкоза ішеді. Көбіршіктер пайда бола бастғанда мазь жағып, мақтамен немесе жылы шүберекпен орайды. Анатокситн енгізіп анальгин, пирамидон қабылдайды. Суық кезде сондай-ақ организмнің жалпы суыққа ұрынуы да болады. Ол кезде жылыту, жылы киіммен қымтау және ыстық шай мен кофе беру керек.

Туристік жорықтардың барлық түрлері кезінде де түрлі жарақаттар болуы мүмкін. Миға зақым келу, биіктен құлау, тас құлау кездерінде болады. Қысқа уақыттағы естен тану, құсу, беттің бозаруы, бұл жарақаттың алғашқы белгілері. Ауыр жағдайдағы белгілер көп уақытқа естен айырылу, қырылдап демалу, мұрыннан, құлақтан қан кету. Бұл бас сүйегінің сынуын көрсетеді. Тезірек медициналық емдеу орнына жеткізу керек. Алғашқы көмек, зақымданушыны жатқызу, басқа суық басу. Люминол, бармамил, пирамидон беріп шай ішкізу. Жарақат орнына йод жағып, стрептоцид ұнтағын себу.

Кеуде сүйектерінің сынуы үшкір тастарға, шығыңқы мұздарға құлау және автоавариялар кезінде болады. Бет көгереді, қатты ауыру пайда болып, тыныс алу жиілейді, қырылдап дам алу пайда болып, қанды сұйықтық ағады. Зақымданушыны беліне дейін шешіндіріп жараға таза жұмсақ қағаз басып жабыстырады. Егер жара көлемді болса бинтпен байлайды. Ауыр жарақаты қабырға, кеуде сүйектері сынуы кезінде тез медициналық көмек керек, оған дейін зақымдану миға 1-2 таблетка анальгин беруге болады.

Жеңіл зақымдар кезінде ауырыңқырау, ісіңкіреу, қанталау болады. Ондай жағдайларда қысатын шүберек қойып, оның үстіне суық басады.

Қан кету әр кезде терінің, Ткандердің бүлінуі нәтижесінде болады. Орналасқан жеріне тереңдігі мен көлеміне қарай қан кетудің жылдамдығы әр қалай. Жараға бірнеше рет қабатталған таза, кез-келген матаны қойып, оны 10-15 минут алақанмен басып тұру қажет. Одан соң бұл матаны таза арнайы

қағазбен ауыстырып, оны қысып таңып қояды. Кейде ішкі қан кету және ішкі органдардың бүлінуі болуы мүмкін. Оның белгілері тез әлсіреу, бозару, терлеу, жиі әлсіз тамыр соғу. Бұндай кезде зақымданушының өмірін сақтау үшін тез арада хирургиялық көмек қажет. Жорықтың созылған жағдайына зақымданушыны ұдайы бақылау керек. Жараның ауыруы шеттерінен қызаруы, дене температурасының көтерілуі асқыну белгілері болып табылады, тез эвакуацияны қажет етеді. Ткандердің жансыздануын болдырмау үшін оны 1,5-2 сағатқа ғана салу керек. Жарақаттанушыны тасымалдау кезінде артерияны саусақпен басып тұрып бұрауды 5-10 минутқа қажетті шаралар жасайды. Ішке қан кету кезінде суық басады. Жара төңірегіне мақта немесе дәке қойып, пластырмен бекітеді. Қатты қан ағатын артериялық қан кетуден басқа веналық және капиллярлық қан кету бар. Бұлар бойынша қанның ағуы баяу. Сондықтан шүберек қойып қысып таңу жеткілікті.

Жорықтар кезінде есінен айырылған ішкі органдары бүлінген, сүйектері сынған адамдарды тасымалдау жүргізіледі. Ол үшін тәжірибелі, күшті, шыдамды адамдардан 4-5 адам болу керек. Тасымалдау қолда бар арқалап, киім, жатын қап, таяқ, шаңғы, арқан т.б. заттарды пайдалану арқылы көтеріп жүретін құрал жасап жүргізіледі. Егер көтеретін құрал жасау мүмкін болмаса, қолдарды айқастыру арқылы зақымданушыны алып жүреді. Оны жатқызу, отырғызу жағдайлары жарақат орны мен сипатына байланысты. Тасымалдау кезінде қатты бақылау және қажет болған жағдайда тоқтап кідіріс жасау керек. Егерде туристік топ ұйымдасқан топ жетекші тәжірибелі болып келген жағдайда қауіпсіздік шаралары, аурудың алдын алу істері қолданылып жоғарыдағы зақымданудан арылуға болады.



## III тарау. Топографиялық негіздер және бағдарлау

### 3.1. Таудағы қауіп-қатерлер

Жорықтарда кездесетін қауіп-қатер түрлерін бірнеше түрге бөліп қарастыруға болады.

1) Жер бедеріне байланысты пайда болған қауіптер. Оларға тау ауыруы, көздің жасаурауы. Селдің және қар көшкінінің болуы жатады. Тау ауыруымен көз жасаурауына байланысты мәселелер оқулықтың «Алғашқы медициналық көмек» бөлімінде қарастырылған болатын. Қар көшкіні-тау беткейлерінен құлап немесе сырғып түсетін қар көлемі. Қар көшкіні жылдың, тәуліктің кез келген уақытында пайда болуы мүмкін. Қар көшкінінің жүруі мынадай жағдайларға байланысты.

2) Жылылық кезде немесе жауыннан соң беткі төсеніш қабат пен қар қабаты арасындағы ылғалдық пайда болып, қар қабатына судың сіңуі.

3) Қардың төменгі қабаттарындағы бос, бір-бірімен байланыссыз түйдектердің пайда болып олардың үстімен жоғарғы қар қабатының сырғанауы. Қозғалу сипаты бойынша қар көшкіні беткейдің тұтас бойымен, сайлар мен өзекартерді бойлап және төбелерден секіре жүреді. Қар тығыздығы 30-800 кг/м<sup>3</sup> аралығында, жүру жылдамдығы 20 м/с – 60м/с шамасында болады. Арнайы құрылған қызмет оғандары қар көшкіні туралы қауіпті жағдайда тұрғындарды, туристік ұымдарды хабардар етіп отырады. Мүмкіндігінше жорық кездерінде қар көшкіні болуы мүмкін жерлерден алыс жүріп, оларды айналып жүру керек. Егер тауда 30-50 см қалыңдықта қар жауса, биік таулы немесе ормансыз белдеуге баруды 2-3 күн қоя тұру керек. Қар 50см – ден артық жауса жорыққа шығу 4-5 күннен кейінгі белгіленеді, бұның өзінде де қар көшкінінің болу мүмкіндігі сақталады. Әсіресе V-тәрізді аңғарлар, ойыстар, сайлар, өзекартер мен олардың астыңғы беткейлері және қалың қар қабатымен жабылған ашық, тік беткейлер қауіпті. Қауіпті белдеуден өтудің ең дұрысы жер бедерінің шығыңқы формалары арқылы – кең контрфорстармен, жолдармен, ағаш, бұталар өскен жерлер мен жартасты бөліктермен тұру керек.

Қауіпті белдеуді бір-бірлеп 100 м дейінгі (ашық беткейлерде) ара қашықтықты сақтап өтеді. Қозғалу кезінде ең дұрысы беткейлермен бір ізбен тек қана жоғары, амалсыз жағдайда ғана қиялап жүру керек. Өйткені көлденең жүру қар қабатын «кесіп» қардың төсеніш бетімен бекіну күшін бұзып, қар көшкінін тудыруы мүмкін. Қауіпті белдеуде тұрған кезде шулауға, қатты сөйлеуге болмайды. Нұсқаулар ақырын дауыспен немесе ыммен беріледі. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін топтан бір немесе бірнеше адамды бөледі, олар көшкіні бола қалған жағдайда ол туралы түрлі жолдармен белгі береді. Кейде қар беткеймен ешбір дыбыссыз жылжиды. Қауіпті бөлікке шығар алдында барлық жорыққа қатысушылар беліне немесе қолының шынтақтан жоғары жағына қар көшкіні жібін іледі. Бұл жіп 15-25м, қарда тез тез байқалатын ашық түсті болуы керек. Туристің қар көшкініне түскен жағдайында жеңіл жіп қар үстіне шығып қалады да, ол арқылы көміліп қалған адамды табады. Дәрі-дәрмек қорапшасы, қар көшкіні

күрегі және таяғы бақылаушыларда немесе соңында жүретіндерге болады. Қар көшеіні күрегі қар басып қалған адамдарды қазып алу үшін, фирма мен қардан үйшіктер мен желден қорғалатын қабырғалар тұрғызу үшін т.б. мақсаттарға пайдаланады. Қар көшкіні таяғы қар астындағы адамды, жабық, қармен бүркелген жарықшақтарды түртіп табу үшін қолданылады.

Қар көшкіні болған жағдайда қауіпті белдеудің жерден тезірек кету керек. Ең дұрысы айналма жолмен түсуі қажет. Егер ол жерлерден кету мүмкін болмаса, тез арада мұз ойғыштан, арқалап, шаңғыдан босану керек. Ол үшін қауіпті беткейге шығар алдында арқақаптың белтаспасын шешіп, қолды мұз ойғыштың қол ілмегіне шығарып, шаңғының ұзын таспалы бекітулерін босатады. Қар түспес үшін ауызды немесе мұрынды мойын орағышпен не свитердің жағасымен жауып қол аяқтармен жылдам жүру қимылдарын жасап, қар көлемінің жоғарғы бетінде қалуға және мүмкіндігіне қарай қар көшкінінің шетіне қарай жылжуға тырысу қажет. Қар астында қалған жағдайда тізені ішке қарай жақындатып, бүгілген қолдармен жабады, осымен бір мезгілде еркін тыныс алу үшін ауыз бен мұрын алдындағы қарды сығады. Қар көшкіні тоқтаған кезде қар астынан босанудың барлық Қамын бірден жасау керек, өйткені қозғалмаған жағдайда қар тез тығыздалып, қатып, көшкін астында қалған адамды шығармай тастауы мүмкін. Егер өз бетінше босанып шығу мүмкін болмаса салқынқандылықпен, күш пен ауаны үнемдей отырып және ұйқыға бой алдырмай көмек күту қажет. Қтқарушылардың қадамдары мен дауыстарын естіген жағдайда айқайлау керек. Бірнеше тәуліктен тәуліктен соң адамдарды қар астынан тірі алып шыққан жағдайлар белгілі. Қар көшкініне түскен адамның қозғалуын бақылаушылар байқап тұрып, оның маңындағы қардың тоқтаған жерін белгілеп, көшкін таяғын, т.б. құралдарды пайдаланып шығарып алады, алғашқы медициналық көмек көрсетеді, адам табылмаса арнайы құтқарушыларды не жақын маңдағы елді мекеннен адамдар шақырады. Қар көшкіні кезінде срндай-ақ 50-100 м-лік ауқымды рациялар пайдаланылады.

Жорықтар кездерінде жер бедеріне байланысты қауіптермен қатар ауа-райына байланысты (жоғары және төменгі температура, боран, жауын-шашын т.б.), туристердің мінез-қылықтарына байланысты (рұқсатсыз топтан қалып қою, басқа жаққа кетіп қалу, жетекшіге бағынбау т.б.) кейбір жәндіктерге байланысты (кенелер, қарақұрт т.б.) және жетекшіге байланысты (дайындықтың дұрыс өткізілмеуі, қажетті заттардың, құралдардың алынбауы, маршрутты дұрыс білмеу т.б.) қауып түрлері кездеседі. Жетекші жорық кезінде қалыптасқан жағдайларға байланысты, кедергілерден өтуге, түнейтін жерді таңдап алысуға не алдын-ала белгілеуге, кедергілер сипатына және жергілікті жер ерекшеліктеріне байланысты құралдар мен тәсілдерді таңдап алуға байланысты дұрыс шшімдер қабылдауы тиіс. Сондай-ақ ол маршруттың бөліктерін анықтау, кедергілер сипатын білу үшін барлау ұйымдастырылуы мүмкін. Барлау негізінен бивуак кезінде кешке қарай, таңертең және тұман кезіндегі бағдарлау қиындаған жағдайда жасалынады.

Тау жорықтарында түнеу асулар алдында ұйымдастырылады да, асудан өту таңертеңгі қатқақта басталады, бұл жүруді жеңілдетеді. Түнеу кезіндегі

шатыр тігудің өзіндік тәсілі бар. Алдымен шатыр түбіндегі (төсеніштердегі) бұрыштар бекітіліп, сонан соң барып алдыңғы және артқы маңдайшалар тартылады, соңынан орта шендегі бүйір бұрыштар шығарылып тартылып бекітіледі. Шатырды жинаудың да амалы бар, ол үшін оны жайып қабының ұзындығындай көлемде қабаттап асып байлайды. Тіккен кезде бұрыштар қазықтармен немесе тастармен бекітіледі де ағаш, бұталарға байланады.

Қорытынды кезеңде жоспарлы туризм бойынша туризм топ жетекшісі жұмыс және қаражат жайлы есеп береді. Мектеп туризмінде жорықтар өлкетануға байланысты, көбірек өткізілетіндіктен жорық қорытындысы бойынша іс-шаралар (диспуттар, конференциялар, кездесулер, көрмелер және мұражайлар т.б. ) ұйымдастырылады. Спорттық туризм бойынша топ жетекшісі МКК-ға (маршруттық квалификациялық омиссия) жорық туралы есеп тапсырады. Ол есеп бойынша спорттық дәрежелер (III, II, I-разрядтар, спорт шеберіне кандидат, спорт шебері) жеке туризм түрлері бойынша туристік топ мүшелеріне тапсырылады.

### 3.2. Туристік жорықтардағы алғашқы жәрдем.

Кенеттен қатты ауырғанда, мертігіп, жарақаттанғанда және адамның денсаулығы мен өміріне қатер төнетін басқа да жағдайда дәрігер келгенше, не ауру (жарақаттанған) адамды емдеу мекемелерге жеткізгенше алғашқы қарапайым жәрдем шаралары жасалуға тиіс. Ауырған не жарақаттанған адамдар кейде өзіне-өзі жәрдем жасай алады. Мәселен, егер адамның стенокардия (жүрек демікпесі) ауруы ұстаса, онда ол кенет тоқтай қалып, тілінің астына валидол не нитроглицерин таблеткасын салады, егер уланса ас қазанын шаяды (1 литрдей суды ішіп, көмекейіне саусағын жүгіртіп, бірнеше қайтара құсалы); жарақат түскен жерін жуып, оған дәрі жарады т. б. (Улану, Тағамнан улану, Жарақат мақалаларын қараңыз).

Адам көлденең кездейсоқ жағдайға ұшырағанда, жарақаттанғанда, қан кеткенде, кенеттен есінен тайраңда оған жедел жәрдем көрсетуге тура келеді. Мұндағы ең басты мақсат — жарақаттану зардабын одан әрі өршітпеу: күн өткен адамды (Күн өту мақаласын қара) көлеңкеге апару, ал газдан иіс тигенде — таза ауаға шығару, суға батқанды құтқару (Суга бату мақаласын қараңыз); тоққа түскенді одан ажырату (Заңымдану мақаласын қараңыз); өртке шалдыққан адамның киіміндегі отты өшіру т. б. Екінші міндет — қарапайым медициналық дәрі-дәрмектер мен құрал-жабдықтарды пайдалана отырып, оқиға болған жерде алғашқы дәрігерлік жәрдем көрсету. Үшінші міндет — дереу жедел көрсететін дәрігерді шақыру, не жарақаттанған адамды жақын арадағы медициналық мекемелерге жеткізуді ұйымдастыру. Жарақаттанған не ауырған адамды, осы мақсатқа арналмаған транспортпен тасыранда, оның қорабына қалың етіп шөп, сабан төсеп, зембілді соған жайғастырған жөн. Жәрдем көрсетілетін адамды екі кісі қолын айқастыра ұстап көтеруге де, қолма-қол жасалған зембілге жайғастырыл жеткізуге де болады. Алғашқы дәрігерлік жәрдемнің және одан кейінгі емдеу шараларының ойдағыдай болуының, тіпті әл үстіндегі адамның өмірін сақтауда ең алғашқы көмектің дер кезінде, әрі мұқият атқарылуының айрықша маңызы бар. Алғашқы жәрдем амалдарын қолданғанда, аурудың немесе жарақаттың жалпы сипаты ескеріледі. Жарақаттанған жағдайда аққан қанды тоқталу шаралары жасалады. Ол үшін қан шыққан жердің жоғарғы жағынан тамырлы, жарақаттың ауыр-жеңілдігіне қарай қысып таңады да, жарақаттың үстіне таза бинт, мақта, дәке немесе шүберек қойып бастайды. Содан кейін ол адамды міндетті түрде таяу маңдағы дәрігерлік мекемелерге жеткізеді. Онда жарақаттанған жер дәріленеді, тігіл еді, сіреспе не құтыру ауруына қарсы егіледі. Буыны шыққанда, сүйегі сынғанда, сіңірі үзілгенде не созылғанда адамды қозғалтпай жатқызу керек. Ол үшін мертіккен жерге жұқа тақтай, ағаш қабығын, картон т. б. затты қойып, оны бинтпен, орамалмен, белбеумен, шүберекпел орап тастайды. Егер сүйегі аман болып, сіңірі созылған, үзілген, буыны шыққан жағдайда тек айқастыра таңыл тастаса да болады. Осылайша жәрдем көрсетілген адамды тез арада жарақат емдейтін пунктке не басқа да дәрігерлік мекемеге жеткізеді. Онда жарақат рентгенмен тексеріліп, алғашқы дәрігерлік жәрдем көрсетіледі. Денені химиялық заттар

күйдіргенде және үсікке шалдыққан жағдайда, зақымданған жерді таңар алдында, теріні сутегінің асқын тотығымен, қайнаған таза сумен жуалы, ал күйікті спиртке (араққа) малынған дәкемен таңады. Көзге шөп-шалам түскенде, әсіресе көз жарақаттанғанда кір қолмен, бет орамалмен сүртіл, инфекция жұқтырып алмау керек, бұл жағдайдағы алғашқы жәрдем туралы Көру мақаласынан оқуға болады). Ауру адам кенеттен есінен танғанда, оны бір қырынан не шалқасынан жатқызып, басын бір жағына бұрып қояды (бұлай етпеген жағдайда, ол лоқси қалса, құсығы тыныс жолдарына кетіп, тұншығып өліп кетуі мүмкін), омырауын ағытыл, таза ауа келуін қамтамасыз етеді (терезені ашады т. б.). Аяқ астынан іш бүріп қатты ауырғанда, аурулы жатқызып, ішіне мұз не салқын су басады; мұндайда асқазанды шаюға, іш жүргізетін дәрі-дәрмектер беруге болмайды (Соқырішек мақаласын қараңыз). Үйде, машинада, туристік жорықта жүргенде медициналық жәрдем көрсету үшін аптечка қамдап қойған жөн Үй аптекасы мақаласын қараңыз), онда семья мүшелерінің, жорыққа қатысқандардың т. б. ескі сырқатына қарай алынған дәрі-дәрмектер де болуы тиіс.

Алғашқы жәрдемнің ең басты шарасы — өміріне қауіп төнген адамды өлімнен арашалау (яғни дәрігерге дейінгі реанимация). Әдетте, адам өлген сәтте, оның әр түрлі органдары мен организміндегі тканьдер тіршілігін сол бойда емес, бірте-бірте тоқтатады, сондықтан оның қызметін, соның ішінде негізгі тіршілік қызметін де — қан айналымы мен тыныс алуын — кейбір жағдайда қалпына келтіруге болады. Тірілту қысқа уақыттың ішінде — клиникалық өлім сәтінде, яғни тыныс алуы мен қан айналысы тоқтаған мезетте, әдетте, 4—5 минут аралығында жүзеге асырылады. Бұдан кейін биологиялық өлім басталады да, адамды тірілту, ақылесін қалпына келтіру өте қиынға түседі (үсік шалғай не суық суға батқандардані басқасы).

Клиникалық өлім мертігуден, уланудан, қатты тонудан не қатты қызудан, су ға батып тұншығудан, көмейдің ісінуінен, тыныс жолдарына әлдененің тұрып қалуынан, ток соғу салдарынан, тыныс тарылғаннан, кенеттен ұстаған сырқаттан (миокард инфаркті, ми қан айналысының бұзылуы т. б.), басқа да себептерден болуы мүмкін. Демнің бітіп, жүрек қызметінің тоқтағанын дененің «әдеттен тыс» қалпынан — басының түр-әлпетінің, қол-аяғының ұйқыдағы адамға ұқсамалтын жансыз қалпынан аңғаруға болады. Мұндайда кеуделе тыныс қозғалысы білінбейді, беті мен мойын терісі бозарып, көгереді, көзінің қарашығы үлкейіп, тамыр соғуы сезілмейді; жүрек соғуы (кеудесіне құлақ тосқанда) естілмейді. Мұндай жағдай адамның көлденең кеселге тап болғанын, немесе кенеттен есінен танғанын көрсетеді. Сондықтан ауру диагнозын анықтауды күтпей-ақ, жедел жәрдем көрсете бастаған дұрыс. Тыныс алуын қалпына келтіру үшін әуелі денесін қысып тұрған киімдерден (галстугін, жағасын, белдігін, көйлекті т. б.) босағады да, тыныс жолдарына ауа еркін келетіндей жағдай жасайды. Сырқаттың аузы-мұрнындағы тыныс алуына бөгет болатын заттарды: сілекей-қақырықты, тамақ қалдығын, қан ұйындысын, тіс протезін т. б. алады. Соңғы кезге дейін қолдан тыныс алдыру (Сильвестр әдісі т. б.) әдісі кеңінен қолданылып келді. Мұндайда қол, иық, кеуде бұлшық еттерін ары-бері қозғалтады. Алайда

мұндай әдісте дем ішке тартылғанда небары 300 ем<sup>3</sup> ауа енеді, ал адамды тірілту үшін ең кемі 800 ем<sup>3</sup> ауа қажет (дені сау адам бірқалыпты тыныс алғанда 600—700 ем<sup>3</sup> ауа жұтады). Сондықтан медициналық аспаптар мен құралдар болмаған жағдайда қолдан дем алдыру (өкпеге ауа жіберу) үшін ең дұрысы аузына, не мұрнына тікелей ауызбен ауа жіберу әдісін қолданған жөн. Ауызбен ауа жіберу жансызданған адамды тірілтуге толық жеткілікті, өйткені үрленген ауа құрамында 16% оттегі (ал атмосфера ауасында 21%) болады. Зардап шегуші адамның басын неғұрлым шалқайтып ұстап, иегін жоғары көтеріп үрлеген жөн, сонда үрленген ауа асқазанға емес, өкпеге барады; ол үшін нықтық астына биіктетіңкіреп жастық не бүктеген киім қояды. Жәрдем көрсетуші адам бір қолымен оның мұрнын қысып, екінші қолымен иегінен тартып аузын ашады (ашылған ауызға дәке не бинт ұстаған жөн), сонан соң демді ішке тартып алып, сырқаттың аузына аузын жапсырыл, дәке арқылы бар күшімен үрлейді, содан кейін басын көтеріп, оның «дем шығаруын» күтеді. Әдетте оның «дем шығаруы» өте баяу өтеді (ауаны мұрнынан жіберген жағдайда сырқаттың аузын алақанымен жабады, не саусағымен төменгі ерінді жоғарғысына жансыра қысады. Ауа жіберуді минутына 12—15 рет қайталайды. Алғашында ішке ауа жібергенде, ол өкпеге оңай үрленеді, бірақ кейіннен сырқаттың өкпесіне ауа еніп, ол керілген сайын ауаның енуі қиындай түседі. Қолдан тыныс алдыруды ойдағыдай жүргізген жағдайда — ауа үрленген кезде жәрдем көрсетілген адамның кеудесі кеңі бастағандығын байқауға болады.

Жүрек мүлде тоқтал қалғанда және оның жиырылып-созылу қызметі бұзылғанда жүрек сыртына массаж жасалады. Алайда жүрек ырғағы әдеттегідей естілмесе де, уақытты өткізбей, дереу жүрек тұсына массаж жасау қажет. Өкпені қолдан желдету қанның оттегімен қанығуына мүмкіндік береді, сондықтан да жүрекке массаж жасаудың ең басты міндеті — организмде қанның жүруін қамтамасыз етіп, адамның ең маңызды тіршілік органдарына оттегін жеткізу, соның нәтижесінде дербес жүрек қызметі мен тыныс жолдарын қалпына келтіру.

Жүрек тұсына массаж былай жасалады. Жәрдем етуші адам сырқаттың жүрек тұсындағы төс сүйекті алақанымен күрт басады, сонда тоқтаған жүрек төс сүйек пен омыртқа аралығына қысылып, оның көлемі кішірейеді де, қолқа мен өкпе артериясындағы қан сығылып шығады. Алақанды босатқанда төс сүйек жазылып, жүрек өз көлемін қалпына келтіреді, тамырдан келген қан оған қайтадан құйылады. Жүректің жиырылып-созылуы осылайша қамтамасыз етіледі де, мұның өзі оның кәдімгі насос секілді жұмыс істеуіне және қанның айналуына мүмкіндік береді. Жәрдем көрсетілуші адам қатты орынға (еденге, жерге, жауырын, тұсына дейін орындық қойылған кереуетке т. б.) жатқызылады. Төс сүйекті қос қолдан салмақ сала (егер адам еденде жатса тізерлеп отырады; ал биік төсекте жатса — аяғының астына биіктеу нәрсе қояды) нығыздап басады. Төс сүйекті секунд сайын басып-босату және 4—5 секунд сайын 1 рет ауызға-ауызды тақап ауа үрлеу (яғни төс сүйекті 5 рет сыққан сайын 1 рет немесе 10—12 сығудан кейін 2 рет) тиімді нәтиже береді, соның нәтижесінде сырқаттың көз шарасы кішірейт, күре тамыры

соғуы байқалып, терінің көгергені тарай бастайды. Адамды тірілту шараларын ол өз бетінше тыныс алып, жүрегі соға бастағанға дейін жасайды, мұның өзі қан айналысын жақсартып түседі (күре тамырлық соғуы біліне бастайды). Жүрекке массаж жасау мен қолдан тыныс алдыру едәуір күш-жұмсауды қажет ететіндіктен, оны 3 адам кезектесіп атқаруы тиіс. Кеудені басып, жүректі сығумен бір мезетте өкпеге ауа үрлеуге болмайды, ондайда өкпе жыртылып кетуі мүмкін. Жас адамға қарағанда ересек адамның сүйегі морт сынғыш келетіндіктен, массаж жасаған кезде кеудені тым қатты баспаған жөн. Ауру адамның қан айналысын қалпына келтіріп, тыныс алуын қолдан қамтамасыз ету оның жүрегінің өз бетінше соғуы мен тыныс алуын қалпына келтірмегеннің өзінде де, клиникалық өлім күйін ұзартыл, биологиялық өлім күйіне жібермеуге, сөйтіп жедел жәрдем бригадаларының дер кезінде тиімді әрекет жасауына мүмкіндік береді.

### 3.3. Туристік рекреация теориялық – әдіснамалық аспектілер

Туризм түсінігіне теориялық және практикалық тұрғыдан нақты анықтама берілуі керек. Көптеген авторлар туризмге анықтама беруге тырысты. Әр пікір өзгеше болып табылады және бұл терминнің көптеген өлшемін көрсетеді. Алайда, туризмнің әртүрлі түсіндірмесін жинақтап қорыту, белгілі бір “оптимум” таңдау өте қиын.

1980 ж. Манила декларация “Туризм – халықтар өмірінде маңызды орын алатын әлеуметтік, мәдени, білім және экономика ауданына, мемлекет өміріне және оның халықаралық қатынастарына тікелей әсер ететін қызмет түрі” (Филиппин, қазан 1980 ж.) деп жариялады. 1993 ж. БҰҰ – ның статистикалық комиссиясы туризмге төмендегідей анықтама берді;

Туризмге – бұл өзінің тұрғылықты жерінен басқа жерде болатын, 1 жылдан аспайтын уақытта демалу, іскерлік және басқа да мақсаттарда саяхаттайтын тұлға қызметі. Халықаралық туристік Академия баспасында берілген анықтамада ( Монте Карлс ) туризм – көңіл көтеру, демалу немесе емделу үшін жаяу немесе қандай да бір транспорт түрімен жасалатын саяхат.

П.Г.Олдақтың пікірінше, қазіргі ғылыммен жинақтап айтқанда; “Туризм – бұл өмір сүрумен және жұмыс орнын ауыстырумен байланыссыз халықтың қозғалысы, демалу, емделу, ғылыми іскерлік және мәдени кездесулер мақсатында саяхаттау” дейді. Қазіргі күнге дейін “туризм” түсінігінің көпшілік қабылданған нақты анықтамасы жоқ. Жоғарыда келтірілген анықтамалар оның тек кейбір жақтарын кемтиды. Бірінші анықтамада – әлеуметтік және экономикалық жақтары, ал екіншісінде – әлеуметтік және құқықтық жақтары (адам уақытын есептеуге арналған туризмнің шектелген уақыты) көрсетілген. Туризмнің әлеуметтік жақтарының басым болуы бақыланып отыр, бұл адамдардың қоғамдық – экономикалық өмірін әлеуметтендіру тенденциясымен түсіндіріледі. Бұрынғы ҚСРО кезінде тіршілік деңгейінде барлық әрекеттің әлеуметтік аспектісі алдыңғы орында болды. Туризмде бұл мағына айтпаса да түсінікті. Кәсіподақ жолдаманы өзі тэлеп немесе арзан бағамен және көрсетілген қызметті тегін ұсынып отырды. Қазір туризм терминін кең және терең түрде түсіндіру керек. Біздің ойымызша, туризм анықтамасы 2 бағытта берілуге тиісті. Географиялық және экономикалық. Туризм географиялық тұрғыдан сұраныс және ұсыныстың кеңістік – территориялық кешенділік қолданылу негізін білдіреді. Экономикалық тұрғыдан туризм сұраныс және ұсыныстың тұтынушылық шаруашылық негізі. Туризмге экономикалық тұрғыдан бірнеше анықтама берілген.

Г.А.Папирян туризм ол қызметтер жиынтығы, оларды тұтыну барысында ғана байқауға болады және ол өндірістік өнім сияқты жүйелі түрде ұдайы өндірілмейді десе, П.В.Шульгиннің ойынша, қазіргі туризм анықтамасы 2 көзқарасты көрсетеді. Оның бірі туризм индустриясы – халық шаруашылығы құрылында ерекше саланың қалыптасуы. Ол барлық келушілерге сұраныстарын қанағаттандыру үшін маманданған бірқатар өндірістік қызметтер мен қызмет көрсету мекемелерінің жиынтығы. Екіншісі, туризмді



дербес салаға бөлу. Егер туристік мекемелерге қатысты туризмнің өзіне тән еңбек ұсынысының ортасы болса, онда бұл қызмет туризмді дамыту және ұйымдастыру ерекшеліктеріне байланысты болады деген ұғымды қалыптастырады. Біздің ойымызша, туризмнің экономикалық мәніне нақты анықтама қазіргі туризмнің экономикасы жұмысында берілген. Туризм қызмет және тауар нарығының бөлігі болып табылады және оны сұраныс пен ұсыныс жағынан қарастыруға болады. Сұранысқа ішкі және халықаралық туристік нарық жатады, ал ұсынысқа транспорт, туристік көрікті жерлер және бос уақыт түрі, туристік объектілері, қызмет көрсету жүйесі және инфрақұрылымы, сондай – ақ, жарнамалық анықтамалық қызмет жатады. Біздің ойымызша, туризм дегеніміз – рекреация, емдік, танып білу және әртүрлі туристік іс – әрекеттер жиынтығымен байланысты адамдардың уақытта және кеңістіктегі қозғалысы. Бұл анықтама географиялық мәнгі ие.

Туризмнің негізгі түсініктерін анықтай отырып, оның дамуына себепші болатын және әсер ететін факторлары бар. Схема бойынша олар – экономикалық – әлеуметтік – географиялық – демографиялық – саяси – этникалық – құқықтық.

XX ғасырдың 60 жылдарында физикалық география мен экономикалық география аралығында демалыс және туризм географиясы қалыптасты. Кейінірек осы термин рекреациялық география болып аталады. Рекреациялық термині көпсалалы мағынаны білдіреді. Ол тек адамдардың тіршілік әрекетіне ғана байланысты. Аумақтарды рекреациялық тұрғыда пайдалану жергілікті жердің табиғи потенциалымен өзіндік географиялық ерекшеліктерімен байланысты. Сондықтан да ол географиялық проблема болып табылады. Демалысты және туристік іс – әрекеттерді ұйымдастыруда табиғат жағдайлары мен ресурстық қорына баға беру, туристік нысандарды ландшафтылық геожүйе жағдайында сараптай отырып, географиялық зерттеулердің барлық салаларының нәтижелерінің барысында, маусымдық, климаттық, ландшафт өзгерістері мен әртүрлі антропогендік және табиғи апат салдарының қорғау жұмыстарын ғылыми тұрғыда зерттеу қажет.

Туристерді бірегей ландшафт, табиғат құбылыстары мен көріністері, сонымен қатар, табиғат ресурстарының алуан түрлілігі қызықтырады. Ал рекреациялық іс – әрекеттерді жүзеге асыруда туризмге қажетті материалдық техникалық база- тұрғын жайлар, көлік түрлері инфрақұрылымдық салалардың дамуы қажет. Бір сөзбен айтқанда, туризм инфрақұрылымы географиялық зерттеу нысандарына жатады. Онымен экономикалық және әлеуметтік география саласы айналысуға тиісті. Қазіргі ресейлік және қазақстандық зерттеулер туризм географиясын экономикалық география саласына жатқыза отырып, ғылыми тұжырымдамалар беруде. Туризм географиясындағы аумақтық рекреациялық жүйе географиялық жүйе негізінде құрылғандықтан, көпшілік жағдайда біржақты қарастырылуда. Аумақтық географиялық жүйе бір – бірімен тығыз байланыстағы жүйе асты құрылымдардан тұрады. Олар табиғи, мәдени кешендер, инженерлік құрылымдар, қызмет көрсетушілер тобы, басқарушылар мен демалушылардан

тұрады. Қазіргі кезде туризм туралы анықтамалар мен түсініктер алуан түрлі. Туризм – адазат қоғамы өміріндегі күрделі әрі көпсалалы түрде пайда болған құбылыс. Ол, ең алдымен, ”кеңістік – әлеуметтік экономикалық құбылыс”. Батыс экономика ғылымы туризмді күрделі экономикалық әлеуметтік жүйе ретінде, ал оның құрамындағы туризм индустриясын басты компоненті ретінде қарастырады. Егерде туризмді көпқырлы, көпсалалы құбылыс ретінде қарастырсақ, неге жаратылыстану, қоғамдық, гуманитарлық, т.б. ғылым салаларымен байланысын, оларға тигізетін ықпалын кемсітеміз?

Туризм географиясының қалыптасып дамуын В.С.Преображенский, Ю.А.Веденин, В.Даринский, т.б. физикалық география және оның салаларының зерттеушілерінің мақалалары мен зерттеулерінен көреміз. Туристік іс – әрекеттер, ең алдымен, географиялық қоршаған ортамен тікелей байланыста. Тек география табиғи әлеуметтік экономикалық үрдістерді кеңістік аумақтық тұрғыда зерттейді, сипаттайды. Барлық экономикалық әлеуметтік экологиялық нысандар аумақтық үрдістер мен оның табиғи тарихи құрамына тікелей қатысты. Сондықтан да туризм географиясы, ең алдымен, туризмді аумақтық кеңістік тұрғысында сипаттап талдап зерттейді. Туризм географиясы туристік іс – әрекеттердің барлық салаларын қамтуына орай табиғи географиялық, әлеуметтік экономикалық, экологиялық географиялық, туристік факторлармен тығыз байланыста. Қоғамның әлеуметтік экологиялық туристік даму моделдері ғылыми тұрғыда зерттелуде.

Қазіргі кезде тұрақты даму әлеуметтік экономикалық категориядан басқа қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстық әлеуетін тиімді пайдаланумен қатар, туризм саласының қалыптасып дамуына өзіндік байланысы бар. Бүгінде елдің экономикалық дамуы экологиялық географиялық, туристік факторлармен тығыз байланыста. Қоғамның әлеуметтік экологиялық туристік даму моделдері ғылыми тұрғыда зерттелуде. Жаһандану дәуірінде қоғам дамуының көп компоненті кешенін қалыптастыруда жалпы теориялық әдіснамалық зерттеулер өте қажет. XX ғасыр бойында адамзат болашаққа онша көңіл бөлмеді. Тіршілік даму қауіпсіздігі барысында тұрақты даму идеясы пайда бола бастады. Ол XX – XXI ғасырлар түйісінде анық зерттеу нысанына айналғанын көреміз. Тұрақты дамуға көшу ұзақ мерзімді қажет ететін, күрделі және көп векторлы үрдіс. Бұл ғаламдық проблеманы шешуде әртүрлі ғылым салалары мен мамандарын қатыстыру қажет етеді. Болашақ тұрақты даму моделдерінде және өндіріс салаларын аумақтық орналастыруда ең басты сегменттердің бірі адам мен қоғамның әлеуметтік қажеттілігі ескерілуі тиіс, табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану, жергілікті тұрғындардың әл – ауқатын арттыру көзделеді. Сондықтан да ел экономикасы ішінде туризм индустриясын дамыту қажеттілігі туындайды. Соның нәтижесінде Қазақстан экономикасын дамыту бағытында кластерлік жүйенің ішінде туризм кластертерінің де енуі. Туристік іс – әрекет көңіл көтеру, таным мен кәсіптік мүддені, демалудың белсенді түрлерін, емделуді қамтамасыз етумен қатар, транспорттық қызметті, тамақтану, туристерді орналастырудағы қажеттілікті

қанағаттануды талап ететін тұтынушылық сұраныстың жаңа түрін өмірге енгізуде. Қазіргі кездегі туризмді толық жіктеу үшін оның түрін сипаттайтын ең маңызды белгілерді атап өтуге болады, яғни туризмнің ұлттық мәнділігі, қанағаттандырылуы туристік саяхатқа байланыстырылған негізгі қажеттілік, саяхатқа пайдаланылатын негізгі қозғалыс құралдары, саяхаттың ұзақтығы, топ құрамы; ұйымдыстыру түрлері, туристік өнім бағасының қалыптасуының негізгі ұстанымдары, т.б. Туризм факторларын анықтап анализдегі болған соң туризм индустриясын зерттеуді бастау керек.

## **IV тарау. Туризмде табиғат көрінісін тамашалаудың маңыздылығы**

### **4.1. Жаяу туризмде таулы көріністі тамашалаудың маңыздылығы**

Жаяу туризм – күрделі емес таулы және жазық жерлерде өткізілетін туристік жорықтар. Халықтық топтар арасында ең көп тараған белсенді туризм түрі болып есептеледі: арнайы көлікті қажет етпейді, кез- келген аумақ бойынша жорықтар ұйымдастыруға болады. Қарапайым жаяу жорықтар кез келген ауданда (туған өлкеде) отпуск және демалыс күндерінде өткізілуі мүмкін. Жаяу туризм - спорттық туризмнің бір түрі болып табылады. Оның негізгі мақсаты ретінде маршрут бойынша белгілі бір аймақтан өту болып табылады.

#### **Туристердің таулы өзен жорығы.**

Маршрутты ең алдымен топтағы әрбір қатысушының күші мен нақты тәжірибесіне, жорыққа сай келетін жабдықтардың болуы және жорық алдында жаттығулар өткізу мүмкіндігіне негізделіп таңдалуы қажет. Әсіресе маршруттың қиын әр түрлі бөліктерін (асулар, тасты және тасқын қауіп бар, өзендер арқылы асулар, үлкен биіктіктегі орындар, азимутты, қоныстанылмаған, қиын бағыт алынатын) бөліп көрсету және оларды жеңіп өтудің толық жоспарын құру керек. Күндізгі жүру километражын есептеу орташа бүкіл маршрутқа есептеліп жүргізіледі, ол маршруттың жеке бөліктерінің техникалық күрделіліктерін, азық-түліктерді жұмсауға байланысты жеке кезеңдерде рюкзактардың салмағын есепке алына жүргізіледі. Жаяу саяхатта магниттік жіктеуді есепке ала отырып, алдын ала барлық азимуттарды есептеу қажет. Азимуттар карта нақты көрсетілген және жергілікті жерде оңай табылатын орындардан басталуы және жергілікті жер линиясына (өзен арнасы, көл, теңіз жағалауы, теміржол жолы, тау массиві) негізделген болуы тиіс. Жергілікті жер нүктесіне азимут бойынша шығуды жоспарлау ұсынылмайды, себебі кішігірім қателіктің өзі апатты жағдайға әкелуі мүмкін. Ұзақ уақыт бойы айтарлықтай қашықтықтарды жүріп өтетін турист ағзасының дұрыс қызметі үшін демалумен ауысып келіп отыратын бірқалыпты жұмыс қажет. Ағза жұмысының белгілі бір реттілігін құрып отыратын демалыс пен күш жұмсаудың дұрыс ауысып отыруы бүкіл жорық бойы және тіпті қозғалыс процесінің өзінде де болуы тиіс. Тек осылай болған жағдайда ғана жаяу туризмі маңызды сауықтыру құралына айналады.

Жаяу жорықтардың классификациясы

Маршруттың қиындық дәрежесі жол бойында кездесетін кедергілерге, аймақтың географиялық көрсеткішіне, маршруттың автономдылығына байланысты болып келеді. Осыған байланысты жорықтар бөлінеді:

- демалыс күндерінің жорықтары;
- 1-3 дәрежелі қиындықтағы - балалар мен жастар туризмінде;
- 1-ден 6-ға дейін дәрежелі жорықтар. 1-ші дәреже оңай, 6-шы дәреже ең қиын, және арнайы физикалық дайындықты қажетсінеді, осыған байланысты арнайы құрал-жабдықтар да қолданылады.
- жорықтың қиындық дәрежесін өту үшін, қатысушылар алдындағы жорықтық қиындық дәрежесін өтуден тәжірибесі болуы керек, ал басқарушы

дәл осы дәрежеден өткен және алдындағы қиындық дәрежелері бойынша тәжірибесі болуы керек. 1-ші дәрежеден өту үшін демалыс күндеріндегі жорықтардан тәжірибесі болуы қажет. Жорықтың қияындығын анықтау барысында міндетті жорықтың ұзықтылығы мен қашықтығы есепке алынады.

#### Туристердің құрал-жабдықтары

Қазіргі таңда жаяу туризмге арналған көптеген құрал-жабдықтар түрлері бар: туристік палаткалар, ұйықтайтын мөшектер, треккингтік палаткалар, треккингтік бәтеңкелер, котелоктар, газдық горелкалар, компас, GPS - навигаторлар және т.б

#### Жаяу туризм артықшылықтары

Жаяу туризм - бұл әдемілікке, тазалыққа және бастапқы күйдегі табиғатқа бой алдыру болып табылады.

Жаяу туризм - бұл жеке адами қасиеттердің өсу мүмкіншілігі.

Жаяу туризм - ұмытылмастай көңіл-күй мен жақсы достар.

Бұл туризм түрінің қазіргі таңда дамуы - оның табиғат сыйлаған жерлерді бастапқы күйінде көру мүмкіншілігінде. қазіргі таңда адам баласы үшін ол көрген, болған жерлер еш қызық тудырмайды, ал жаяу туризм көмегімен бұл мәселені оңайлықпен шешуге болады. Дәл осы жаяу туризм адамдарға бірталай уақыт бойы таза, таулы ауасын демалып, ішкі жан-дүниемен, тұла бойымен ляззат алуды қамтамасыз етеді.

## **4.2. Бүгінгі туризм, яғни жиһангерлік және саяхатшылық—бұл мемлекет пен қоғамның экономикалық әлеуметтік дамуының, маңызды факторы. Қазақстан Республикасында туризмдік жорықтардың маңыздылығы**

Туризмді дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында бес жылдың ішінде халықты жұмыспен қамту үшін, сыртқы және ішкі туризм көлемінің артуы есебінен кірістің тұрақты өсімі үшін, сонымен қатар Қазақстанды 2011 жылы Ортаазиялық аймақтың туризм орталығына айналдыру үшін бәсекеге қабілетті туристік индустрия құру қарастырылған. Аталмыш бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджеттен 59 млрд. теңгеден астам сома көлемінде қаржы бөлу жоспарланып отыр.

Баяндамада бүгінгі таңдағы мемлекеттік және жеке меншік секторлардың өзара әрекеттерінің кластерлік моделі өзін өзі ақтағаны баяндалған. Мұның нақты факторы ретінде «Туризм» кластерінің пилоттық жобасын іске асыру болып табылады.

Кластерлік инициатива шеңберінде туристік инфрақұрылымды дамыту үшін инвестиция жұмылдыру мүмкіндігі маңызды болып саналады.

- Қонақүйлер жүйесін, Ұлы Жібек Жолы үлгісінде керуен-сарайлар мен өзге де маңызды туристік маршруттардың құрылысына жағдай жасалатын болады.
- Инвестжобалар бойынша ұсыныстар негізінде аймақтық мөлшерде база қалыптасқан.
- Алғашқы кезеңде 90 инвестжоба сарапталып, жинақталды. Олардың 11 – і 386 млн АҚШ долларына өзектірек саналып алынды, және «Қазына» тұрақты даму қорына мемлекеттік қолдау көрсету үшін жіберілді.
- Алматы, Ақмола және Маңғыстау облыстарында әлемдік деңгейдегі заманауи көпфункционалды туристік орталықтар құрудың Тұжырымдамасы жасалды, оны Елбасы мен ел Үкіметі мақұлдап отыр. Аталмыш жоба бойынша инвестиция жұмылдыруға жоспарланып отырған сома 30 млрд АҚШ долларын құрайды.

1. Таушаңғы туризмінің болашағы Алматы және Шығыс-Қазақстан облыстарында таушаңғы базасын салу. Алматы облысында – 5 (Шымбұлақ, Алматау, Табаған, ЦСКА); Шығыс-Қазақстанда – 2 (Изумруд Алтай, Алтай Альпілері). Алматы облысы, Талғар ауданындағы Әскери шатқалда әлемдік стандартқа сай келетін «Ақбұлақ» таушаңғы базасы салынған.

Туризмнің инфрақұрылымын дамыту көліктік инфрақұрылым желісін құрумен тікелей байланысты. Ішкі және сыртқы туризмді дамытудың басты алғышарты барлық санаттағы туристерге арналған авиа, теміржол, автомобиль және су көлігіне қолжетімділік болып табылады.

2. Туристік кадрларды даярлау деңгейін жоғарылату.

Бүгінгі күні кадрларды даярлау деңгейін көтеру жұмыстарына айрықша көңіл бөлінеді. 2006 жылы туристік фирмалардың саны 921 ді құрады және өткен жылмен салыстырғанда 9 пайызға көтерілген. Министрлік туристік

кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын өткізіп тұрады. Бұл жылы Астана қаласында бірінші республикалық ақпараттық туристік орталықты ашу, келесі жылы Алматы, Түркістан, Атырау және Ақтау қалаларында ашу жоспарланып отыр. 2005 жылдан бастап ҚР Үкіметінің қолдауымен «Болашақ» бағдарламасы шеңберінде туризм саласына кадрлар даярлануда. ҚР Туризм және спорт министрлігі мен Білім және ғылым министрлігімен бірлесе отырып жоғарыда аталған Бағдарлама аясында білім алушыларға арналған квотаны арттыратын болады.

3. Қазақстанның тартымды туристік имиджін нормалау  
Әлемдік туристік рыноктағы Қазақстанның тартымды туристік имиджін қалыптастыру мақсатында Қазақстанның туристік әлеуетін ілгерілетудің мақсатты Бағдарламасын жасалды. Онда халықаралық туристік форумдарға қатысуды, көрме, жәрмеңке өткізу, әлемнің жетекші телеарналарында жарнамалық бейнероликтерді орналастыру және беру, сонымен қатар шетелдік БАҚ өкілдеріне инфотурлар өткізу және жарнамалық-ақпараттық өнім шығаруды қарастырылған.

Өткен жылғы туризм саласындағы негізгі көрсеткіштер:

- Сырттан келу туризм 8 пайызға артып, 4 млн. 706 мың адамды құрады;
- Ішкі туризм 7% артты, 3 млн. 495 мың адамнан тұрды;
- Сыртқа шығу 23% және 3 млн. 687 мың адамды құрады.

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМ

**ҚАЗАҚСТАН** – бұл Еуразия жүрегінде орналасқан алып жерді қамтитын, онда бұрынғы заман мен бүгінгі күн көршілес тұратын, шығыс дәстүрлері, батыстың модернімен ұштаса отыратын мемлекет! Соңғы уақытта Қазақстанға, туристік бағдар ретінде, әлемдік қызығушылық есейіп барғандықтан, көбірек саяхатшыларды тарту үшін, жергілікті туроператорлары ұсынатын қызымет түрлері жылдын жылға ұлғайып барады. Бүгінгі таңда Қазақстан туризмнің барлық түрлерін ұсынады - танушылық, көңіл көтеретін, этникалық, экологиялық және басқа. Туристер үшін Қазақстанның барлық аумағы бойынша бағдарлардың көптеген санын ұсынылады.



Республиканың әсем де әдемі жерлерінде бірнеше туристік базалар орналасқан. Оларға Іле Алатауындағы “Шымбұлақ” шаңғы базасы, Павлодар обл. Жасыбай к. жағасындағы “Баянауыл”, Қарағанды обл-ндағы таулы-орманды “Қарқаралы”, Шығ. Қазақстан обл. Бұқтырма бөгені жағасындағы “Алтай мүйісі”, Орал қ. Жайық өз. маңындағы “Орал”, Қостанай обл-ндағы орманды-тоғайлы Наурызым алқабы, Оңт. Қазақстан обл. Бадам жазығындағы “Оңтүстік”, Көкшетау таулы аймағындағы “Золотой бор” базалары жатады. Қазақстанда белгілі туристік маңызы бар зоол., ботан. қорықтар да жеткілікті. Оларға Алматы қорығы (кешенді), Іле атырауы (зоол.), Тарбағатай (зоол.), Жалтыркөл (зоол.), Ұлытау (зоол.), Бетпақдала (зоол.), Қарақия-Қаракөл (зоол.), Зеренді (зоол.) қорықшалары, Шарын каньоны (ландшафты — палеонтол.) және Шарын өз-ндегі “Шетен тоғайы” (ботан.), Күміс қылқанды орман (ботан.), Жаманшық тауы (геоморфол.), Айғайкүм, Әншікүм (геоморфол.), Жаңғақ тоғайы (ботан.), Бүркіттау шоқысы және Тұма бастаулар (гидрол.), т.б

### **БУРАБАЙ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘРЖАНЫ.**

Көне халықтың ежелгі мекені Ақмола - көркем әрі бай өлке. Ол республикамыздың солтүстігінде шарықтап ұшуға қомданған қыран қанатындай болып кең көсіліп, кербез жатыр. Оның құнарлы топырағы мен



таспадай тартылған өзен-көлдері, алабы атшаптырым жайылымдықтары мен бай кен орындары, таусылмас орман байлығы, кәсіпшілік аң мен балық молшылығы әлмисақтан-ақ оған деген адамдар қызығушылығын арттырып, өзіне баурап келеді. Бурабай, Шортан, Үлкен және Кішкентай Шабакты, Зеренді көлдері мен жүздеген өзен-сулар өлкенің таратылған бұрымындай, алқасына тағылған інжу-маржандай. Жаз күндері демалушыларға көп қызығушылық әкеледі. Алайда үнсіз және көңілсіз күз мезгілі де ерекше. Ағаштар алтын сырғаларын киіп, соңғы жылы күн шуақтарында жылтырай бастайды. Дәл осы кезде саңырау құлақтар өсіп шығады. Бурабайда олардың жүзден астам түрі бар. Табиғат ананың өзі жасаған гранит мүсіндерінде де бір құпия тартылыс күші бар. Одан сәл қашықтап қиялыңызға қанат бітіріп көріңізші, тасқа «Жан» біткенін сезген болар едіңіз. Бурабай өлкесінде материалдық мәдени ескерткіштер жоқ. Алайда табиғат өз күшімен тауларды жаратып, терең шұңқырларды көгілдір көлдерімен толтырып, маңайна қарағайлар мен қайындарды өсіріп бұл мекенді не бір таң ғажайып өлкеге айналдырды. Ертеде қазіргі ағаш- ормандарының орнында теңіз болған екен. Ал жерді мұз басқан кезде тау –жаратылу процесінен теңіз жоқ болып кетті де, оның орнына қазіргі тандағы ландшафт пайда болды. Күн шуақтарының желдің және жаңбырдың әсерінен таулар көркемдікке бөленді.



### **МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ "КӨКШЕТАУ" САЯБАҒЫ**

**«КӨКШЕТАУ» ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ САЯБАҒЫ** 1996 жылдың сәуірінде Қазақстан Республикасы үкіметінің қаулысы бойынша құрылған болатын. Оның негізгі аумағы Көкшетау қаласының оңтүстік-батысына қарай 60 километр аралығындағы 182 000 гектардан аса алқапты алып жатыр. Саябақ жерінің құрамына Зеренді, Шалқар және Имантау және Айыртау табиғи аймақтарының таулы-орманды, өзен-көлді өлкелері енеді. Ұлттық саябақтың аумағында мемлекет қорғауына алынған 185 археологиялық, тарихи, сәулет және монументальды өнер ескерткіштері бар. Сырымбет ауылында,

Сырымбет тауының баурайында 19 ғасырдағы ағаштан тұрғызылған сәулет өнерінің ескерткіші болып тыбылатын ұлы ғалым жерлесіміз Шоқан Уәлиханов отбасының қалпына келтірілген қонысы бар. Аталған қоныс негізінде тарихи-мемориалдық кешен ұйымдастырылды. Мұндай кешен Қарасай мен Ағынтай батырларға да арналып салынды. Ұлттық саябақтың өсімдіктер және жануарлар әлемі саналуан дәуірлер және байлықтар флорасы мен фаунасының өзара сирек ұшырасатын үйлесімі болып табылады. Көне дәурдің қыналары мен папоротниктері қазіргі ағаш және бұталы өсімдіктердің астындағы қабатында жатыр. Сібір тайгасына тән жануарлардың түрлері бұлан, сілеусін, орман, сусары, ақ қоян, ақ тышқан оңтүстік дала мен шөлейтті аймақта тіршілік ететін қарсақ, саршұнақ, орқоян, күзен, суырлармен араласа өмір сүрүде. Күз және қыс мезгілдері аңшылар үшін нағыз олжа. Жаз болса өзінің ыстық лебін әкеліп, жеміс-жидек пен саңырауқұлақтарын кең дастархандай жаяды. Ал көл сулары балықтардың түр-түріне молаяды. Зеренді өлкесі ну тоғай-орманымен, шатқалы мен таулы күмбездерімен әйгілі. Бұл жасыл аймақ тынық ормандарымен, хош иісті шөптерімен және қайын-қарағай сұлулығымен көз тартады. Құрамында озоны бар шипалы ауа бал қарағайлардың еңбегі. Орман ішінде туристтер сүрлеу жолдар бойымен аяндай алады. Машина және жаяу жолдардан басқа мұнда ат және велосипед жүретін жолдар салынған. Қыстыгүні шаңғы тебу мүмкіндігі де бар. Құстар мен балықтарға бай көлдер мен ориандар, шүйгін жайылымды жазық дала көне дәуірден бастап-ақ адамдардың назарын өзіне аударған болатын.



### МЕДЕУ

**МЕДЕУ** – әлемге танымал биік тауда орналасқан бірегей спорт кешені. Осы бір тамаша әсем сарай, теңіз деңгейінен 1691 метр биіктіктегі шатқалдың сұлу көрінісіне әдемі үйлесіп тұр. Шатқалдағы жұмсақ климат, күн сәулеленуінің қалыпты деңгейі, төменгі атмосфералық қысым, сырғанаққа мұз жасайтын тап-таза тау суы оған өте жақсы қасиеттер беріп, жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізуге тамаша жағдай жасайды. Осы жерде 120 – дан астам әлемдік рекордтар жасалды.

Соңғы жылдары спорт кешенінің қызмет аясы кеңейтілді. Мұнда футболдан, волейболдан, баскетболдан, шорт-тректен жарыстар өтіп тұрады. Медеу спорт кешенінде жүзгіштер, жеңіл атлеттер, балуандар және боксерлер жиындарын өткізеді. Мұз айдынының жанында жүзу алабы бар, ресторандар мен кафелер жұмыс істейді.

Қазақстан туралы айтқанда, кез келген адамның ойына биік таудағы Медеу мұз айдыны алдымен еске түседі. Бұл кездей-соқтық емес, өйткені бүгінде Медеу спорт кешенінің аты бүкіл әлемге жайылған.



Медеу мұз айдыны

### **"ШЫМБҰЛАҚ" ТАУ ШАҢҒЫ КУРОРТЫ**

**"ШЫМБҰЛАҚ" ТАУ ШАҢҒЫ КУРОРТЫ** – Іле Алатауы шатқалында 2510 метр биіктікте орналасқан. Таудың кереметтей көрінісі, жұмсақ климаты мен шуағы мол күндердің көп болуы, қар қабатының ұзақ уақыт жатуы, осында туристер мен тау шаңғы спорты әуесқойларын еріксіз өзіне тартады. Шымбұлақты желтоқсаннан сәуір мезгіліне дейін қар басып жатады. Мұнда келіп, шаңғыға алғаш рет тұрғандар да өзін өте ширақ сезінеді. Тау шаңғы спортын сүйетіндерді кез келген қажеттегі және шеберлік деңгейдегі тау баурайлары мен шаңғы трассалары, шапшаңдықпен түсетін және слалом – алыптар трассалары, ыңғайлы көтергіштер, тау шаңғы мектебі қуанта алады.

Курортқа балаларын алып келетін туристерге ыңғайлы болу үшін, «бэби-лифт» - көтергіші бар балалар алаңы құрылған. Курортта қонақ-үй, мейрамхана, боулинг және сауна моншасы бар.

Шымбұлақты еш жерде қайталанбайтын атмосфера, ерекше рухани күш жайлаған. Мұнда демалыстың басқа түрлерінен гөрі, айдындай тайғанақ мұз жолдарын қалайтын, шаңғышылар; шеберлітерімен демінді ішінен алып таң қалдыратын, экстремальды секіретін және қилы бұрылыстар жасап түстін, батыл сноубордшылар келеді.

Шуақты күндері Шымбұлаққа мыңдаған демалушылар ағылып келіп жатады. Отырғышы бар көтермелермен Талғар асуына (теңіз деңгейінен 3163 м биіктіктегі) шығуға болады. Бұл кәсіби шаңғышылардың ұнататын жері, өйткені мұнда асудан түсетін жер өте тік. Талғар асуынан альпинистер шыңдарды бағындырады. Ал әрі қарай одан биік – тек жұлдыздар.



Шымбұлақ тау шаңғы курорты



Шымбұлақ тауы

## БАЯНАУЫЛ ҰЛТТЫҚ ПАРКІ

**БАЯНАУЫЛ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ТАБИҒИ ПАРКІ** 1985 жылы ҚССР Министрліг № 276 қаулысымен құрылған. Баянауыл ауданының аумағында орналасқан, жалпы аумағы 50 688 га құраған. ҚР Үкіметінің қаулысымен 2007 жылы 27 желтоқсанда №1305 парк аумағы кенейтілді. Қазіргі кезде БҰМТП 68 452,8 га құрайды. Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің шешімімен «Қызылтау» қамалы БҰМТП қорғауға бекітілді, жалпы аумағы 60 000 га құрайды.

Ұлттық парктің аумағы үш орманшылығына бөлінген.

- Баянауыл орманшылығы — 19 188 га,
- Жасыбай орманшылығы — 22 904 га,
- Далба орманшылығы — 8 596 га.
- Кенейтілген парк аумағы — 17 764,8 га

Климаты тым континенттік (жазы - ыстық, қысы суық). Жер бедері жекелеген жақпар тасты тау шоқыларынан тұрады. Баянауыл тауларының етегінде көптеген бұлақтар, суы мөлдір көлдер (Жасыбай, Сабындыкөл, Торайғыр) бар. Саябақта 20-дан аса археологиялық ескерткіштер, қола дәуірінен қалған қорғандар, тастағы жазулар мен таңбалар, үңгірлер (“Әулиетас”, “Драверт”, “Құмыра”, т.б.) бар. Ұзақ жылдар бойы жел мен судың әрекетінен түрлі мүсіндерге айналған жартастар (“Найзатас”, “Жұмбақтас”, “Көгершін”, “Атбасы”, т.б.) саябақ табиғатына ерекше көрік береді. Саябақтың өсімдіктер дүниесі мен жануарлар әлемі де алуан түрлі. Өсімдіктердің 400-ден астам түрі (қарағай, қайың, қандыағаш, таңқурай, мойыл, долана, т.б.), сондай-ақ, Қазақстанның “Қызыл кітабына” енгізілген жабысқақ қандыағаш, көктем жанаргүлі де осында өседі. Омыртқалы жануарлардың 100-ден аса түрі кездеседі. Сүтқоректілердің 40-тан аса түрлері (арқар, елік, қасқыр, түлкі, сілеусін, борсық, тиін, т.б.) мекендесе, құстардың 50-ден астам түрлері (аққу, қаз, үйрек, құр, шіл, бүркіт, т.б.) ұялайды. Арқар, бүркіт, сұңқылдақ аққу Қазақстанның “Қызыл кітабына” енгізілген. Балықтың 8 түрі (шортан, сазан, оңғақ, алабұға, т.б.) бар. Саябақ аумағы атқаратын қызметіне қарай қорықтық, қорықшалық және демалыс белдемдеріне бөлінген. Қорықтық белдемде шаруашылық жұмыстардың қай түріне болса да тыйым салынып, биологиялық алуан түрлілік, экожүйелер қорғалады. Қорықшалық белдемде шаруашылық жұмыстар белгілі бір тәртіппен шектеулі түрде жүргізіледі. Демалыс аймағына келушілер саны да реттеліп отырады. Баянауыл ұлттық табиғи саябағының табиғат қорғауды, адам игілігі үшін ұқыпты пайдалануды насихаттау ісінде алатын орны ерекше, ғылыми, мәдени және эстетикалық маңызы зор.



Баянауыл ұлттық паркі

### **ҚАРҚАРАЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ САЯБАҒЫ**

**ҚАРҚАРАЛЫ** деген атауы қазақтың әйелдерінің дәстүрлі қарқара деп аталатын моншақтармен көркемделіп, жібек, вельвет және үкінің қауырсындарын қолданылып тігілетін бас киіміне сәйкес алынған.

Осы қарқара тәріздес қарқаралы таулары кемпірқосақтың барлық түстерімен жарқырайды. Ол биік және қатысты түрде кішірек: ең биік нүктесі Комсомол (теңіз деңгейінен 1,403м биік) және айналасындағы таулардан 400-500 м биігірек. Бұл жердің толық көлемі шамамен 1000 шаршы км.

**ҚАРҚАРАЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРКІ** — Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 желтоқсандағы № 212 арнаулы қаулысына сәйкес ұйымдастырылған.

Мақсаты Қарқаралы және Кент кешендеріндегі өте сирек кездесетін және экологиялық, тарихи, ғылыми, әсемдік жағынан ерекше құнды тау сілемдері мен орман алабын сақтау және қалпына келтіру.

Ұлттық парктің жалпы көлемі — 112,12 мың га.

Қарқаралының ауа райы оны қоршаған аймақтарға қарағанда әлде қайда біркелкі, қоңыр салқын. Ауа райының жылдық орташа көрсеткіші 2 °С жылы. Шілде айында орта есеппен +18, +20 °С болса, қаңтар айында –12, –15 °С суықтықты көрсетеді. Жауын-шашынның ең көп түсетін кезі шілде айына келеді, жалпы жаздағы ылғал мөлшері 200 мм дейін болады.

Тау баурайлары шатқал-шатқал болып тілініп кеткендіктен одан бұлақтар мен өзендер ағып жатады. Олардың ең бастылары: Карқаралинка, Керала, Кендала, Аяноға және Қарасу. Бұлардың барлығы да даладағы тұзды өзендер қоймасына жатады.

Қарқаралының көгалды табиғатына ерекше сұлулық беретін Шайтанкөл, Бассейн, Пашенный және Үлкен Көл сияқты бірнеше көлдер бар. Сол сияқты тауларда жауын суы жиналған шағын-шағын бірнеше суаттар кездеседі.

Қарқаралы жерінде сүтқоректілердің 40-қа тарта түрлері бар. Олар негізінен бедерсіз бір түсті: бұлан, елік, тиін, борсық, суыр, сілеусін, қасқыр,

түлкі, қоян сияқты т.б. жануарлар. Сирек кездесетін жануар — арқар Қызыл кітапқа енгізілген.

Құстардың — 114 түрі бар. Олар негізінен құр, тоқылдақ, құзғын сол сияқты бүркіт, қарабайқұс, сұңқар, үкі сияқты сирек кездесетін құстар да Қызыл кітапқа енгізілген.

Сирек кездесетін өсімдіктер түрі — 66, негізінен орман тұқымдас: қарағай, қайың көктерек, тал, арша және т.б. ағашты-бұта тектес түрлері өседі. Ал қарқаралы бөріқарақаты (барбарис), мүк сияқты өсімдіктің түрлері де Қызыл кітапқа енгізілген.



Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы

### 4.3. Туризмнің ресурстық факторлары.

«Туристік қызмет» туралы заңда жазылғандай – Туристік қызмет нысандары, ресурстары саяхат кезіндегі немесе туристік іс-әрекет барысында туристердің қажетін қанағаттандыра алатын сан-сапалы нысандар жиынтығын айтамыз. Өкінішке орай Туристік іс әрекеті заңының баспа беттерінде және ресми басылымдарда қате «Туристік қызмет» деп аталып, жазылып жүруі еліміздегі туризм саласының мамандарының қажетті деңгейге жетпегендігінің белгісі. Туристік іс әрекетке орай туристік қызмет турлері шығады. Бұл мәселе өз алдына жеке қарастырылуға тиісті.

Туризмдегі туристік ресурстар тобы деп – географиялық ортадағы ресурстардың жиынтығын айтамыз. Оларға Литосфера, Гидросфера, Атмосфера және Биосфера қабатындағы кездесетін табиғат ресурстар кіреді. Ландшафт адамдардың туризмге деген сұранысының негізгі көрсеткіші. Таулы рельеф оның құрамдас бөліктері Қазақстан жерінде Алтай, Сауыр-Тарбағатай, Жетісу Алатауы (Жоңғар Алатауы) Солтүстік, Батыс Тянь-Шань тау сілемдері, Қаратау, Мұғалжар, Сарыарқа өңірінің таулары құрайды. Өзендері мен көлдері өзіндік сипатқа ие. Балқаш, Алакөл, Каспий теңізі болашақ сауықтыру демалыс, емделу зонасына айналуы тиісті. Бұлардан өзге Сарыарқа өңіріндегі көлдер, таудағы көлдер туристік нысан ішінде өзіндік орнын әлі таппай отыр. Қазақстан жері табиғат ландшафтысының барлық түрлерін қамти отырып шөл, шөлейт зонасынан бастап таулардағы мәңгі мұз, мұздықтар әлемімен туристерді таныстыруына мүмкіндігі бар бірде бір ел. Туризмдегі ландшафт тобын құрайтын туристік ресурстар туризмнің танымдық, экологиялық, аңшылық, балық аулау, емдік, шытырман оқиғалы, спорттық туризмді дамытудың алғышартын жасайды. Сондықтанда ресурстық факторлар аз зерттелген мәселе.

Өсімдіктер мен жануарлар дүниесі экологиялық және танымдық туризмдегі негізгі көрсеткіш. Туристік сұраныс ішінде адамдардың қызығушылығына қарай туристік өнім ретінде пайдаланып жүр.

Туризмнің дамуына климаттық жағдай тікелей ықпалын тигізеді. Климаттық жағдайдың туризмнің маусымдық дамуындағы алатын орны ерекше. Климаттық ресурстар: су, теңіз суы, минеральды емдік бұлақ суы, таулы, жазық жер ауасы. Осы ресурстарды аурудың алдын алу, емдік мақсатта, демалысқа, сауықтыру мақсатында игеру экскурсиялық мақсатқа пайдалану оның туристік мәнін көрсетеді.

Кенестік дәуір тұсында түркі тілдес халықтар мекендейтін территорияларда туризмді дамыту ісі әртүрлі идеологиялық себептермен өз деңгейінде жүргізілмеді. Бүгінгі әлемдік экономикалық интеграцияға ену, туризмнің маңыздылығы жайындағы пікірлер мен түсініктер, оның ұлттық стратегиялық дамудағы алатын орнын, даму мақсатын, функциясын, перспективасын айқындайтын базисі болып отыр. Өкінішке орай бұл бағыттағы зерттеулеу аз.



Туризмнің функциональдық маңыздылығы жайлы көптеген анықтамалары бар, ол бір жағынан заңды да. Өйткені қоғамдағы туризмді дамытуға қатысты концепция осы саладағы шешімін таппаған мәселелерді жан-жақты, яғни экономикамен, экология және әлеуметтік-мәдени өмірмен тығыз байланыста қарастырады. Осыдан келіп туризм жайында әртүрлі түсініктер қалыптасқан.

Туризм жүйе ретінде адамдар өмірінің мәні секілді, жоғары дәрежедегі күрделі, көпқырлы, тарихи дамып, әртүрлі өзгерістерге ұшырап отыратын құбылыс. Сондықтан да «туризм» ұғымына түсінік бергенде туристік қызметтің табиғаты мен мәні жайлы әртүрлі пікірлерді, тіпті бірін-бірі жоққа шығаратын кереғар пікірлерді де кездестіруге болады.

ДТҰ-ның жоғарыда аталған декларациясында туризмді: мемлекеттің әлеуметтік, мәдени ағарту және экономикалық өмірі мен халықаралық қалыптастыруды реттеуге ықпалы зор адамдар өміріндегі іс-әрекет, қызмет ретінде: әлеуметтік-экономикалық өмірдің құрамдас бөлігіндей құбылыс ретінде : қызметінің түрі ретінде, адамдардың жеке тұлғалық дамуының сапалық элементі ретінде қарастырылады.

Еліміздегі туризм индустриясын дамыту оның геосаяси, географиялық және тарихи-мәдени кеңістігіндегі инфрақұрылымын жасау жайындағы бағдарлама, ұлттық территориямызды Трансазиядағы туристік байланыстың маңызды бөлігіне айналдыруға негізделген. Туризм жүйесі белгілі-бір қоғамдық мақсат жетістіктеріне бағынышты ең күрделі мақсаттылық жүйелеріне жатады. «Туризм» жүйесіне де басқа жүйелер сияқты ақпараттың берілуі мен басқару процесі тән. Жүйелілік туризм мен оның инфрақұрылымын дамыту мәселелері оның компоненттерінің өзара әрекетті жүйесінің біріңғайлылығы ретінде қарастырылуы қажет.

Туристік ресурстар дегеніміз белгілі бір территориядағы туризмді қалыптастырып, дамытуға мүмкіндік беретін табиғи, тарихи мәдени және әлеуметтік экономикалық нысандардың жиынтығы. Туристік ресурстарды табиғи, тарихи мәдени және әлеуметтік экономикалық деп екі топқа бөліп қарайды. Бұл топтарды туристік ресурстар жағдайын анықтайтын факторлар ретінде де қарастыруға болады. Бірінші топқа көрікті табиғи орындар, тарихи мәдени және табиғи экскурсиялық нысаналар, климаттық көрсеткіштер теңіз, көл және мұхит жағаларының болуы мен олардың адамдардың демалысы үшін жарамдылығы жатады. Бұл жерде рекреация деген ұғымның мағынасын айта кету керек. Рекреация адамның демалысы мен емделуін қамтамасыз ету арқылы олардың рухани және дене күшін қалпына келтіріп, дамыту, денсаулығын нығайтуға мүмкіндік беретін жағдайлар. Рекреациялық ресурстарға табиғат компоненттері: климат жағдайы, жер бедері, минеральды және термальды бұлақтар және өсімдік жамылғысы жатады.

Туристік ресурстардың екінші, әлеуметтік экономикалық тобына белгілі бір аумақтардағы туризмді материалдық техникалық жағынан қамтамасыз етуге бағытталған курорттар, туристік базалар, пансионаттар, демалыс үйлері, санаторийлер, көлік, қонақ үйлер, тамақтану орындары,

қосымша туристік инфрақұрылым арнайы дүкендер, байланыс бөлімшелері, емдеу мекемелері, ойын сауық және сауықтыру спорт орындары тиісті. Бұл топқа сондай ақ қаражаттың және еңбек ресурстарында ұлттық тағамдары мен киімі, киімі, қолөнері, музыка мен фольклор, мен салт сана, әдет ғұрыптары мен халықтық, ұлттық мейрамдарын осы екінші топқа енгізуге болады,

Жалпы туристік ресурстарға баға берген кезде территориялардың табиғи эстетикалық жағатына, олардың тартымдылығы мен қайталанбастығына көңіл бөлу керек, өйткені олар аумақтың туризм бойынша функциональдық сапасын анықтайды. Бұл жерде қолайлы климаттық жағдайлардың ролі жоғары және аумақ табиғатының аз өзгеру жағдайы ерекше орын алады.

Туристік ресурстарға қатысты келесі ұғым туристік мүмкіндіктер. Туристік мүмкіндіктер дегеніміз белгілі бір территориялардағы туризмді қалыптастырып дамытуға мүмкіндік беретін, бірақ әр түрлі себептермен қазіргі жағдайда пайдаланылмай жатқан орындар мен факторлардың жиынтығы. Туристік ресурстардың таралуына байланысты оларды аудандастыру жүргізіледі. Туристік аудандастыру аумақтағы туризмге байланысты географиялық ақпараттардағы жүйелендіруге және ол аумақтағы туризмнің даму заңдылықтарын анықтауға байланысты жеке аудандарды анықтап бөлу. Туристік аудандастыру аймақтың барлық бөліктеріндегі туризмнің жағдайы, факторлары және болашағы жайлы толық талқылауға, оларға байланысты жеке аумақтық ерекшеліктерді бір-бірімен салыстыруға және бұл мәліметтерді туризмді жоспарлау мен басқаруда пайдалануға мүмкіндік береді. Туристік ресурстардың, туристік нысандардың таралуы дегеніміз олардың басқа объектілермен және бір – бірімен салыстырғандағы белгілі бір аумақтардағы орналасу реті мен жиілігі болу жағдайы. Туристік аудандастыру кезінде әр түрлі таксономикалық рангтағы аумақтық бірліктер бөлініп шығарылады. Олар маңыздылығы жағынан жалпы мемлекеттік, дүние жүзілік және жергілікті болуы мүмкін. Ондай аумақтық бірліктерге – туристік – рекреациялық зоналар, туристік аудандар немесе орталықтар жатады.

Туристік рекреациялық зона – көбіне ұзына бойы орналасқан, көрікті, көгалды жерлердегі, тау іші және тау етегі аумақтардағы, көл, бөгендер, теңіз және мұхит жағалауларындағы, темір және автомобиль жолдарының бойындағы, рекреациялық мүмкіндіктерге ие қосымша туристік қызмет орындар бар адамдардың танымдық демалыстық, емделу – сауықтыру қажеттіліктерін қамтамасыз ететін аумақтар. Туристік рекреациялық зоналарға мысал ретінде Іле Алатауы бойын, Шортанды – Бурабай аумағын, Ресей және Грузиялық, қара теңіз жағалауы, Қырым жағалауларын т.б. айтуға болады.

Туристік аудан немесе туристік орталық – өзінде және төңірегіндегі орналасқан туристік ресурстар негізінде туристік экскурсиялық қызмет кешені қалыптасқан аумақ, табиғи нысан, қала. Туристік ресурстар мен нысандар туристік аудандардың немесе орталықтардың төңірегіне шоғырланып орналасады.

#### 4.4. Қонақ үйдің түрлері

Қонақ үйдің халықаралық тәжірибеде төмендегідей типтері жиі кездеседі:

1. Апартамент – сиымдылығы жағынан шағын және орташа болып келеді. Бұл ірі қалалар үшін тән. Сондықтанда ол пәтерлік типтегі қонақ үй болып табылады.

2. Эконом класты қонақ үй – сиымдылығы жағынан шағын немесе орташа мөлшердегі кәсіпорын болып табылады және магистралдарға жақын орналасады.

3. Отель – бұл сиымдылығы жағынан әр түрлі мөлшерде болып келетін қалалардың көрікті ыңғайлы жерлерінде орналасатын және де қонақ жайлылықтың барлық түрі ұсынылатын кәсіпорын.

4. Мотель – автобустерге арналған қонақ үйлер. Қаланың сыртында ірі автомобиль жолдарының бойында орналасады немесе туристік орталықтар құрамына кіреді. Тұрақтары, автожағармайлары, техникалық қызмет орындары бар. Ғимараттың сиымдылығы орташа және шағын деңгейге тән. Ең бастысы бұнда клиенттер өз өзіне жұмыс жасайды.

5. Кемпинг – бұл авто, мото туристерге, вело туристерге арналған қаланың сыртында орналасатын кейде мотельдердің жанында орналасатын лагер типті қонақ үйлер. Туристер жазғы айларда палаткаларда түнеп шығу үшін ғана орналасады. Электрмен, сумен, автомашиналарды жуумен және жөндеумен қамтамасыз етіледі.

Автомашиналар қоятын орындар бар. Бұл жерде қосымша қызмет орындары болуы мүмкін. Кейбір кемпингтер қонақ үйлердің, турбаза – лардың, мотельдердің құрамына кіреді. Кемпингтер туристік маршруттар бойында, курорттық аудандар мен туристік орталықтарда салынады.

6. Түнеу және таңғы ас типіндегі жеке меншік қонақ үйлер – бұл АҚШ – та кең таралған. Сиымдылығы жағынан орташа болып келеді.

7. Пансион – бұл қарапайым стандартты қызметі шектеулі кәсіпорын.

Бірақ бұнын басты ерекшелігінен қонақтарға толық пансион көрсетіледі, яғни 4 уақыттық ас береді.

#### 2.3 Жұлдыздық жүйе

Жұлдыздық жүйе – бұл қонақ үйлердің классификациясы француз ұлттық классификациясы болып табылады. Барлық қонақ үйлер комфорттылығына байланысты категорияларға бөлініп, жұлдыздық жүйемен белгіленеді, әрбір «жұлдыздар» саны да бірқатар көбейеді.

Жұлдыздық жүйе – қонақ үйлік қызметтер нарығын толық қамтуға мүмкіндік. Қонақ үйлік кәсіпорын категориясында міндетті түрде қойылатын шегі қарастырылады:

Қонақ үйлік кәсіпорын категориясында міндетті түрде қойылатын шегі қарастырылады:

- бөлмелер саны
- ғимараттың көлемі

- отельдің құрал – жабдықтары
- жайлылық
- қызмет көрсетулері
- мүгедектерге және қимыл қозғалысы шектеулі болған адамдарға жағдайдың болуы

### **Жұлдызды қонақ үйлердің сипаттамасы мынандай:**

**1 жұлдызды қонақ үйлер** – ғимараты ескі, 1 – 2 қабатты.

Бөлмелерінде терезелері ашылмайды, тек қана барлығына да ортақ коридор, бөлмелердің кіре беріс жері жоқ, полы ағаштан жасалған, холы және сервистік қызмет түрлері жоқ, душы мен дәретханасы бірге орналасқан, саханасы бөлек ғимаратта орналасқан, барлығына да ортақ.

Бөлмелері жиһаздалаған, 1 – 2 төсек орны бар, үлкен столы, орын – дықтары, айнасы, кондиционері, телефоны, тоңазытқышы, радиосы жоқ, электр жүйесі ортақ, төсек орын 12 күнге 1 рет ауыстырылады. Қонақ үй ішінде кезекшілік тек қана күндіз, күндізлікті күзете тін күзеті жоқ.

**2 жұлдызды қонақ үйлер** – ғимараты бетоннан немесе кірпіштен салынған, 1 – 2 қабатты ғимарат. Терезелері ашылады, лоджасы мен балконы жоқ, жалпы кішігірім холы бар. Холы телевизормен және жұмсақ жиһазбен жабдықталған, тек қана жүк тасуға арналған лифті бар. Бөлмелері кішігірім, жиһаздары стандартқа сай емес: төсек, қолдан жасалған гардероб, ванна бөлмесінде айнасы бар; душы дәретханасымен бірге орналасқан. Төсек орын келген мерзімнен бастап 2 рет ауыстыры –

лады; климаты ыстық елдердегі қонақ үйлерде кондиционерлері бар; 1 қол сұртетін орамал мен сабын беріледі; стол, орындықтар, тоңазытқыш, телевизор, қонақ үй ішіндегі телефон, қала бойынша телефон кезекшіде бар; электр жүйесі ортақ. Бөлмені жинау күнделікті жүргізілмейді, асханасы бөлек ғимаратта орналасқан, сервисі көп түрлі емес және ақылы түрде жүргізіледі, қонақ үй ішінде тәулік бойы кезекшілік жүргізіледі.

**3 жұлдызды қонақ үйлер** – ғимараты бетоннан немесе кірпіштен салынған; 2 – 7 қабатты ғимарат, қонақ үйдегі ортақ холы едәуір үлкен; холда бірнеше телевизоры, кішігірім журналды столдары, ыңғайлы жұмсақ креслолары бар. Қонақ үйде тәулік бойы бар жұмыс істейді. Холы және әрбір қабаты жақсы жарықпен қамтамасыз етілген; қабаттарында кілем төселген; жылдам лифті ( жүк және адам тасымалдауға ) бар. Міндетті түрде қонақ үйдің сыртына аты жазылады. Бөлмелер кішігірім жиһаздар –

мен жабдықталған; стандартты жиһаз, стол мен орындықтардың болмауы да мүмкін. Төсек орны бар; электр жүйесі бөлме бойынша барлығына да ортақ. Терезелері ашылады, балкон мен лоджы міндетті түрде емес, қонақ үйдің қабырғалары суреттермен безендірілген, телевизор пульспен; кондиционер, тоңазытқыш, радиоаппаратура бар ( тек қана « люкс » нөмірлер – інде ); қонақ үй бойынша телефон тегін, ал қала бойынша ақылы, дәрет – хананың ішіне: дәретхана қағазы, орамал ( қол сұртетін және моншалық ) сабын ( күнделікті ауыстырылады ). Бөлмені күнделікті жинайды, төсек орын күнделікті ауыстырылып отырылады; туристердің жеке құнды зат –

тарына арналған сейф ұсынылады. Қонақ үйде тәулік бойғы кезекшілік және күзет жүргізіледі.

**4 жұлдызды қонақ үйлер** – ғимараиты міндетті түрде кірпіштен, бетоннан салынады. Міндетті түрде сыртқы бетінде қонақ үйдің аты жазылып және демеушілердің жарнамасы болуы шарт. Қонақ үйдің көп қабаттылығы 17 қабатқа дейін болуы мүмкін. Қонақ үйде жылдам лифті ( 2 жүк тасымалдауға және 4 – 5 адамдарға арналған ). Холы қазіргі заман талабына сай жиһаздалған, қабырғалары әдемі дизайынды, гүлдермен әсемделген, жалпы жақсы жарықпен және радио – видео – телеаппарату – раларымен жабдықталған. Қонақ үйде кешкі мейрамхана, бөлек кафе және түнгі бар жұмыс істейді.

Бассейні қонақ үйдің қасында и орналасқан және бильярд ойнайтын жері бар. Әр қабатта және холында кілем төселінген. Бөлмелері – үлкен кіреберісі жиһаздармен және толық жиһазбен жабдықталған. Міндетті түрде: телевизор, магнитола, кондиционер, тоңазытқыш және төсек асты кілемі бар. Қонақ үй ішінде және қала бойынша телефон соғуға болады. Душы дәретханасымен орналасқан, 2 орамал ( қол сүртетін және моншалық ) беріледі. Төсек орнын күнделікті ауыстырылады, бөлме күн – делікті жинастырылып отырады. Қонақ үй бойынша кезекшілік пен күзет тәулік бойы жүргізіледі. Буклеттер, визиткалар, қала бойынша проспектілер тегін таратылады.

**5 жұлдызды қонақ үйлер** — ғимараты қазіргі заманға талабына сай, көп қабатты. Міндетті түрде сыртқы және ішкі бөлімшелері қымбат соңғы үлгідегі құрылыс материалдарынан салынған. Кіре – берісі есігінде міндетті түрде швейцар тұрады. Кіретін есікткрі бірнеше, территориясы қоршалған және өте жақсы күтілген ( төсеніштер, гүлдер, клумбалар және тағы басқа ), міндетті түрде туристердің және қонақ үйдің көліктері тұратын орын болады. Бір қабаты қызмет көрсетушілерге арналған орындардан, қызмет көрсетуге арналған құрал – жабдықтар ұратын бөлме кеңістіктері мен бөлмелерден тұрады.

Егер де қонақ үйдің қасында теңіз болса, онда бассейн қонақ үйдің қасынан салынады және теңізге шыға алады. Төбесі жабылған бассейн қорғалмалы қақпамен салынады. Бассейн жағалауында көптеген столдар, тербелмелі креслолар, жатқыштар және тағы басқа нәрселер барлығы тегін. Бұл жерде солярий ( ауа ваннасы ) болуы мүмкін. Массаж және тағы басқа қызмет көрсету түрлері бөлек ақылы түрде жүргізіледі.

Дүниежүзілік стандартқа сай, көп қабаттардың бірінде теннис корты, пинг – понг ойынына арналған корт салынады. Сонымен қатар, бильярд және гольф ойындарына арналған залдары бар. Міндетті түрде 2 кон – церттік залдары, біреуі – холдың қасында орналасқан, барлығына да ашық. Бұл концерттік залы едәуір үлкен, бірақ саханасыз, түнгі бағдар – ламасыз, орындықсыз, тегін, ал екінші концерттік залы ақылы. Орталық холл өте үлкен ( ол бүкіл қонақ үйді көрсетеді ): қабырғаларының дизайны, жиһазы, жарықпен қамтамасыз етілуі жақсы ойластырылған.

Қонақ үйдің тұрғындары үшін би кештері тегін, әрбір қабатта барлар тәулік бойы жұмыс істейді.Бөлменің электронды карточкалары беріледі, үлкен каридор, кіре – беріс және нөмерлер дыбыстартқыш жүйесімен жабдықталған.Бөлмелерде әдемі кілемдер мен төсек асты кілемшелері төселген.Ванна, душ, дәретхана бөлек; ( 3 орамал, бөлмеге киетін аяқ – киім, халат, тіс пастасы, сабынсу — бөлмеде міндетті түрде бар ).Нөмірлер қымбат жиһаздармен жабдықталған.Теле – бейне апаратуралары, кондиционер, тоңазытқыш, телефон, сейф – дүниежүзіндегі ең жақсы деген фирмалардың өнімдері осы қонақ үйлерде бар.Кезекшілік пен күзетші қонақ үйде тәулік бойы жұмыс істейді.Бөлмені жинау мен төсек орын ауыстыру күнделікті.Ал « люкс » нөмерлерінде бөлмені жинау және төсек орын ауыстыру қонақтың сұрауы бойынша жүргізіледі.

# ҚОСЫМШАЛАР

"Туристік қызмет туралы заңдар мазмұны"

## **1.Турист құқықтары мен міндеттері**

### **Турист құқығы**

Саяхатқа дайындық кезінде, саяхат кезінде, транзитті қосқанда, туристің төмендегідей құқықтары бар:

оның жеке қауіпсіздігіне немесе мүлкіне қол сұғушылық болған жағдайдағы консулдық, дипломатиялық, басқа мемлекеттік, сонымен қатар туристік өкілдікке хабарласу;

уақытша келген елдегі шығу ережесі туралы, уақытша келген елден шығу, қайтадан келу, жергілікті халықтың салты туралы, діни нанымдар, тамдар, табиғат ескерткіштері, тарихи, мәдени мен өзге де ерекше күзеттегі туристік көрсеткіштер, қоршаған ортаны жағдайы туралы қажетті және деректі ақпарат алуға;

шектеулі шаралар бойынша уақытша келген ел есебімен туристік ресурстарды еркін пайдалану, еркін қозғалуға;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіппен туроператор немесе турагенттің туристік қызмет көрсетуге байланысты келісім-шарт шарттарын орындамаған жағдайдағы шығындар мен моральдық зардаптарын қайтару;

жедел медициналық жәрдем алу;

шетелдік туристерге құқықтық және басқа да көмек түрлерін көрсету құқын алуға Қазақстан Республикасы мемлекеттік билік органдарының ат салысуы;

туристердің қолданыстағы байланыс құралдарын кедергісіз пайдалануы.

туристердің өзге де құқықтары келген елдің заңнамасымен анықталады.

### **Туристің міндеттері**

Саяхат кезінде, транзитті қосқанда, туристің мынадай міндеттері бар:

уақытша келген елдің (орынның) заңын сақтау;

уақытша келген елдегі қоршаған ортаны сақтау, табиғи, тарихи және мәдени ескерткіштеріне ұқыппен қарау;

уақытша келген елдегі шығу және келу, сонымен қатар уақытша келген елден шығу және транзитті жол жүру елдерінің ережелерін сақтау;

саяхат кезінде жеке қауіпсіздігін сақтау.

туристердің басқа да міндеттері уақытша келген елдің заңнамасымен анықталады.

## **2. Негізгі ережелер**

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуметтік туризм - жұмыс берушінің және (немесе) өзге де үшінші тұлғалардың қаражаты есебінен толық немесе ішінара жүзеге асырылатын туризм;

2) гид (гид-аудармашы) - уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстармен таныстыру жөнінде туристерге экскурсиялық-ақпараттық, ұйымдастырушылық қызмет көрсететін, кәсіби даярлықтан өткен жеке тұлға;

3) өз бетінше туризм - туристер өз бетінше ұйымдастыратын, жүріп-тұрудың белсенді тәсілдері пайдаланылатын саяхаттар;



- 4) тур - белгіленген мерзімдер шеңберінде белгілі бір маршрут бойынша жасалатын саяхатты қамтитын туристік қызмет көрсетулер кешені;
- 5) туризм - жеке тұлғалардың уақытша болатын елде (жерде) жиырма төрт сағаттан бір жылға дейін не жиырма төрт сағаттан аз уақытқа созылатын, бірақ түнейтін, ақылы қызметпен байланысты емес мақсаттағы саяхаты;
- 6) туризм нұсқаушысы - осы қызмет түріне лицензиясы, тиісті біліктілігі және туристік маршруттармен жүріп өту тәжірибесі бар, кәсіби даярлықтан өткен жеке тұлға;
- 7) турист - уақытша болатын елге (жерге) жиырма төрт сағаттан бір жылға дейінгі кезеңге келетін және ақылы қызметпен айналыспай, сол елде (жерде) сауықтыру, танымдық, кәсіби-іскерлік, спорттық, діни және өзге де мақсаттарда кемінде бір рет түнейтін жеке тұлға;
- 8) туристерді орналастыру орындары - мейманханалар, мотельдер, кемпингтер, туристік базалар, қонақжайлар, демалыс үйлері, пансионаттар және туристердің тұруы мен оларға қызмет көрсету үшін пайдаланылатын басқа да үй-жайлар мен ғимараттар;
- 9) туристік агенттік қызмет (турагенттік қызмет) - қызметтің осы түріне лицензиясы бар жеке және (немесе) заңды тұлғалардың (бұдан әрі - турагент) туристік өнімді ұсыну және өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызметі;
- 10) туристік ваучер - турдың құрамына кіретін қызметтерге туристің құқығын және олардың ақысы төленгенінің фактісін растайтын құжат;
- 11) туристік жолдама - туристік қызмет көрсету кешенін алуға құқықты растайтын құжат;
- 12) туристік қызмет - жеке немесе заңды тұлғалардың туристік қызмет көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметі;
- 13) туристік қызмет көрсету - туристің саяхаты кезеңінде және осы саяхатқа байланысты оның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ұсынылатын қажетті қызмет көрсетулер (орналастыру, тасымалдау, тамақтандыру, экскурсиялар, туризм нұсқаушыларының, гидтердің (гид-аудармашылардың) қызмет көрсетулері және сапар мақсатына байланысты көрсетілетін басқа да қызметтер);
- 14) туристік қызмет көрсетуге арналған шарт - өтемді туристік қызмет көрсету бойынша туристік қызметті жүзеге асыратын тұлға мен туристің арасындағы келісім;
- 15) туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар - турагенттер, туроператорлар, туризм нұсқаушылары, сондай-ақ өз бетінше туристік қызмет көрсететін гидтер (гид-аудармашылар), экскурсоводтар;
- 16) туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың мемлекеттік тізілімі - туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды есепке алу құжаты;
- 17) туристік маршрут - туристің (саяхат кезінде) танымдық, спорттық, эстетикалық не өзге де мақсаттармен өту, қарау үшін белгіленген барлық географиялық мекендердің, болу объектілерінің тізбесін көрсететін жүру жолы;
- 18) туристік маршруттар мен соқпақтардың мемлекеттік тізілімі - туристік маршруттар мен соқпақтарды есепке алу құжаты;

- 19) туристік операторлық қызмет (туроператорлық қызмет) - қызметтің осы түріне лицензиясы бар жеке және (немесе) заңды тұлғалардың (бұдан әрі - туроператор) өздерінің туристік өнімдерін қалыптастыру, ұсыну және туристік агенттер мен туристерге өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызметі;
- 20) туристік өнім - саяхат барысында туристің қажеттіліктерін қанағаттандыруға жеткілікті туристік қызмет көрсетулер жиынтығы;
- 21) туристік өнімді ұсыну - туристік қызмет көрсетуге бағытталған шаралар (жарнама, мамандандырылған көрмелер мен жәрмеңкелерге қатысу, туристік өнімді өткізу жөніндегі туристік ақпарат орталықтарын ұйымдастыру, каталогтар, буклеттер шығару және тарату) кешені;
- 22) туристік ресурстар - туристік көрсету объектілерін қамтитын табиғи-климаттық, тарихи, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру объектілері, сондай-ақ туристердің рухани қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын, олардың дене күшін қалпына келтіріп, дамытуға жәрдемдесетін өзге де объектілер;
- 23) туристік нарық - туристік қызмет саласындағы тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) мен ақша айналысы;
- 24) туристік сала - негізгі қызмет саласы туристік қызмет көрсету, туристік өнім жасау, оларды ішкі және халықаралық нарықтарда ұсыну мен өткізу болып табылатын экономика саласы;
- 25) туристің төтенше жағдайға ұшырауы - туристің саяхаттан оралмауы, сондай-ақ туристің қаза болуына немесе оның денсаулығына зиян келтіруге әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін авария, зілзала немесе апат нәтижесінде туындаған, саяхат кезінде белгілі бір аумақта болған оқиға;
- 26) уәкілетті орган - туристік қызмет саласындағы мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;
- 27) экскурсант - уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстарды танымдық мақсатта жиырма төрт сағаттан аспайтын уақытқа барып көретін жеке тұлға;
- 28) экскурсия - жеке тұлғаның уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстарды танымдық мақсатта жиырма төрт сағаттан аспайтын уақытқа барып, көруі;
- 29) экскурсиялық қызмет - уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстарға танымдық мақсатта келуді ұйымдастыру жөніндегі кәсіпкерлік қызмет, ол туристерді орналастыру (түнету) жөніндегі қызметті көздемейді және жиырма төрт сағаттан аспайтын мерзімді қамтиды;
- 30) экскурсовод - уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстармен таныстыру жөнінде туристерге экскурсиялық-ақпараттық, ұйымдастырушылық қызмет көрсетуге сай біліктілігі бар, кәсіби даярлықтан өткен жеке тұлға.

2-бап. Қазақстан Республикасының туристік қызмет туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының туристік қызмет туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, осы Заңнан, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта Қазақстан Республикасының туристік қызмет туралы заңдарындағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шартта оның қолданылуы үшін заң шығарылуы талап етілетін жағдайларды қоспағанда, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Туристік қызметтің субъектілері мен объектілері

1. Туристік қызмет субъектілеріне:

1) туристік операторлар (туроператорлар);

2) туристік агенттер (турагенттер);

3) гидтер (гид-аудармашылар), туризм нұсқаушылары, экскурсоводтар;

4) туристер және олардың бірлестіктері;

5) экскурсанттар;

6) туристік қызмет саласындағы өзге де бірлестіктер;

7) туристік қызмет саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін мемлекеттік органдар жатады.

2. Туристік қызмет объектілері - табиғи объектілер және табиғи-климаттық аймақтар, көрікті орындар, тарихи және әлеуметтік-мәдени көрсету объектілері және саяхат кезінде туристердің қажеттерін қанағаттандыра алатын өзге де объектілер.

4-бап. Туристік индустрия

1. Туристік индустрия - туристерді орналастыру құралдарының, көліктің, қоғамдық тамақтандыру объектілерінің, ойын-сауық объектілері мен құралдарының, танымдық, сауықтыру, іскерлік, спорттық және өзге де мақсаттағы объектілердің, туристік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, сондай-ақ экскурсиялық қызмет және гидтер (гид-аудармашылар) қызметін көрсететін ұйымдардың жиынтығы.

2. Туристік индустриядағы қызмет көрсету түрлері:

1) турлар ұсыну жөніндегі қызмет көрсету;

2) тұратын орындар беру жөніндегі қызмет көрсету;

3) тамақтандыру жөніндегі қызмет көрсету;

4) ақпараттық, жарнамалық қызмет көрсету;

5) көлік қызметін көрсету;

6) ойын-сауық;

7) өзге де туристік қызмет көрсетулер.

5-бап. Туристік ресурстар

Қазақстан Республикасының туристік ресурстарын сыныптау мен бағалау, олардың қорғалу режимі, қоршаған ортаға түсетін ауыртпалықтың жол берілетін шегін ескере отырып пайдалану және Қазақстан Республикасының туристік ресурстары тұтастығының сақталу тәртібі, оларды қалпына келтіру жөніндегі шаралар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен айқындалады.

6-бап. Туризмнің ұйымдық нысандары мен түрлері

1. Халықаралық және ішкі туризм туризмнің ұйымдық нысандары болып танылады.

2. Халықаралық туризм:

1) келу туризмін - Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұрмайтын адамдардың Қазақстан Республикасы шегіндегі саяхатын;

2) шығу туризмін - Қазақстан Республикасының азаматтары мен Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын адамдардың басқа елге саяхатын қамтиды.

3. Ішкі туризм - Қазақстан Республикасының азаматтары мен оның аумағында тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының шегіндегі саяхаты.

4. Туризмнің түрлері - әлеуметтік, экологиялық, шытырман оқиғалы, спорттық, іскерлік, конгрестік, емдеу-сауықтыру, мәдени-танымдық, діни және басқа туризм.

7-бап. Туристік индустриядағы көрсетілетін қызметтер экспорты мен импорты

1. Қазақстан Республикасының аумағына келу туризмін ұйымдастырумен байланысты туристік қызмет көрсету туристік қызмет көрсету экспорты болып табылады.

2. Басқа елге шығуға байланысты туристік қызмет көрсету туристік қызмет көрсету импорты болып табылады.

2-тарау. Туристік қызметті мемлекеттік реттеу

8-бап. Туристік қызметті мемлекеттік реттеудің принциптері

Қазақстан Республикасында туристік қызметті мемлекеттік реттеудің негізгі принциптері мыналар болып табылады:

1) туристік қызметке жәрдемдесу және оның дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау;

2) туристік қызметтің басым бағыттарын айқындау және қолдау;

3) Қазақстан Республикасы туралы туризм үшін қолайлы ел деген түсінікті қалыптастыру;

4) Қазақстан Республикасының туристері мен туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларының және олардың бірлестіктерінің қауіпсіздігін, құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың мүдделері мен мүлкін қорғау.

9-бап. Туристік қызметті мемлекеттік реттеудің мақсаттары, басым бағыттары және тәсілдері

1. Туристік қызметті мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаттары:

1) азаматтардың туристік қызмет саласында демалу, еркін жүріп-тұру құқықтарын қамтамасыз ету;

2) қоршаған ортаны қорғау;

3) туристерге тәрбие, білім беруге және оларды сауықтыруға бағытталған қызмет үшін жағдайлар жасау;

4) саяхат жасау кезінде азаматтардың қажеттерін қамтамасыз ететін туристік индустрияны дамыту;

5) туристік индустрияны дамыту есебінен жаңа жұмыс орындарын құру, мемлекеттің және Қазақстан Республикасы азаматтарының табыстарын молайту;

6) халықаралық туристік байланыстарды дамыту болып табылады.

2. Туристік қызметті мемлекеттік реттеудің басым бағыттары:

- 1) туризмді Қазақстан Республикасы экономикасының жоғары рентабельді саласы ретінде қалыптастыру;
- 2) туристік ресурстарды пайдаланған кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүдделерін ескеру, табиғи және тарихи-мәдени мұраларын қорғау;
- 3) балалардың, жасөспірімдердің, жастардың, мүгедектер мен халықтың күнкөрісі төмен топтарының арасында туристік және экскурсиялық жұмысты ұйымдастыру үшін жеңілдікті жағдайлар енгізу;
- 4) туристік индустрияны инвестициялау үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- 5) ішкі, келу, әлеуметтік және өз бетінше туризмді қолдау және дамыту;
- 6) ішкі және халықаралық туризм қажеттерін қамтамасыз ету үшін туристік қызметтің тиімді жүйесін құру болып табылады.

3. Туристік қызметті мемлекеттік реттеу:

- 1) туризм индустриясын, туризмге инвестицияларды дамыту жөніндегі саясатты айқындау;
- 2) туристік қызмет саласындағы қатынастарды жетілдіруге бағытталған нормативтік құқықтық актілерді қабылдау;
- 3) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы және техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес туристік қызметті лицензиялау, туристік қызмет саласындағы стандарттау;
- 4) бюджеттік заңдарға сәйкес туризмді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға бюджет қаржыларын бөлу;
- 5) туристік қызметті кадрмен қамтамасыз етуге жәрдемдесу;
- 6) отандық туристердің, туроператорлар мен турагенттердің және олардың бірлестіктерінің халықаралық туристік бағдарламаларға қатысуына жәрдемдесу;
- 7) ішкі және дүниежүзілік туристік рыноктарда туристік өнімді ұсынуға жәрдемдесу;
- 8) елдің туристік ресурстарын ұтымды және тиімді пайдалануды, есепке алу мен қорғауды қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

10-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) туризмді дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты айқындайды және іске асырады;
- 2) өз құзыреті шегінде туристік қызмет саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді шығарады;
- 3) туристік қызмет саласындағы ғылыми қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесін құрады;
- 4) туристік қызметті лицензиялау ережелерін және туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;
- 5) туристік қызмет көрсетудің үлгі шартын бекітеді;
- 6) уәкілетті органның ұсынуы бойынша туризм жөніндегі кеңестің дербес құрамын және ол туралы ережені бекітеді;

- 7) шет мемлекеттермен туризм саласындағы ынтымақтастықты және өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асырады;
- 8) туристік қызмет көрсету ережелерін бекітеді;
- 9) туристік ақпарат орталықтарын құрады;
- 10) туризм саласындағы мамандарды кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға қойылатын жалпы талаптарды айқындайды.

11-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

- 1) Қазақстан Республикасында туристік саланы дамыту бағдарламасын әзірлейді;
- 2) туристік салаға инвестициялар тарту жөніндегі бірыңғай саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысады;
- 3) туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты, туризм мен туристік индустрияны дамытудың стратегиясын, мемлекеттік, салалық (секторлық) бағдарламаларын іске асырады;
- 4) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді, заңнаманы қолдану тәжірибесін жинақтайды және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;
- 5) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес турагенттік және туроператорлық қызметті лицензиялауды жүзеге асырады;
- 6) туристік қызмет саласындағы салааралық және өңіраралық үйлестіруді, оның ішінде облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдіктерінің туризмді дамыту бағдарламалары мен жоспарларын үйлестіруді, туристік қызмет саласындағы меншік нысандарына қарамастан, отандық, шетелдік және халықаралық туристік, қоғамдық және басқа да ұйымдар мен туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалармен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асырады;
- 7) соттарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап-арыздар береді;
- 8) Қазақстан Республикасының туристік қызмет туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 9) облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдігінің туристік қызметті лицензиялау ережелерін туризм нұсқаушысы көрсететін қызметтерді лицензиялау бөлігінде сақтауын бақылауды жүзеге асырады;
- 10) өз құзыреті шегінде туристік қызмет саласындағы халықаралық шарттарды әзірлейді, жасасады және орындайды, сондай-ақ халықаралық ұйымдарда және халықаралық іс-шараларда мемлекеттің туризм саласындағы мүдделерін білдіреді және олардың жұмысына қатысады;
- 11) туристерді орналастыру орындарын сыныптау ережелерін бекітеді;
- 12) туристік қызмет саласындағы мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттыру ережелерін бекітеді;

- 13) туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың мемлекеттік тізілімін және туристік маршруттар мен соқпақтардың мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу ережелерін бекітеді;
- 14) техникалық реттеу және метрология жөніндегі уәкілетті органмен бірлесе отырып, туристік қызмет саласындағы стандарттау аясындағы қызметті реттейді;
- 15) Қазақстан мен оның туристік мүмкіндіктері туралы ақпаратты халықаралық туристік нарықта және мемлекет ішінде, оның ішінде туристік қызмет саласындағы республикалық және халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелер өткізу жолымен таратады;
- 16) туризм мен туристік индустрияны дамытудың стратегиялық бағыттарын кешендік талдауды, болжауды жүзеге асырады және туристік саланы дамытудың жай-күйіне мониторинг жүргізеді;
- 17) туристік нарықты зерттеуге, туристік қызмет саласындағы баспа, жарнамалық және картографиялық өнімге мемлекеттік тапсырысты орналастырады;
- 18) туристік саланы дамытуға үлес қосқан тұлғаларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттауға және құрметті атақтарын беруге ұсынады;
- 19) жеке құрамды және туризм жөніндегі кеңес туралы ережені әзірлейді және бекітуге ұсынады.
- 20) «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді.

12-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының (әкімдіктерінің) құзыреті

1. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдігі:
  - 1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады және үйлестіруді жүзеге асырады;
  - 2) туризмді және туристік индустрияны дамыту стратегиясы, мемлекеттік, салалық (секторлық) бағдарламалары аясында туризмді дамытудың өңірлік бағдарламалары мен жоспарларын әзірлейді;
  - 3) өңірлік туризмді дамыту бағдарламаларын орындауға бағытталған іс-шаралардың атқарылуын жүзеге асырады;
  - 4) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес туризм нұсқаушысы көрсететін қызметтерді лицензиялауды жүзеге асырады;
  - 5) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында:

туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне;  
туристік маршруттар мен соқпақтардың мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін қажетті ақпаратты қалыптастырады және уәкілетті органға тоқсан сайын береді;

- 6) туристік қызметтер көрсету нарығына талдау жасайды және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында туризмнің дамуы туралы қажетті мәліметтерді уәкілетті органға табыс етеді;
- 7) облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) туристік ресурстарды қорғау жөніндегі шараларды әзірлейді және енгізеді;
- 8) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында туристік индустрия объектілерін жоспарлау және салу жөніндегі қызметті үйлестіреді;
- 9) балалар мен жастар лагерьлерінің, туристер бірлестіктерінің қызметіне және өз бетінше туризмді дамытуға жәрдем көрсетеді;
- 10) туристік қызмет субъектілеріне туристік қызметті ұйымдастыруға байланысты мәселелерде әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;
- 11) халықты жұмыспен қамтуды ұлғайту шарасы ретінде туристік қызмет саласындағы кәсіпкерлікті дамытады және қолдайды;
- 12) туристік ақпаратты, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері мен туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпаратты береді;
- 13) туристік ақпарат орталығын құрады.

#### 13-бап. Туризм жөніндегі кеңес

1. Туризм жөніндегі кеңес консультациялық-кеңесші орган ретінде Қазақстан Республикасының Үкіметі жанынан құрылады.

2. Туризм жөніндегі кеңестің құрамына уәкілетті органның және мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері, сондай-ақ туристік қызмет саласындағы қауымдастықтар мен өзге де бірлестіктердің өкілдері кіреді.

3. Туризм жөніндегі кеңес:

1) Туризмді дамыту, экономиканың осы саласына инвестициялар тарту, Қазақстан Республикасына келудің қолайлы режимін қамтамасыз ету және туристердің шетелге шығуы үшін жағдайлар жасау, республиканың туристік имиджін қалыптастыру, туристік қызмет саласында мамандар даярлау мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлейді;

2) туристік қызмет көрсетуді тұтынушыларды қызмет көрсету сапасы туралы хабардар ету мақсатында өзі бекіткен тәртіп бойынша туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың рейтингін жүргізеді.

#### 14-бап. Туристік ақпарат орталығы

Туристік ақпарат орталығы Үкімет және (немесе) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдігі құратын, Қазақстан мен оның туристік әлеуеті туралы ақпаратты қалыптастыру және тарату, туристік өнімді халықаралық туристік нарықта және мемлекет ішінде ұсыну үшін, сондай-ақ туристік қызмет саласында жаңа кәсіпкерлік субъектілерін дамытуға жағдай жасау және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында құрылатын ұйым болып табылады.



## Қорытынды

Туристiк iс-әрекет кең мағынада туристiк қызметтi тұтынушы және олардың жанұясы мүшелерiне туристiк жорық және экскурсиялық арқылы туристiк-экскурсиялық, дене тәрбиелiк-сауықтыру, мәдениетi-бұқаралық қызмет етуге бағытталған белсендi демалыс ұйымдастыруды көздейдi. Ауқымды мағынада туристiк iс-әрекеттiң негiзiнде жорықтардың, саяхат жасаудың, туристiк жарыстардың, жорыққа дайындықты оқытудың, бағдарлау тәсiлдерiн, өлкетану негiздерiн және туризмнiң басқа да элементтерiнiң бiрнеше түрлерiн ұйымдастыратын және туристiк жұмыстың дұрыс жүргiзiлуiн қамтамасыз ететiн, соның iшiнде жорықтардың кестесi мен желiсiн құру, лагерь алаңдарын ұйымдастыру, туристердiң қауiпсiздiгiн қамтамасыз ету және оларды қоғамдық пайдалы жұмыстарға қатыстыру және тағы басқа шараларды атқарумен түсiндiрiледi.

Туристiк жорық туристердi табиғатпен, табиғи байлықтармен, мәдени-тарихи ескерткiштермен таныстырады, дене шынықтыру, спорт және туризмдi тұтынушылардың күнделiктi тұрмысына енгiзуге септiгiн тигiзедi. Сондай-ақ оларды физкалық дамытады және рухани байытады, ой-өресiн кеңейтедi, отансүйгiштiкке тәрбиелейдi, ұжымдастық, тәрiптiлiк, табандылық, шыдамдылық сияқты сапарларын дамытады. Туристiк жорықтарға қатысу арқылы бiз жаңа жерлер, елдi мекендер көрiп, танымымызды, көзқарасымызды ұлғайта аламыз. Бiз бiлмейтiн елiмiздiң елеулi де, маңызды жерлерi өте көп. Туристiк жорықтар арқылы адамның рухани ой-өресi мен дүниетанымы кеңейедi, адам аяғы баспаған сүрлеу соқпақтарымен жүре отырып, көптеген қызықтарға кенелуi мүмкiн. Туризм ең алдымен география ғылымымен байланысты, өйткенi география аумақтық жеке ерекшелiктердi, оның iшiнде туристiк ресурстар мен нысандардың белгiлi бiр аумақта таралу ерекшелiктерiн зерттейтiн болады.

Туристiк жорықтарға қатысы отыра, қазiргi жас жеткiншектер белгiлi деңгейде оқу-тәрбиелiк бiлiм алады. Туризмнiң белсендi түрiне, туристiк жорықтарға, әсiресе көп күндiк категориялы немесе спорттық жорықтарға дайындық кезiнде және жорықтардағы энергия шығыны мен тамақтануды ескеру, есептеу өте маңызды. Туристiк-өлкетану iс-әрекеттер арқылы өскелең жас ұрпаққа өз елiмiзде, туған табиғатымыздың көркем айшықтарының негiзiнде ұлттық тәрбие, дiни тұрғыдан халықтық сана-сезiм, наным iс-әрекеттерiн қалыптастырумыз керек. Ұлттық тәрбие дегенiмiздiң өзi патриоттық, яғни Отансүйгiштiк тәрбиемен тығыз байланысты. Әрбiр азамат Қазақстанды туған отанымыз деп қабылдап, оған деген сүйiспеншiлiгiн бiлдiре отырып, елiнiң дамуына үлес қоса бiлсе, туристiк жорықтарда биiк шыңдарды бағындыра отырып ұлттық нақышта бейнеленген төл туымызды желбiрете қадап, келер ұрпаққа үлгi бола бiлуiмiз керек.

## Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. « Қонақ үй шаруашылығы » Мазбаев О.Б., Омаров Қ.М. Оқу құралы. 2007 жыл.
2. « Туризм және өлкетану негіздері » Мазбаев О.Б., Атейбеков Б.Н., Асубаев Б.К. Оқу құралы. 2006 жыл
3. Қазақстан Республикасының « Туризмді дамыту тұжырымдамасы » Астана 2001 жыл.
- 4.Бейсенова Ә., Самақова Т., Шілдебаев Ж. Экология және табиғатты тиімді пайдалану. – Алматы, 2004.
- 5.Назарова Н.С. Охрана окружающей среды и экологическое воспитание студентов. – М., Высшая школа, 1992.
6. Мазбаев О.Б. Сб. инструктивно-методических материалов по туристско-краеведческой работе со школьниками. Изд. Респ. Учеб. метод. кабинет. РУМК, Алматы, 1989.
7. «Туристік энциклопедия». Москва, 1993.
8. В.Г Гуляев «Организация туристской деятельности». Москва, 1996.
9. Ердаветов С.Р. «География туризма». Алматы, 2001.
10. А.Вододохов. «Горный туризм». Алматы, 1974.
11. Накатков Ю.С. «История туризма Казахстана». Алматы, 2001.
12. В.И Попов, Г.С Гуляева және басқалар. «Рекреационная оценка горных территорий Казахстана». Алматы, 2003.
13. А.А Саипов. «Научно-педагогические основы подготовки менеджеров туризма». Алматы, 2000.
14. Мазбаев О.Б. «Туристско-краеведческая работа учителя» РУМК, Алматы, 1990.
15. Қазақстан Республиканың «Туристік қызмет туралы» заңы, Астана 2001.
- 16.Нысанбаев С.Н., Садыханова Г.А. Маркетинг негіздері. — Алматы: Қазақ университеті, 2000. — 111 бет.
- 17.Маркетинг. Учебник под ред. Романова А.Н. М.: Банки и биржы, ЮНИТИ, 1995.-560 с.
- 18.Сапрунова В.Б. Туризм: Эволюция. Структура. Маркетинг. — М.: Ось, 1997. 89с.
- 19.Экономика современного туризма / под ред. Карповой. М.: Финансы и статистика, 1998. — 225 с.
- 20.Котлер Ф. Маркетинг негіздері: ағыл. ауд. — Алматы: «Жазушы», 2000. - 550 бет.
- 21.Пузикова Е.П., Честников В.А. Международный туристический бизнес. М.: 1997.-35 с.
22. Ердаулетов С.Р. География туризма Казахстана. Алматы. Ғылым. 1992.
23. Ердаулетов С. Р. Казахстан туристский. Алматы. Қайнар.1989.
24. Ердаулетов С. Р. Туризм индустрия серезная. Казахстан: Экономика и жизнь.1993.К 8 стр.61.
25. Ердаулетов С. Р. Основы географии туризма. Учебное пособие.

Алматы Қайнар.1991.

26. Мазбаев О.Б. Туристік рекреациялық ресурстар «Қазақ энциклопедиясы». Алматы, 8 том 2006

27. Квартальников В. А. Туризм экскурсии, обмены: Современная практика М. 1993.

28. Ким А. Г. Рекреационная оценка территории и развития туристско-рекреационного хозяйства в Казахстане. Алматы. Рауан. 1997.

## Мазмұны

|  |    |
|--|----|
| Кіріспе.....   | 3  |
| I-тарау. Жорықтарды ұйымдастырудың маңыздылығы   |    |
| 1.1.Туристік өлкетану жорықтарының әлеументтік қоғамдық маңыздылығы.....   | 4  |
| 1.2. Өлкетанудың зерттеу нысандары.....  | 9  |
| 1.3. Қазақстанда өлкетанудың зеріттелуі.....   | 13 |
| 1.4. Маршруттық құжаттарды толтыру.....  | 19 |
| 1.5. Туристің құрал- жабдығы.....  | 22 |
| 1.6. Туризмнің даму тарихы. Ежелгі дүние туризмі. Туризмнің пайда болуы.....   | 28 |
| II тарау. Жорықтар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету.  |    |
| 2.1.Турист гигиенасы.....  | 40 |
| III тарау. Топографиялық негіздер және бағдарлау   |    |
| 3.1. Таудағы қауіп-қатерлер.....   | 50 |
| 3.2. Туристік жорықтардағы алғашқы жәрдем.....   | 53 |
| 3.3. Туристік рекрация теориялық – әдіснамалық аспектілер.....   | 57 |
| IV тарау. Туризмде табиғат көрінісін тамашалаудың маңыздылығы  |    |
| 4.1. Жаяу туризмде таулы көріністі тамашалаудың маңыздылығы.....   | 61 |
| 4.2. Бүгінгі туризм, яғни жиһангерлік және саяхатшылық–бұл мемлекет пен қоғамның экономикалық әлеуметтік дамуының, маңызды факторы. Қазақстан Республикасында туризмдік жорықтардың маңыздылығы..... | 63 |
| 4.3. Туризмнің ресурстық факторлары.....   | 73 |
| 4.4. Қонақ үйдің түрлері.....  | 76 |
| Қосымшалар.....  | 80 |
| Қорытынды.....   | 90 |
| Пайдаланған әдебиеттер тізімі.....   | 91 |